Сол сияқты П.И. Пашиноның «Туркестанский край в 1866 г.» (Пашино, 1868:127) деген еңбегінде дала қазақтары мен отырықшы қала халықтарының тұрмысы мен мәдениетін сипаттай отырып, Ташкент уезі қазақтарының рулық құрамы, қоныстары, кәсібі жөнінде және Шыршық өзені бойын негізінен қазақтың қаңлы және шанышқылы рулары мекендегенін айта келіп, олардың антропологиясы яғни бет пішіні өзбектермен ұқсас екендігін, оның ұқсас болуы бұл халықтардың этногенетикалық түп тамырының бір екендігіне мән береді. Орта Азиядағы халықтардың облыс, уездер бойынша сандық, этникалық құрамы жөніндегі мәліметтерді М.А. Терентьевтің «Статистические очерк Средне-Азиатской России» еңбегінде: «Шыршықтың арғы бетіне шанышқылы руы ғана өткен. Ангренге жақындаған сайын қазақтар сарттар мен құрамаларға қарағанда азая түседі», - деп көрсетеді (Терентьев, 1874:73). Сол сияқты орыс отаршыларының Орта Азияны отарлау саясаты жергілікті халықтардың құқығын таптау, т.б. мәліметтер М.А. Терентьевтің «История завоевания Средней Азии» (Терентьев, 1906), Н. Дингельштеттің «Наша колонизация в Средней Азии» (Дингельштет, 1892), т.б. еңбектерінде ашық баяндалған. Бұл зерттеулерде патша өкіметінің жергілікті халықты менсінбей, отаршылық саясатты қандай тәсілдермен жүзеге асырғандығы жөнінде жазылады. Еңбекте патша өкіметінің Орта Азияны жаулап алу тарихы баяндалғанмен ондағы халықтардың отаршыларға қарсы ниеті көзқарасы жеткіліксіз мағынада көрсетілген.

Түркістан өлкесінің өкімшілік-аумақтық бөлінуін, оның ішінде Сырдария облысының уездерге, болыстықтарға бөлінуін, ондағы халықтардың этникалық құрамын, санын, орналасуын, тұрмысы мен мәдениетіндегі этнографиясын, Ташкент уезіндегі 28 болыстықтың 17-інде қазақтар тұратындығын Ю.Я. Янсонның редакциялық басшылығындағы «Записки императорского русского географического общества» деген еңбегінде (Янсон, 1874) баяндалады.

Өзбекстандағы қазақтардың мал шаруашылығына байланысты мағлұматтар, мәселен көші-қон жағдайлары мен жайылымдары, оларда төрт түлік мал түрлерінің қайсысы көбірек өсірілетінділігі, оларды бағу, күту тәртібі жайлы А.К. Геинстің «Очерки Туркестана. Степь и кочевники» (Геинс, 1874) деген еңбегінде жан-жақты баяндалады.

Л.Ф. Костенко «Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа» деген еңбегінде (Костенко, 1880) Түркістан генерал губернаторлығының облыстардағы халық саны, ұлттық құрам бойынша көрсетіліп, олардың негізгі шаруашылығы, материалдық мәдениеті, қазақ халқының мал шаруашылығындағы негізгі өсіретін мал түліктері, баспана, киімдері жөнінде жан-жақты мағлұматтар береді. Сонымен қатар мал түліктері мен егістік өсіруде уездер бойынша үлес салмағы таразыланған.

Қазақтардың негізгі шаруашылығы, кәсібі жөнінде «Хозяйственный быт киргизского, сартовского и русского населения - юго-восточной части Чимкентского уезда Сырдаринской области» деген еңбекте (Юферов, 1910) қазақтар мен сарттардың шаруашылығын салыстырып, егістік егудегі әдіс тәсілдер, еңбек құралдарын жан жақты сипаттай отырып, сарттардың ықпалымен қазақтар да мақта өсірумен айналысқанын көрсетеді.

1870жж. Әмудария өңірінде тұрған қазақтардың орналасуы, шаруашылығы, өлкенің топографиялық сипаттамасымен, ондағы халықтардың өзара қарым қатынасы жөніндегі мәліметтер жөнінде А.В. Каульбарс: «1873 ж. Әмударияның батыс ағысында қазақ рулары: байұлының адай, алаша рулары,

Үлкендарияның жоғары және төменгі ағысында жетірудың табын руы және өлімұлының шекті руы, ал қоңыраттың оңтүстігіне қарай негізінен адайлар, Шуманай мен Қиятжарғанның жоғары және орта ағысында қарақалпақтармен аралас адай және алаша, Шортамбайдың сол жақ жағалауында табындар, оңтүстігіне қарай қаракесек руы орналасқан. Лаудан бассейнінде (бұрынғы Айбұғыр заливінде) адай, алаша, табын және шектілер мекендеді», - деп жазады (Каульбарс, 1881:436). арнайы жүргізілген экспедиция материалдарынан, И. Гейер (Гейер, 1908), К. Пален (Пален, 1910) қазақ халқының шаруашылығына қатысты мақалаларын жазса, А. Хорошхиннің (Хорошхин, 1876) Хиуа хандығындағы қазақтардың рулық құрамы, орналасуы, шаруашылығы және тұрмысы жөнінде мәліметтер береді.

А. Аристов Түркістан өлкесіндегі оның ішінде Өзбекстандағы қазақтардың рулық құрамы мен орналасуы, рулардың ежелгі тайпалармен байланыстылығы жөнінде «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» деген еңбегінде: «Қаңлы тайпалары ғасырлар бойы оңтүстік-батысқа қоныс аудару қалпын жалғастыра отырып, қазіргі кезеңде туыс шанышқылы тайпаларымен бірге Сырдария және Шыршықты мекендейді. Олар Сырдарияның орта ағысындағы мекенін сақтап қалып, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының қалыптасуында, олардың саяси және этникалық тағдырында маңызды роль атқарған», - деп жазады (Аристов, 1897:76). Ол қазақ руларының шығу төркінін де талдаған, оның еңбегі қазақ халқының шығу тегіне қатысты зерттеулеріде әлі күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. бас кезеңінде қазақ отбасына байланысты жазылған этнографиялық материалдар баршылық деуге болады. Ә. Диваев (Диваев, 1889) қазақ этнографиясына, рухани мәдениетіне байланысты 130 дан астам зерттеуді басып шығарды. Ол әсіресе қазақ тұрмысын, ондағы үйлену, бала өсіру, оны тәрбиелеуге байланысты әдет – ғұрыптарды, қазақ халқындағы діни сенім – нанымдарды шынайы көрсетумен бірге мал өсіру, оны бағып – күту барысында жасалатын әр түрлі ырым – жырымдар, малда кездесетін ауру түрлері, оларды емдеу әдістері жайында жан-жақты мәліметтер береді.

Өзбекстандағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын талдап, жүйелі жазуда Н.И. Гродековтің «Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области» деген еңбегінің маңызы зор (Гродеков, 1889). Ол Сырдария облысы оның ішінде Ташкент уезі қазақтарының тұрмысы мен мәдениет ерекшеліктерін ашып көрсетуге тырысқан. Зерттеуде Ташкент уезі қазақтарының орналасу аймағын көрсете отырып, олардың үйлену, ондағы «қалың малдың» мәнін оның мөлшерін айқындап, ғылыми тұжырымдар жасап, бала туу және оны тәрбиелеу, өлікті жөнелтуге байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты көрсете отырып, оларды басқа да қырғыз, өзбек халықтарының мәдениетімен салыстырады.

Сондай-ақ, Түркістан өлкесіндегі Ташкент, Ходжент, Жызақ, Қаттақорған, т.б. уездегі қазақтардың жайлау-қыстауларының орны, көші-қон жолдары мен оның тәртібі, тұрмыс салты, қазақ, қырғыз атауларының шығу төркіні, Сырдария мен Амудария бойын мекендеген халықтардың ирригациялық жетілдірілген тәсілдерін менгергендігі туралы, су арналарын пайдалану салаларында патша өкіметінің әкімшілік-аумақтық жағынан бөлу саясатының іске аспағандығы жайындағы тұжырымдарды Н.А. Маевтың (Маев, 1872) еңбектерінен білуге болады.

Қазақ халқының этникалық тарихын, этнографиясын зерттеуде орыс және

батыс зерттеушілерінің өзіне дейін айтылған пікірлерін талқыдан өткізіп, жүйелі түрде зерттеп, тұрмыс салтының ерекшеліктерін ашып, ғылыми тұжырымдар жасаған алғашқы еңбектердің бірі, үш бөлімнен тұратын А. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегі де қазірге дейін қазақ халқының этникалық тарихы мен этнографиясын жазуда құнды дерек болып табылады (Левшин, 1832). Мәселен, А.И. Левшин қазақтардың Ташкент иелігі аймағында әлімсақтан бері өмір сүріп, Ташкентті өзіне қарату мақсатында соғыс жүргізгендігін XVI ғасырдағы қазақ даласы мен Орта Азия елдерін аралаған саяхатшылар мен зерттеушілердің мағлұматтарын негізге алып, өз еңбегінде 1558-1559 жылдары Бұхарада болған Джекинсонның Ташкент билеушісі көп санды, түрі сұсты, мүсылман дінін тұтынушы, қазақтармен соғысты деп жазған мәліметін, 1534 жылы күші мол қазақтардың Ташкентті алу үшін соғысқандығы және Ташкент билеушілерінің екі рет жасаған қарсылығына қарамастан олардың жеңгендігі жөніндегі Иоанн Грозныйдың елшісі Данил Губиннің мәліметтерін келтіреді (Левшин, 1832:155). Сондай ақ, оның еңбегінен жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі қазақтар жөнінде: «1723 ж. Қалдан Серен Түркістан, Ташкент және Сайрамды алғанда ұлы және орта жүздің кейбір бөлігін бағындырды. Ұлы жүздің кейбір қалған бөлігі мен аз ғана Орта жүз Ходжентке көшсе, Орта жүздің тағы бір үлкен бөлегі Самарқандқа, кіші жүздің бір тобы Хиуа мен Бұхараға көшті», - деп жазды (Левшин, 1832:167). Дегенмен де А. Левшиннің еңбегінде қазақтың феодалдық қоғамына тән қарама-қайшылықтар, патриархалды рулық қауымның ыдырауы, олардың мәні тіптен қарастырылмаған.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезеңіндегі Орта Азиядағы халықтардың тарихы, этнографиясы жөніндегі құнды деректерді орыс есепшілері мен қоныс аударушылар ұйымы да берді. Олардың көшіп келетін орыс мұжықтары үшін қазақ жерін есепке алуы, жерін тартып алуы, соның нәтижесінде қазақ халқының шет жерлерге көшуі, кедейленуі, онда тұратын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы т.б. жан-жақты қарастырылады.

Түркістан өлкесінің табиғи-географиясын, тарихи этнографиясын сипаттап, Орта Азиядағы қазақтардың этникалық тарихы, рулық, этникалық құрамы, саны, этнографиясы жөнінде құнды мәліметтер берген ауыл шаруашылығының маманы В.И. Масальскийдің еңбегін жатқызуға болады (Масальский, 1913). Еңбек Семенов-Тянь-Шанскийдің басшылығымен шыққан көп томды «Россия» жинағының 19 томында «Түркістан өлкесі» деген атаумен аталады. Мұнда ол жоғарыда көрсетілген мағлұматтардан басқа өлкенің шаруашылығы, әлеуметтік жағдайын көрсететін материалдарды да толық бере алған. Бірақ, ол да қазақ тұрмыс – тіршілігіндегі егіншіліктің орнын дұрыс көрсетпей, отырықшы мәдениеттен құралақан етіп көрсетеді.

Өзбекстандағы қазақтардың рулық құрамы жөніндегі мәліметтерді М. Тынышпаевтың еңбектерінен де кездестіреміз. Ол жалайыр руының да қоныстану тарихының тамырын XIII-XI ғасырға жатқызып былай деп жазады: «Шыңғыс хан билігі кезеңінде төртке бөлінген Жалайырлардың бір бөлігі Шыршық және Ангрен өзені бойында нығайып «Жалайыр ордасы» деген атпен тарихта белгілі болған, сондай ақ Шағатай кезеңінен (1370 жылдан) Шыршық өзенінің жағалауында Жалайырдың Балғалы руы мекендеді. Олардың үлкен бір бөлігі Шу өзеніне қарай ығысса, кедейленген бөлігі Ангренде қалып қойған», -деп жазады (Тынышпаев, 1926 :8).

Сол сияқты И.И. Гейердің еңбектерінде де көптеген мәліметтерді келтіруге болады (Гейер, 1908). Автор Ташкент уезіндегі егіншілікке

арналған жер көлемін, оның қаншасы суармалы, қаншасы тәлімі жерлер екендігін айта келіп, олардағы жердің бөліну ыңғайлығына қарай өсірілетін дақылдар: бидай, тары, күріш, жүгеріні көбірек екендігі туралы баяндайды. Бірақ, әрине, И.И. Гейердің еңбегінен мынау қазақтың, мынау өзбектің егістігі деп, нақты көрсетілген мәліметті кездестіре алмаймыз. Дегенмен де Ташкент уезі Шыршық өзенінің жағалауларында қаңлылар мен шанышқылар мекендегендігін еске алатын болсақ, Шыршық өңіріндегі халықтардың шаруашылығына қатысты мағлұматтарды талассыз қазақтардың үлесіне жатқызамыз.

Сол сияқты қазақ халқының тек шаруашылығы ғана емес, тарихы, этнографиясына байланысты деректерді Александров Н.Н. «Земледелие в Сырдарьинской области» (Александров, 1916) еңбегінде Сырдария облысының көшпелілері Әмудария бөлімінде, Ташкент уезінің Жаусоғым, Болат, Алтын болыстығында мал шаруашылығымен айналысқандығы жөнінде жан-жақты мәліметтер беріледі.

Жалпы, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына қатысты толыққанды мәліметтерді «Очерки хозяйственной жизни Туркестанской республики» (Очерки..., 1921), «Материалы по землепользованию туземного кочевого населения района Голодной степи и прилегающие местностей Ходжентского и Джизакского уездов. Самаркандская область» (Материалы, 1914) т.б. еңбектерден алуға болады. Сонымен қатар соңғы еңбекте қазақтардың орналасуы, рулық құрамы қарастырылған. Оның ішінде қоңырат руының Ташкент уезінің Ірі жар болыстығында, Ходжент және Жызак уезінде кіші жүздің Рамадан, Кердері руларының тұратындығы баяндалып, олардың таралу тарихына мән береді. Қазақтың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамуы жөнінде Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында шыққан еңбектерден де толыққанды материалдар аламыз. Ол мына еңбектерде: «Сельское хозяйство в Туркестанском крае. Составленном А.И. Шахназаров (Шахназаров, 1908), «Отчет Сырдаринского экономического Совета за 1921-1922 гг. хоз. год.» (Отчет, 1925), «Материалы комиссии экспедиционных исследований АН СССР. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Исследование 1926 г. Вып. VI.» (Материалы, 1927) сондай ақ халықтар арасындағы қарым - қатынас, байланыс (қазақтар мен түркімендер) олардың ықпалы, т.б. әр уездердегі көшпелілер мен отырықшылардың саны, мал саны және егістік көлемі, өсірілетін дақылдары, шаруашылықтың қай түріне қай халық бейімділігі қарастырылған.

Түркістан өлкесінің тарихи географиялық сипаттамасы мен халқының құрамы жөніндегі деректер Н.Л. Корженевскийдің «Физико-географический очерк Средней Азии (Корженевский, 1925) еңбектерінде, Н.И. Балашевтың «Экономическая география Средней Азии» (Балашев, 1924) және «Узбекистан и сопредельные Республики и области» (Балашев, 1925) еңбектерінде де құнды мәліметтер жеткілікті. Ол бұл еңбектерінде Қазақстанмен Өзбекстанның шекарасын бөлісуде Зеңгі ата, Ниазбек болыстықтарындағы қазақтар өздерін Қазақстанға қайтаруды сұрағандығын, осы өңірдегі халықтардың сандық, этникалық құрамын көрсетуі, Бұхарада қазақтар басым Кенимех ауданының құрылуы жөніндегі мәліметтермен қатар Түркістан республикасындағы суармалы және тәлімі егістік көлемін облыстар, уездер бойынша көрсете отырып, 1917 ж. егістік көлемі 1915 ж. салыстырғанда қысқарғанын, көшпелі және жартылай көшпелілікпен айналысатын қазақтардың шаруашылығында ең бірінші қой мен жылқы басты орын алатындығын айтады.

XIX ғ. Өзбекстан территориясы аумағындағы қазақтардың саны,

шаруашылығы, қонысы жалпы тұрмысы мен мәдениеті жөніндегі мәліметтер әр жылдардағы «Обзор Сырдарьинской области (1885, 1888, 1896, 1901, 1906 жж.), «Обзор Ферганской области (1881, 1884, 1891, 1895 жж.) т.б. жинақтардан таба аламыз. Мәселен, 1896 жылғы санында 1895 жылғы ауыл шаруашылығын сипаттай отырып, былай жазады: «Сиырды отырықшы халықтармен бірге көшпелі халықтарда өсіреді. Қазақ сиыры орыс сиырларынан қалыспай 5-7 литрге дейін береді», - деп жазды (Обзор..., 1896). Жинақтарда аталған облыстарда жыл сайын жүргізілетін арнайы барлау, зерттеу барысында жинақталған мәліметтер сипатталып берілген.

Жалпы, қазақтардың тарихы, этнографиясы, демографиялық құрылымы, шаруашылығы жөніндегі құнды деректерді «Түркістан хабаршысы» атты мерзімдік басылымдардан да таба аламыз. Қазіргі кезеңде Ташкент қаласында Науай атындағы Орталық кітапхананың сирек қор бөлімінде 555 томдық «Түркістан жинағы (Туркестанский сборник)» сақтаулы. Осы жинақтардан да орыс отары кезіндегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлі мәдениеті және этнографиялық тұрғыда жазылған мақалалар да кездеседі.

Өзбекстанды жалпы Орта Азия республикаларын аудандастыруға байланысты «Материалы по районированию Узбекистана» (Материалы, 1926), Н.Б. Архипов «Средне-Азиатские республики» (Архипов, 1930) т.б. мағлұматтар маңызды болып саналады. Өзбекстандағы қазақтардың саны, орналасу ареалы жөнінде Кеңес өкіметі кезінде шыққан И.И. Зарубиннің «Список народностей Туркестанского края» еңбегінің (Зарубин, 1925) орны айрықша. Ол бұл еңбекте 1917 ж. санақтың негізінде Түркістан өлкесі халықтарының санын, ұлттық құрамын және орналасуын көрсетіп береді.

1924-1926 жж. Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеудің нәтижесі, оның халықтар дамуындағы маңызын көрсеткен Т.А. Жданконның «Национально-государственное размежевание и процессы этнического развития у народов Средней Азии» (Жданко, 1967), Х.Т. Турсыновтың «Образование Узбекской Советской Социалистической Республики» еңбектерін атап кету керек (Турсынов, 1957).

Кеңес өкіметі кезеңінде қазақ диаспорасына оның ішінде Қарақалпақстанда мекендейтін қазақтардың тарихы мен этнографиясына арналған көлемді зерттеу У.Х. Шалекеновтың архив деректерімен далалық зерттеулер негізінде жазылған «Казахи низовьев Аму-Дарьии. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII - XX вв» (Шалекенов, 1966) еңбегінің маңызы зор. Белгілі ғалым, тарихшы У.Х. Шалекенов зерттеуде Қарақалпақстандағы қазақтардың аймаққа қоныс аударуының тарихи себептеріне, санына, рулық құрамына, орналасу көздеріне тоқтала отырып, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығындағы ерекшеліктеріне, материалдық және отбасылық қатынастарындағы этнографиялық болмысына толыққанды, ғылыми сараптама жүргізген мәліметтер береді. Сонымен қатар Әмудария бойында 200 жылдан аса мекендеп отырған қазақтардың жергілікті қарақалпақ, түрікмен, өзбек халықтарымен қарым қатынасын яғни өзара ықпалдылық мәселелерін жан-жақты қарастырады.

С.К. Камаловтың «Каракалпаки в XVIII-XIX вв. (к истории взаимоотношений с Россией и среднеазиатскими ханствами)» еңбегі (Камалов, 1968) Хиуа хандығындағы қарақалпақтар мен қазақтардың Ресеймен қарым қатынасы, жергілікті халықтың Хиуа хандығына қарсы күресін көрсете отырып, олардың дәстүрлі мәдениетіне енген өзгерістерге талдау жасайды. Сонымен қатар автор, қарақалпақтардың басқа халықтармен оның ішінде қазақтармен өзара байланысы мен тарихи-этнографиялық бірлігін жан-

жақты қарастырады. И. Муляджановтың екі кітабы «Население Узбекской ССР.» (Муляджанов, 1989), «Демографические развитие Узбекской ССР.» (Муляджанов, 1983), Сол сияқты И.Р. Муляджановта Кеңес дәуіріндегі Өзбекстан халықтарының үлкен этносы мен этникалық топтарының демографиясын әлеуметтік-экономикалық сипатын статистикалық мәліметтер мен халық санағы негізін талдап, олардың өсу, кему бағытын көрсетеді. Л.П. Максакованың «Тенденции демографического развития в Узбекистане», «Миграция населения Узбекистана» т.б. еңбектерінен көптеген мағлұматтар алынады (Максакова, 1986).

Қазақ-өзбек қатынастарына байланысты С. Мадуановтың (Мадуанов, 1990), С. Мадуанов пен М. Шалекеновтың «История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв.» (Мадуанов, 2000) және У.Х. Шалекенов пен М.У. Шалекеновтың «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII-XX вв.» (Шалекенов, 2003) және т.б. еңбектерінде Сырдария мен Өмудария өзендері бойында орналасқан халықтардың тарихы, этнографиясы, шаруашылығымен қоса жергілікті халықтар арасындағы өзара байланыс пен ықпалдылық мәселелерін де қарастырады. Авторлар ирригациялық құрылыс жүргізудегі халық тәжірибесін, мал шаруашылығын, егіншілікті жүргізудегі халықтық тәсілдерді, балық аулау және онымен байланысты кәсіпкершілікті жан-жақты көрсете алған.

Өзбекстандағы қазақтардың «ирредент» не «диаспора» болып қалыптасу тарихын, қоныстану себептерін, орналасуын, сандық құрылымын ашуда К.И. Кобыландиннің Өзбекстан қазақтарының демографиясы жөніндегі мақаласы (Кобыландин, 2008) және К.И. Кобыландин мен Г.М. Меңдіқұлованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» атты еңбектерінің маңызы зор (Кобыландин, 2009).

Өзбекстан қазақтарына қатысты деректер. Өзбекстандағы қазақтардың демографиялық ахуалын орыс отары кезеңінен қазірге дейін талдауда олардың өсу динамикасын, республикалардағы қазақтардың сандық үлес салмағын көрсетуде «Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып.1. СПб., 1872-76», «Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып.V. СПб., 1879», «Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып.IV. СПб., 1880», «Материалы Всероссийских переписей 1897 г.», «Статистический ежегодник 1917-1923 гг. состав. Под ред. Д.П. Красновского», «Хозяйственный план Туркеспублики на 1923-1924 гг. Ташкент, 1923 г.», «Материалы Всероссийских переписей 1917, 1920 г.», «Материалы переписей населения Узбекской ССР. 1926 г.», «Всесоюзная перепись населения за 1926 г, 1936 г, 1939 г, 1959 г., 1970 г., 1979 г, 1989 г.», «Агентство РК по статистике «Миграция населения» Итоги переписей населения 1999 года.», т.б. Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, т.б. алынған материалдардың деректік ролі жоғары. Мәселен, жоғарыда көрсетілген 1872 ж. шыққан статистикалық қазақтардың санына байланысты мынадай мағлұмат беріледі: «Сырдария облысы бойынша 528780 қазақ, қырғыз саны беріліп, оның 110000-ы Ташкент (Құрама) уезінде, 260-ы Ташкент қаласында, Ходжентте - 4300, Жызақта - 2100, осы әкімшіліктер бойынша барлығы—116660 қырғыз, қазақ саны көрсетіледі (Материалы, 1827). Осы сияқты бір жыл бұрынғы мәліметпен салыстырғанда қазақ саны Ташкент уезінде 7375 ке көбейсе, оның есесіне Жызақтағы қазақ саны 9100-ге азайған. Келтірілген мәліметтерде халық санында үлкен ауытқулар бар. Мұндай сәйкессіздіктер ең алдымен қазақтардың қоныстарын жиі-жиі өзгертуіне, екіншіден өздерінің санын жасырып қалуымен де байланысты болды.

Қазақтардың қалыптасуы мен қоныстану тарихын айқындайтын, шекара бөлу нәтижесіндегі қандастарымыздың «диаспораға» айналуын көрсететін нақты мағлұматтар Өзбекстанның Орталық Мемлекеттік архиві қорында да көп кездеседі.

Орта Азиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінен (ӨРОМА) алынған 25 қор, 1-тізбе, 1717-істе Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Орта Азия территориясындағы облыстар бойынша егістікке жарамды жер көлемі, саны, суармалы және тәлімі егістік жер көлемі, қожалықтағы мал саны мен жергілікті және қоныс аударушылар арасындағы егістік жер алқаптары жөнінде деректер беріледі (ӨРОМА, 1717).

ӨРОМА 34 қор, 1 тізбе, 421 істе (Положение о землеустройстве кочевников, переселенческих поселков и казачьих станиц) (ӨРОМА, 421) мұнда отырықшылыққа көшкендер, казак станицалары мен қоныс аударушылар поселоктарындағы халықтарға жер иеленудің бірінғай нормаларын бекітеді. Казактар мен қоныс аударушылардың басып алған не олардың еңбек нормасынан артық жерлердің барлығы 1916-1918 жж оқиғалармен орыс патшасынан қашып, жерінен айырылған халықтарды қайта өз жеріне орналастыру жөніндегі мәліметтері.

ӨРОМА 20 қор, 1 тізбе, 5 іс (Государственная плановая комиссия, - Народное хозяйство Туркестана и его восстановление) (ӨРОМА, 5) 1918-1921 жж аралығындағы Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстарындағы мал санының, егістік алқаптарының қысқаруы, егістік дақылдары өнімінің әр жылдардағы өсу, кему арақатынасын көрсететін деректер береді. Мәселен, осы істегі 30 парақта: «... Сильное сокращение богарных посевов и скота свидетельствует о глубоком расстройстве всего хозяйство кочующих киргизского население, а вероятно очень сильно пострадал и самый состав население...», - деп жазылды.

ӨРОМА 86 қор, 1 тізбе, 2150 іс (ӨРОМА, 2150) (Протокол № 4 Заседания Президиума Средне-Азиатского Ликвидационного комитета 29 января 1925 г.) Орта Азия республикаларына бөлінген ауыл-шаруашылық жер көлемі мен мал бөлінісі жөнінде сондай ақ, осы істегі жаңа мемлекеттік құрылымдар бойынша халықпен мал санына байланысты жасалған статистикалық комиссияның берген мәліметінде мемлекеттердің жер көлемі, халық саны, мал саны жөнінде мағлұматтар берілген. Аталған қордың 2145 істе (ӨРОМА, 2145:192-193) Бұхара республикасы халықтарының ұлттық құрамы жөнінде мағлұматтар аламыз. Сол сияқты Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Ходжент округіне кейіннен Бұхараға қараған Кенимех ауданында қазақтар жеке ауданды 77,7 %, Ташкентте 15,5 % құрады. Сол сияқты Ташкент округінің Жоғары Шыршық ауданында 90,5%-ке дейін, Орта Шыршық ауданында – 44,1% казак, 24 % құрама, 29,1 % - өзбек, Төменгі Шыршықта 45% - казак, 38 % - өзбек, 17 % құрама болса, Ангренде 83,3% құрама қалғаны өзбек, қазақтар болды (ӨРОМА, 2145:30).

ӨРОМА 90 қор, 9 тізбе, 248 істе (ӨРОМА, 248:31-39) (Н/ф Министерства сельского хозяйства УзССР) деректе 1947 ж. Ташкент қаласы және Ташкент облысындағы өнеркәсіп орындарына ҚазКСР-нің жалға берілген жерлерінің тізімін Өзбекстанға бекіту жөніндегі материалдар берілген,

ӨРОМА 12 қордан 1 тізбе, 9 істе (ӨРОМА, 9) (Постановление комиссии Турцика и Туркомиссии ВЦИК. 9 декабря 1921 г.) қазақтармен түркімендердің көші-қонының араласып жатқанын, жайылым жерлерге байланысты екі халықтың арасындағы қақтығыс жөніндегі мәліметтер мен қоса, p-29, 3 тізбе,

1612 істе, пп. (ӨРОМА, 1612:137-139) Түркеспубликасының егіншілігі мен мал шаруашылығы жөніндегі деректерді де кездестіруге болады.

ӨРОМА P-1 қор, 1-тізбе, 721 іс, 349-356 пп. (ӨРОМА, 721: 314-315) деректе Түрікменстандағы оның ішінде Красноводск, Полторацк округтерінде орналасқан қазақтардың кәсіпкершілігі түз өндіруде, балық аулауда түрікмендермен салыстырғанда төзімді, қандай іске де бейім екендігі жөнінде айтылған. Аталған қордың 706 істе (ӨРОМА, 706:63-64) Орта Азия республикаларының шекарасын нақтылау жөніндегі деректерді, 707-істе (ӨРОМА, 707:158-159); 704 іс, 18-21 пп (ӨРОМА, 704:18-21) шекаралас жерлердегі даулы территорияларды реттеу комиссиясының есебін мен Ташкент уезінің Ниязбек, Зеңгіата, Болат болыстығына қатысты шекара мәселесі қарастырылса, р 39, 2 тізбе, 454 іс, 20-24 пп (құпия құжат) Сонымен бірге Ташкент округіндегі сельсоветтер бойынша ұлттық құрамы – 41 қазақ, 76 өзбек, 3 тәжік, 32 аралас болса, Кенимех ауданында –10 қазақ, 3 аралас сельсовет, аудандық атқару комитеті Ташкент округі бойынша – 43, Самарқандта -1, Өзбекстандағы сельсоветтің төрағасы Ташкент облысында - 46 қазақ, Самарқандта - 4, Әндіжанда -1, Қоқанда- 1, Ходжентте-3, Зеравшанда-2, Қашқадарияда- 1 қазақ болды, ал, аудандық съездің құрамында 190 қазақ болғандығын көрсетеді (ӨРОМА, 454:20).

Осы (ӨРОМА, 454) құжатта Ташкент уезінің жоғарыдағы болыстықтарына қатысты былай дейді : «При рассмотрении вопроса в специальных комиссиях при Средне-Азиатском Бюро ЦКРКП и Ликвидкоме выяснилось, что основной причиной разногласий между киргиз-казаками и узбеками является судьба Каунчи, первой станции, лежащей к югу от Ташкента по Ср. Аз. железной дороге в непосредственной близости от 6 упомянутых выше киргизских зачирчикских волостей, отданных узбекам (с населением в 59.200 душ. об. пола). Станция эта входит в Каунчинское (киргизское) сельское общество. Передача ее киргизам отрезала бы Ташкент по единственной железно-дорожной магистрали от остальной узбекской территории и через Халдарминское сельское общество (также киргизское) связало бы коридором, территориально Кирреспублику с зачирчикскими волостями» сияқты деректер ұлттық-аумақтық шекаралардың қалай бөлінгендігі жөнінде деректер беріледі (ӨРОМА, 454:22).

ӨРОМА 17 қор, 1 тізбе, 335 істе, (ӨРОМА, 335:32-38) Мырзашөл уезі қазақтарының жерін Грузияға жалға беруіне байланысты 860 істе 27-31 пп (н/ф Турцик) (ӨРОМА, 860:27-31), 1 қор, 4 тізбе, 1380 істе (ӨРОМА, 1380) Ташкент және Наманган уездерінің шекарасында жайылым жерлерге байланысты екі жақтың ұрысын шешуге байланысты қаулыны келтіре кетейік: «1910 г.1 июля я мировой судья 2 участка Наманганского уезда рассмотрел настоящее следственное производство нашел, что из показаний допрашенных на предварительном следствии потерпевших и свидетелей усматривается, что никакого ограбления юзскими киргизами Чаткальских киргиз на место Коксай Чаткальского волостей произведено не было, никакого сопротивления властей со стороны юзских киргиз допущены не было» бұл деректерден юз этникалық тобы жөнінде мәліметтер білеміз.

Қорытынды. Қорыта келгенде XIX ғ. II жартысы XX ғ. бас кезеңіндегі зерттеулерде, жинақтарда тікелей Өзбекстан қазақтары зерттеу нысанына айналмағанмен сол аумақтың территориясында «ата жұртта» отырмыз деген қазақтар жөнінде көптеген материалдар мен зерттеулер талданды. Аталған кезеңдегі материалдарда көбіне «Түркістан өлкесі» одан кейін «Орта Азия» деп алынып, осы әкімшілік-территорияда өмір сүріп отырған халықтар зерттелді. Мақалада көрсетілгендей, Өзбекстандағы қазақтардың

кейбір тобының қоныстану тарихы ертеден басталатындығы айтылды. Оған аталған территорияда мекендеген шанышқылы, қаңлы, жалайыр тайпалары, т.б. нақты дәлел.

Мақалада жарияланбаған архив құжаттарын талдау барысында 1924 ж. Орта Азия елдерінің этникалық территориясын межелеу нәтижесінде қазақтардың тарихи Отанынан ажырап, «ирредент» тобына кіргендігі, шекара межелеу барысында жіберілген олқылықтар: Ташкент уезінің Ниязбек, Болат, Зеңгіата болыстығы мен Қауыншы селосы, Қырғызстанның Қанжайлау, Сусамыр, Арғын селосына байланысты шекараның дұрыс бөлінбеуі, т.б. сол кезеңдегі бұрмалаушылықты көрсетеді.

Мақалада қолданыс тапқан статистикалық мәліметтер мен әр кезеңдерде жүргізілген санақтар нәтижелерін салыстыра отырып, Кеңес өкіметінің 30 жылдарға дейін жүргізілген санақтарында ауытқушылықтың болғандығына көз жеткізуге болады. Жалпы алғанда, Өзбекстандағы қазақтар жөніндегі зерттеулермен деректерді негізге ала отырып, олардың қазіргі кезеңдегі саяси-әлеуметтік құқықтары мен этномәдени даму деңгейін зерделеуге болады.

Әдебиеттер:

Айдосов А. Қазақ диаспорасының қалыптасуы // Қазақ тарихы. 1993. № 3. Б. 75-78.

Александров Н.Н. Земледелие в Сырдарьинской области. Ташкент, 1916. 256 с.

Арғынбаев А. Қазақ диаспорасының мәселелері мен тарихы // Ақиқат. 1992. №3. Б. 31. 37.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897. Вып. 3-4. С. 182-245.

Архипов Н.Б. Средне-Азиатские республики. М.-Л., 1930. 159 с.

Балашев Н.И. Экономическая география Средней Азии. Ташкент, 1924. 274 с.

Балашев Н.И. Узбекистан и сопредельные Республики и области. Ташкент: Узгосиздат, 1925. 97 с.

Диваев А.А. Несколько слов о киргизском хозяйстве // Русский Туркестан. Ташкент: Тип. Русский Туркестан, 1889. Т. 1. С. 83-93.

Дингельштет Н. Наша колонизация в Средней Азии // Вестник Европы. 1892. С. 46-58.

Жданко Т.А. Национально-государственное размежевание и процессы этнического развития у народов Средней Азии. Ташкент: Фан, 1967. 120 с.

Записки императорского русского географического общества. СПб.: Тип. Имп. АН, 1874. Кн 4. 718 с.

Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края // Труды комиссии по изучению племенного состава населения России и сопредельных стран. Л.: Изд-во СССР, 1925. Вып. 9. С. 24-78.

Ибрагимов С.К. «Михманнаме и Бухара» Рувбихана как источник по истории Казахстана // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Алма-Ата, 1960. С. 144-145.

Кабулдинов Р. Казахи России (вторая половина XVIII-начало XX вв.). Алматы: Баспалар үйі, 2009. 400 с.

Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар. Алматы: қазақ университеті, 2011. 406 б.

Камалов С.К. Каракалпаки в XVIII-XIX вв. (к истории взаимоотношений с Россией и среднеазиатскими ханствами). Ташкент: Фан, 1968. 327 с.

Каульбарс А.В. Низовья Аму-Дарьи, описанные по собственным

исследованиям 1873 г. // Записки Русского географического общества по общ. геогр. СПб.: Тип. Имп. АН, 1881. Т. IX. 630 с.

Кинаятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. Алматы: Ата жұрт, 2001. 318 б.

Корженевский Н.Л. Физико-географический очерк Средней Азии. Ташкент, 1925. 124 с.

Костенко Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. СПб., 1880. Т.1. 452 с.

Кобыландин К.И. Демографические характеристики казахов в Узбекистане в Советский период (по итогам Всесоюзных переписей) // Вестник КазНУ: сер. Восток. 2008. № 2 (43). С. 65-78.

Қобыландин К.И., Мендикулова Г.М. Ўзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы: Реиз, 2009. 296 б.

Козыбаев М.К. История и современность. Алматы: Ғылым, 1991. 254 с.

Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая: (Проблемы этнической группы). Алма-Ата: Ғылым, 1986. 143 с.

Гейер И.И. Путеводитель по Туркестану. Ташкент, 1901. 255 с.

Гейер И.И. Весь русский Туркестан. Ташкент: Изд-во С.Ф. Конопка, 1908. 346 с.

Геинс А.К. Очерки Туркестана. Степь и кочевники. СПб., 1874. 137 с.

Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Ташкент, 1889. 298 с.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. 304 с.

ӨРОМА. 25 қор. 1 тізбе. 1717 іс. 194, 204-206, 211-213 пп.

ӨРОМА. 34 қор. 1 тізбе. 421 іс. 54 п.

ӨРОМА. 20 қор. 1 тізбе. 5 іс. 28-30 пп.

ӨРОМА. 20 қор. 1 тізбе. 6 іс. 109, 184-186 пп.

ӨРОМА. 86 қор. 1 тізбе. 2150 іс. 39-41 пп.

ӨРОМА. 86 қор. 1 тізбе. 2145 іс. 192-193 пп.

ӨРОМА. 90 қор. 9 тізбе. 248 іс. 31-39 пп.

ӨРОМА. 12 қор. 1 тізбе. 9 іс. 39-41, 45 пп.

ӨРОМА. P-29. 3 тізбе. 612 іс. 137-139 пп.

ӨРОМА P-1 қор. 1 тізбе. 721 іс. 314-315, 349-356 пп.

ӨРОМА. P-1 қор. 1 тізбе. 704 іс. 18-21 пп.

ӨРОМА. p 39 қор. 2 тізбе. 454 іс. 20-24 пп.

ӨРОМА. 17 қор. 1 тізбе. 860 іс. 27-31 пп.

ӨРОМА. p-1 қор. 4 тізбе. 1380 іс. 38-40 пп.

ӨРОМА. 1 қор. 1 тізбе. 325 іс. 111 пп.

ӨРОМА. 86 қор. 1 тізбе. 5266 іс. 5 пп.

Пален К.К. Правовой быт туземного населения. Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенаторским Гофмейстером графом К.К. Паленом. СПб., 1910. 211 с.

Паллас П. Путешествие по разным провинциям Российского государства. СПб., 1778. Т.2. 476 с.

Поездка Бурнашева и Поспелова в Ташкент в 1800 г. с примечаниями Я. Ханькова // Вестник РГО. СПб., 1851. Кн. 1. С. 56-64.

Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году // Путевые заметки. СПб., 1868. 176 с.

Сиверс И. Письма из Сибири., Фальк И. Описание всех национальностей России. Алматы: Ғылым, 1999. 134 с.

Сельское хозяйство в Туркестанском крае / составленном А.И. Шахназарова.

СПб., 1908. 247 с.

Мадуанов С. История казахско-узбекских отношений в XIX-начале XX в. Алма-Ата: Кайнар, 1990. 160 с.

Мадуанов С.М. Шалекенов М.У. История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв. Туркестан: Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Ясави, 2000. 436 с.

Маев Н.А. Топографический очерк Туркестанского края. Орография и гидрография края. М., 1872. Вып. 1. 90 с.

Макшеев А.И. Описание низовьев Сырдарьи. СПб.: Тип. Имп. АН, 1856. 80 с. Макшеев А.И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае. СПб., 1868. 360 с.

Максакова Л.П. Тенденции демографического развития в Узбекистане // Миграция населения Узбекистана. Ташкент, 1986. С. 89-125.

Масальский В.И. Туркестанский край // Россия. Полное географическое описание нашего отечества. СПб., 1913. Т. 19. 860 с.

Материалы по землепользованию туземного кочевого населения района Голодной степи и прилегающие местности Ходжентского и Джизакского уездов Самаркандской области. Ташкент: Изд-во Туркестанского статистического комитета, 1914. 207 с.

Материалы комиссий экспедиционных исследований АН СССР. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Исследование 1926 г. Ташкент, 1927. Вып. VI. 214 с.

Материалы по районированию Узбекистана. Самарканд, 1926. Вып. 1. 56 с. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ылым, 1997. 261 с.

Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: История и современность. Алматы: Реис, 2006. 343 с.

Мұхамедханұлы Н. XVIII - XX ғғ. қазақ - қытай қарым қатынастарының даму тарихы (1860-1920). Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. 332 б.

Муляджанов И. Население Узбекской ССР. Ташкент: Узбекистан, 1989. 190 с.

Муляджанов И. Демографическое развитие Узбекской ССР. Ташкент: Узбекистан, 1983. 278 с.

Нысанбаев Ә., Арғынбаев Ә. Қазақ диаспорасының бүгінгі мен ертеңі // Егеменді Қазақстан. 1992, қыркүйек. 23.

Тәгімов М. Қазақ әлемі (қазақтың саны қанша). Алматы: Атамұра, 1993. 158 б.

Терентьев. М.А. Статистические очерки Средне-Азиатской России. СПб.: Тип. Имп. АН, 1874. 129 с.

Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. СПб.: Военная типография, 1906. 721 с.

Топографический очерк Туркестанского края. Орография и гидрография края. М., 1872. Вып. 1. 90 с.

Турсьнов Х.Т. Образование Узбекской Советской Социалистической Республики. Ташкент: Изд-во АН УзССР, 1957. 341 с.

Обзор Сыр-дарьинской области за 1895 г. Ташкент, 1896. 214 с.

Отчет Сырдаринского экономического Совещания за 1921-1922 гг. хоз. год. Ташкент, 1925. 36 с.

Очерки хозяйственной жизни Туркестанского края. Ташкент: Изд-во ЦНХ, 1921. 544 с.

Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Аму-Дарьи. К истории еңбектерін атап

кету керек взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII - XX вв. Ташкент: Фан, 1966. 336 с.

Шалекенов У.Х., Шалекенов М.У. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII-XX вв. Алматы: Қазақ университеті, 2003. 313 с.

Юферов В.И. Хозяйственный быт киргизского, сартовского и русского населения юго-восточной части Чимкентского уезда Сырдаринской области. Ташкент: Тип. В.М. Ильина, 1910. 159 с.

Хорошхин А.П. Сборник статей, касающихся Туркестанского края. СПб.: Тип. А. Траншеля, 1876. 531 с.

REFERENCES

Aydosov A. Qazaq diasporasınıc qalıptaswı // Qazaq tarıxı. 1993. № 3. B. 75- 78 .

Aleksandrov N.N. Zemledeliye v Syrdar'inskoj oblasti. Tashkent, 1916. 256 s.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения о их знатности. СПб., 1897. Вып. 3-4. С. 182-245.

Arġınbaev A. Qazaq diasporasınıc mǎseleleri men tarıxı // Aqıqat. 1992. №3. B. 31– 37.

Arkipov N.B. Sredne-Aziatskiye respubliki. M.-L., 1930. 159 s.

Balashev N.I. Ekonomicheskaya geografiya Sredney Azii. Tashkent, 1924. 274 s.

Balashev N.I. Uzbekistan i sopredel'nyye Respubliki i oblasti. Tashkent: Uzgosizdat, 1925. 97 s.

Divayev A.A. Neskol'ko slov o kirgizskom khozyaystve // Russkiy Turkestan. Tashkent: Tip. Russkiy Turkestan, 1889. T. 1. С. 83-93.

Dingel'shtet N. Nasha kolonizatsiya v Sredney Azii // Vestnik Yevropy. 1892. S. 46-58.3

Zapiski imperatorskogo russkogo geograficheskogo obshchestva. SPb.: Tip. Imp. AN, 1874. Kn 4. 718 s.

Zarubin I.I. Spisok narodnostey Turkestarskogo kraja // Trudy komissii po izucheniyu plemennogo sostava naseleniya Rossii i sopredel'nykh stran. L.: Izd-vo SSSR, 1925. Vyp. 9. S.24-78.

Zhdanko T.A. Natsional'no-gosudarstvennoye razmezhevaniye i protsessy etnicheskogo razvitiya u narodov Sredney Azii. Tashkent: Fan, 1967. 120 s.

Ibragimov S.K. «Mikhmanname i Bukhara» Ruzbikhana kak istochnik po istorii Kazakhstana // Novyye materialy po drevney i srednevekovoy istorii Kazakhstana. Alma-Ata, 1960. S. 144-145.

Kabuldinov R. Kazakhi Rossii (vtoraya polovina XVIII – nachalo XX vv.) Алматы: Баспалар үн, 2009. 400 с.

Kalshabayeva B.K. Ortalyk Aziyadaġy kazaktar. Алматы: kazak universiteti, 2011. 406 b.

Kamalov S.K. Karakalpaki v XVIII-XIX vv. (k istorii vzaimootnosheniy s Rossiyey i sredneaziatskimi khanstvami). Tashkent: Fan, 1968. 327 s.

Kaul'bars A.V. Nizov'ya Amu-Dar'i, opisannyye po sobstvennym issledovaniyam v 1873 g. // Zapiski Russkogo geograficheskogo obshchestva po obshch. geogr. SPb.: Tip. Imp. AN, 1881. T. IX. 630 s.

Kinayatly Z. Mongoliyadaġy kazaktar. Алматы: Ata zhyrt, 2001. 318 b.

Korzhenevskiy N.L. Fiziko-geograficheskii ocherk Sredney Azii. Tashkent, 1925. 124 s.

Kostenko F. Turkestarskii kraj. Opyt voyenno-statisticheskogo obozreniya Turkestarskogo voyennogo okruga. SPb., 1880. T.1. 452 s.

Kobylandin K.I. Demograficheskiye kharakteristiki kazakhov v Uzbekistane v Sovetskiy period (po itogam Vsesoyuznykh perezisey) // Vestnik KazNU: ser. Vostok. 2008. №2 (43). S. 65-78.

Qobilandm K.II., Mendrikwlova G.M. Ўzbekstandađı qazaqtardıc tarıxı j dne bьgingi damwı. Almatı: Rentz, 2009. 296 b.

Kozibaev M.K. Istoriya n sovremennost. Almatı: Ğılım, 1991. 254 s.

Konovalov A.V. Kazaxn Yujnogo Altaya: (Problemi itnnezskoy grwpı). Alma-Ata: Ğılım, 1986. 143 s.

Geyyer I.I. Putevoditel' po Turkestanu. Tashkent, 1901. 255 s.

Geyyer I.I. Ves' russkiy Turkestan. Tashkent: Izd-vo S.F. Konopka, 1908. 346 s.

Geins A.K. Ocherki Turkestana. Step' i kochevniki. SPb., 1874. 137 s.

Grodekov N.I. Kirgizi i karakirgizi Syrdar'inskiy oblasti. Tashkent, 1889. 298 s.

Palen K.K. Pravovyy byt tuzemnogo naseleniya. Otchet po revizii Turkestanskogo kraya, proizvedennoy po Vysochayshemu povelenyu Senatorskim Gofmeysterom grafom K.K. Palenom. SPb., 1910. 211 s.

Pallas P. Puteshestviye po raznym provintsiyam Rossiyskogo gosudarstva. SPb., 1778. T.2. 476 s.

Poyezdka Burnasheva i Pospelova v Tashkent v 1800 g. s primechaniyami YA. Khanykova // Vestnik RGO. SPb., 1851. Kn. 1. C. 56. 64.

Pashino P.I. Turkestanskiy kray v 1866 godu // Putevyeye zametki. SPb., 1868. 176 s.

Sivers I. Pis'ma iz Sibiri., Fal'k I. Opisaniye vsekh natsional'nostey Rossii. Almaty: Ğylym, 1999. 134 s.

Sel'skoye khozyaystvo v Turkestanskom kraye /sostavlenom A.I. Shakhnazarova. SPb., 1908. 247 s.

Maduanov S. Istoriya kazakhsko-uzbekskikh otnosheniy v XIX- nachale XX v. Alma-Ata: Kaynar, 1990. 160 s.

Maduanov S.M., Shalekenov M.U. Istoriya vzaimootnosheniy narodov Turkestana v XVIII-nachale XX vv. Turkestan: Mezhdunarodnyy Kazakhsko Turetskiy universitet im. KH.A. Yasavi, 2000. 436 s.

Mayev N. A. Topograficheskiy ocherk Turkestanskogo kraya. Orografiya i gidrografiya kraya. M., 1872. Vyp. 1. 90 s.

Maksheyev A.I. Opisaniye nizov'yev Syrdar'i. SPb.: Tip. Imp. AN, 1856. 80 s.

Maksheyev A.I. Geograficheskiye, etnograficheskiye i statisticheskiye materialy o Turkestanskom kraye. SPb., 1868. 360 s.

Maksakova L.P. Tendentsii demograficheskogo razvitiya v Uzbekistane // Migratsiya naseleniya Uzbekistana. Tashkent, 1986. S. 89-125.

Masal'skiy V.I. Turkestanskiy kray // Rossiya. Polnoye geograficheskoye opisaniye nashogo otechestva. SPb., 1913. T. 19. 860 s.

Materialy po zemlepol'zovaniyu tuzemnogo kochevogo naseleniya rayona Golodnoy stepi i prilgayushchiye mestnostey Khodzhenetskogo i Dzhizakskogo uyezdv Samarkandskoy oblasti. Tashkent: Izd-vo Turkestanskogo statisticheskogo komiteta, 1914. 207 s.

Materialy komissiy ekspeditsionnykh issledovaniy AN SSSR. Osobennosti sel'skogo khozyaystva Adayevskogo uyezda. Issledovaniye 1926 g. Tashkent, 1927. Vyp. VH. 214 s.

Materialy po rayonirovaniyu Uzbekistana. Samarkand, 1926. Vyp. 1. 56 s.

Mendikulova G.M. Istoricheskiye sud'by kazakhskoy diaspory. Proiskhozhdeniye i razvitiye. Almaty: Ğylym, 1997. 261 s.

Mendikulova G.M. Kazakhskaya diaspora: Istoriya i sovremennost'. Almaty:

- Reis, 2006. 343 s.
- Muxamedxanuli N. XVIII - XX ğğ. qazaq - qıtay qarım qatınastarınıc damw tarıxı (1860-1920). Almatı: QAZAqparat, 2001. 332 b.
- Mwlyadjanov II. Naselenıe Wzbekskoy SSR. Taşkent: Wzbekıstan, 1989. 190 s.
- Mwlyadjanov II. Demografızeskoe razvıtıe Wzbekskoy SSR. Taşkent: Wzbekıstan, 1983. 278 s.
- Nısanbaev D., Arğınbaev D. Qazaq dıasporasınıc bьgını men erteci //Egemendi Qazaqstan. 1992, qırkıyek 23.
- Ozbekstan Respwblıkası Ortalıq Memlekettik Arhyvi. 25 qor. 1 tızbe. 1717 is. 194, 204-206, 211-213 pp.
- OROMA. 34 qor. 1 tızbe. 421 is. 54 p.
- OROMA. 20 qor. 1 tızbe. 5 is. 28-30 pp.
- OROMA. 20 qor. 1 tızbe. 6 is. 109,184-186 pp.
- OROMA. 86 qor. 1 tızbe. 2150 is. 39-41 pp.
- OROMA. 86 qor. 1 tızbe. 2145 is. 192-193 pp.
- OROMA. 90 qor. 9 tızbe. 248 is. 31-39 pp.
- OROMA. 12 qor. 1 tızbe. 9 is. 39-41,45 pp.
- OROMA. R-29. 3 tızbe. 1612 is. 137-139 pp.
- OROMA R-1 qor. 1 tızbe. 721 is. 314-315, 349-356 pp.
- OROMA. R-1 qor. 1 tızbe. 704 is. 18-21 pp.
- OROMA. r 39 qor. 2 tızbe. 454 is. 20-24 pp.
- OROMA. 17 qor. 1 tızbe. 860 is. 27-31 pp.
- OROMA. r-1 qor. 4 tızbe. 1380 is. 38-40 pp.
- OROMA. 1 qor. 1 tızbe. 325 is. 111 pp.
- OROMA. 86 qor. 1 tızbe. 5266 is. 5 pp.
- Tatımov M. Kazak aleml (kazaktyñ sany kansha). Almaty: Atamьra, 1993. 158 b.
- Terent'yev. M.A. Statisticheskiye ocherki Sredne-Aziatskoy Rossii. SPb.: Tip. Imp. AN, 1874. 129 s.
- Terent'yev M.A. Istoriya zavoyevaniya Sredney Azii. SPb.: Voyennaya tipografiya, 1906. 721 s.
- Topograficheskiy ocherk Turkestanskogo kraya. Orografiya i gidrografiya kraya. M., 1872. Vyp. 1. 90 s.
- Tursynov KH.T. Obrazovaniye Uzbekskey Sovetskey Sotsialisticheskey Respubliki. Tashkent: Izd-vo AN UzSSR, 1957. 341 s.
- Levshin A.I. Opisanıye kirgız-kazach'ikh ili kirgız-kaysatskikh ord i stepey. SPb., 1832. 304 s.
- Obzor Syr-dar'inskoy oblasti za 1895 g. Tashkent, 1896. 214 s.
- Ocherki khozyaystvennoy zhizni Turkestanskogo kraya. Tashkent.: Izd-vo TSNKH, 1921. 544 s.
- Otchet Syrdarinskogo ekonomicheskogo Soveshchaniya za 1921-1922 gg. khoz. god. Tashkent, 1925. 36 s.
- Shalekenov U.KH. Kazaxi nizov'yev Amu-Dar'i. K istorii yeybekterın atap ketu kerek vzaimootnosheniy narodov Karakalpakii v XVIII-XX vv. Tashkent: Fan, 1966. 336 s.
- Shalekenov U.KH., Shalekenov M.U. Istoriya i etnologiya narodov Amudar'i i Syrdar'i v XVIII-XX vv. Almaty: Kazak universitetı, 2003. 313 s.
- Yuferov V.I. Khozyaystvennyy byt kirgızskogo, sartovskogo i russkogo naseleniya yugo-vostochnoy chasti Chimkentskogo uyezda Syrdarinskoy oblasti. Tashkent: Tip. V.M. Il'ina, 1910. 159 s.
- Khoroshkhin A.P. Sbornik statey, kasayushchikhsya Turkestanskogo kraya. SPb.: Tip. A. Transhelya, 1876. 531 s.

Шашаев Ә.Қ.¹, Зикирбаева В.С.²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
жетекші ғылыми қызметкер, т.ғ.к.

Қазақстан, Алматы қ., E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
1 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ., E-mail: vini_89.kz@mail.ru

**ФОТОМАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Бұл мақалада этнографиялық фотодеректердің мазмұнына ықпал ететін бірқатар факторларды анықтау, олардың ерекшеліктері мен әсер ету дәрежесін талдау, алынған ақпараттың сапасын анықтау үшін жіктеудің маңыздылығын көрсету жүзеге асырылады. Ұсынылған фотодеректердің барлық сипаттамаларының жиынтығы этнографиялық фотоматериалдардың ғылыми әлеуетін анықтайды. Мақалада этнографиялық фотодеректердің бастапқы сыртқы талдау кезеңіндегі ғылыми дереккөзі ретіндегі әлеуетін анықтау жолдарын және мүмкіндіктерін табудың мәселелерін шешудің кейбір тәсілдері ұсынылады. Сондай-ақ, фотодеректердің жеке ерекшеліктерінің сипаттамалары мен түсініктері туралы бірқатар теориялық талдаулар жасалады. Осы мақалада біз этнографиялық фотоматериалдардың деректік пайдаланылуының күрделілігі мен әмбебаптығын көрсетуге және әртүрлі тәсілдердің ерекшеліктерін анықтап, зерттеуге тырыстық.

Кілт сөздер: фотосурет, дерек, музей, мұрағат, этнография, көркемсурет, материал, тәсілдер.

Шашаев А. К.¹, Зикирбаева В.С.²

¹ВНС, к.и.н., Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
Казахстан, г. Алматы., E-mail:shashaevaezhan@mail.ru

²Магистрант 1 курса Института истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы., E-mail: vini_89.kz@mail.ru

**ЗНАЧЕНИЕ ФОТОМАТЕРИАЛОВ КАК ИСТОЧНИКА
ПО ЭТНОГРАФИИ**

В данной статье определяется важность выявления ряда факторов, влияющих на содержание этнографических фотографий, анализ их особенностей и влияния, а также важность классификации качества получаемой информации. Краткое изложение всех особенностей предлагаемого фотоисточника определяет научный потенциал этнографических фотоматериалов. В статье представлены некоторые способы решения проблемы определения путей и возможностей этнографических фотографических источников при первичном внешнем анализе. Также проведен ряд теоретических анализов особенностей и характеристики

представленных фотографий. В этой статье мы постарались показать сложность и универсальность использования этнографических фотоматериалов и особенности разных подходов их изучения.

Ключевые слова: фотография, источник, музей, архив, этнография, искусство, материал, методы.

IRSTI 03.20

Shashaev A.K.¹, Zikirbayeva V.S.²

¹Leading Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences

Kazakhstan, Almaty. E-mail:shashaevaeuzhan@mail.ru

²1st year Master's Student of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty. E-mail:vini_89.kz@mail.ru

THE IMPORTANCE OF PHOTOMATERIALS AS A SOURCE ON ETHNOGRAPHY

This article defines the importance of identifying a number of factors influencing the content of ethnographic photographs, analyzing their characteristics and influence, as well as the importance of classifying the quality of the information received. A brief summary of all the features of the proposed photo source determines the scientific potential of ethnographic photographic materials. The article presents some ways to solve the problem of determining the ways and possibilities of ethnographic photographic sources during the initial external analysis. A number of theoretical analyzes of the features and characteristics of the photographs presented were conducted. In this article we tried to show the complexity and versatility of the use of ethnographic photographic materials and features of different approaches to their study.

Keywords: photo, source, museum, archive, ethnography, art, material, methods.

Кіріспе. Алғашқы кезден бастап фотосурет адамзат өмірінің ажырамас бір бөлігіне, өнер құбылысына, ғылыми таным мен әлемді бекітудің құралына айналды. Ол жарқын көркемдік бейнелерді ұсынады және оны көзбен шолу салаларын жасап, жазбаша және ауызша мәтінді алмастырып, қиялға дайын үлгі ұсына отырып, оны біздің жадымызда сақталған үлгілерге айналдырады. Ол уақыт пен кеңістікте қашықтықты еңсеруге мүмкіндік береді. Соның ішінде этнографиялық фотосурет көп қырлы және көптеген мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы мүмкін, ақпарат алу құралы және көптеген фактілер мен қорытындылардың ақиқаттығы мен жалған екендігін дәлелдейді. «Этнографиялық фотосурет» ұғымының өзі нақты анықтамаға ие емес, сондықтан зерттеушілер кеңінен және жүйесіз түсіндіреді. Мақалада этнографиялық дәрежеге жатқызуға болатын материалдар шеңбері бейнеленген. Этнографиялық фотосуретті дереккөз ретінде түрлі гуманитарлық ғылымдар өкілдері зерттейді. Мұның бәрі мәдениетте туған және мәдениетті білдіретін қайнар көзі ретінде техникамен жасалатын бейнені түсіну мен түсіндірудің бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуге ықпал етпейді.

Зерттеу жұмысы барысында этнографиялық фотоматериалдардан

бастапқы сыртқы талдау кезеңіндегі ғылыми дерек көзі ретіндегі әлеуетін анықтау жолдарын және мүмкіндіктерін табудың мәселелерін шешудің кейбір тәсілдері ұсынылады. Сондай-ақ, фотодеректердің жеке ерекшеліктерінің сипаттамалары мен түсініктері туралы бірқатар теориялық талдаулар жасалады. Осы мақалада біз этнографиялық фотоматериалдардың деректік пайдаланылуының күрделілігі мен әмбебаптығын көрсетуге және әртүрлі тәсілдердің ерекшеліктерін анықтап, зерттеуге тырыстық. Жеке мәселелерге назар аудару дереккөздің маңызының санқырлылығын, материалдың дайындалуы барысында қоршаған ортаның жағдайына тікелей тәуелділігін, сондай-ақ, өзінің әлеуетін ашып, теңдесі жоқ, бірегей ғылыми және мәдени ақпарат беру мүмкіндігін көрсететіндігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі фотоматериалдарды этнографиялық дереккөзі ретінде қарастырудың кешендік әдіс-тәсілін пайдалану болып табылады. Этнографиялық фотосуреттердің қалыптасуы кезеңдерінде, этнографияның тұтастай дамуына, фотосурет техникасына, экспедициялық жұмыстар әдістеріне, ғылыми және көркем үрдістерге және идеологияға байланысты кезеңдерді анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Сондай-ақ, ол көзге көрінетін дереккөз жасау мақсатына қатысты ғылым мен мәдениетте бұрын-соңды болмаған теңдесі жоқ құбылыстарды салыстыруға көмектеседі. Салыстырмалы-типологиялық әдіс фотоматериалдарды классификациялау, үқсас және әр түрлі сипаттамалар бойынша деректерді талдау үшін пайдаланылды. Құрамдас бөліктерді талдау тәсілі жалпы алғанда, дереккөзі ретінде фотоматериалдардың мүмкіндіктерін анықтау және сипаттау, әртүрлі ерекшеліктерді анықтау және салыстыру арқылы көрнекі (визуалды) материалды неғұрлым дәл оқуға әкелетін жаңа түсініктерді анықтауға жол ашады. Ұсынылған тәсілдер этнографиялық фотодереккөзі саласындағы зерттеулер үшін бастапқы нүкте болуға және қолда бар материалдарды сыни түрғыдан талдауға негіз болады. Бұл әдістер қолданыстағы материалдарды салыстырудың ескі критерийлерін қайта қарауға және жаңаларын анықтауға көмектеседі.

Фотосурет әртүрлі аспектілерде, бейнеге тән ерекшеліктерге - бейбітшілікті бекітудің техникалық құралы және авторлық шығарма ретінде қарастырылуы мүмкін. Фотобейнелерді топтастыру, олардың қасиеттері мен мүмкіндіктерін анықтау қажеттілігі этнографиялық ақпарат алу үшін фотодеректердің ішкі мазмұнын зерттеу, оның мағыналық және ақпараттық мүмкіндіктерін анықтау қажеттігіне байланысты баяғыда пісіп-жетілді, алайда бұл фотобейненің сыртқы формасының ерекшеліктеріне талдау жасамау мүмкін емес. Фотоматериалды жан-жақты талдау далалық зерттеу жұмыстары барысында алынған дереккөзді құру үшін ережелер мен әдістерді этнографиялық шындықты ақпараттық және шынайы көрсете алатындай етіп жасауға көмектеседі. Мұның бәрі, өз кезегінде, бейненің мазмұнын түсінікті, әрі қарай зерделеу және визуалды деректерді атрибуциялау үшін жарамды етеді.

Зерттеулер мен тарихнамалық талдау. Этнографиялық фотоматериал бойынша арнайы әдебиеттер бірнеше кезеңге бөлінеді. Олардың әрқайсысында фотоматериалдарды зерттеуде өз ерекшеліктері, өзекті тақырыбы, өз салалары және сыни талдау бағыттары бар. Мақалада отандық және шетелдік әдебиеттер қолданылды. Мысалы, Қазақстандық этнограф ғалымдар: С.Е. Әжіғали (С.Е. Әжіғали, 2014), Н.Әлімбаев (Н.Әлімбаев, 2015), А.Қалыш (А.Қалыш, 2013) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде этнографиялық мөлiметтердiң танымдық

деңгейін күшейте түсу үшін түрлі тақырыптағы фотосуреттер пайдаланылған. Қазақстан республикасының орталық мемлекеттік мұражайдың коллекциясы қазақтарға қатысты материалдардың ғана емес, сондай-ақ әлемнің түрлі ұлт өкілдерінің фотосуреттерін де қамтиды, және олардың құрылуымен байланысты мәселелер Н. Әлімбаевтың (Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті Алматы, 2018) атты зерттеулерінде және Орталық музей еңбектерінде (Труды центрального музея Алматы, 2004) жақсы көрсетілген. Этнографиялық фотоматериалдардың ерекшеліктеріне қатысты кейбір мәселелер отандық басылымдарда айтылмағанымен, олар шетелдік зерттеушілер тарапынан ішінара қарастырылды.

Негізгі бөлім. Зерттеу барысында анықталғаны, түсірілген суреттердің бейнелік мақсаттар үшін кеңінен қолданылғанына қарамастан, этнографиялық дереккөзі ретінде пайдалану сирек қолданыста болған. Отандық ғылымда фотосуреттердің этнографиялық материал ретінде қарастырылуы жақында басталды, бірнеше ондаған жылдар бұрын, түрлі мамандықтардың өкілдері оған көңіл аударып бастаған кезде ғана оның танымдық мүмкіндіктері ашыла бастады. Бастапқы кезеңдерде фотоматериалдарды сақтап, оның құндылық параметрлері мен іріктеу критерийлерін анықтауға тырысқан мұрағатшылардың жекелеген зерттеулері пайда болғандығын айта кеткеніміз жөн. Дегенмен, фотосуреттер қоғамдық ғылымдар саласындағы отандық мамандарды қызықтыра бастады, әсіресе Ресейде визуалды антропология бағытының пайда болуымен суреттердегі мәліметтердің шектеулі еместігіне көз жеткізілген кезде және фотосурет материалдары мәдениет пен қоғам өмірінің жеке қырларын зерттеу үшін тәуелсіз дереккөзі бола алатыны анықталған. Алайда соңғы онжылдықтарда пайда болған фотоматериалдар туралы зерттеулер кішігірім мәселелер төңірегінде ғана сөз қозғаумен шектелді. Көбінесе отбасылық фотомұрағаттар тақырыбына тоқталып, олардың қоғамдағы мәдени құндылықтарын зерттеуге бағытталған. Бірқатар зерттеулер фотосуреттің ішкі құрылымына, оның мазмұнын ашуға, ұжымдағы әсері мен қызметіне басым түрде мән берген. Фотосуреттердің, яғни, фотоматериалдың санқырлылығы оқылуы мен қолданыс аясының барлық мүмкіндіктерін, ғылыми фотосуреттің пайда болуы мен дамуының тарихын ғылыми түрде кешенді қарастыратын зерттеулер әлі күнге жоқ десек те болады. Бұл әсіресе, Қазақстандағы этнография саласындағы зерттеулерден анық байқалады. Тарихи кезеңдерде түсірілген кез келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл бере алады және мәңгілікке сақталады.

Фотодеректер маңызы қазіргі электрондық-мультимедиялық құралдардың күнделікті тұрмыста ғана емес, ғылым саласында кеңінен пайдаланылуы нәтижесінде ұзақ жылдар архив қойнауында жатып сарғайып, бедері кете бастағандарының өзін қалпына келтіріп қана қоймай, оның көмескі артқы көріністегі бөліктерінің сырын ашуға да зор мүмкіндіктер беруде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді» деген пікіріне жүгінер болсақ, айтылған тапсырмаларды

жүзеге асыру үрдісінде фотоматериалдардың маңызды орны бар екендігін атап айта аламыз (Н.Назарбаев, 2018).

Қазақ тарихына қатысты суреттердің басым көпшілігі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы кезеңде түсірілген. Фотосуреттің тарихы да осы кезден басталады. Қазақ даласына XIX ғасырдың ортасынан бастап көптеген фотографтар келген. Олар жай фотографтар ғана емес, саяхатшылар, зерттеушілер, этнографтар болды. Ішінара әскери адамдар, барлаушылар да қазақ даласын суретке түсіріп, иллюстрациясын бейнелеп тарихта қалдырды. Кей суреттер арнайы экспедициялардың нәтижесінде түсірілген. Мәселен, 1851 жылы жарыққа шыққан суретші А.Померанцевтің альбомын алайық. Бұл альбомның қазақ үшін құндылығы сондай, қазақтың біраз тұлғалары бейнеленген. Мұнда «Султан Большой орды Мамыр-хан Рустемов» деген сурет бар. Суреттегі Мамырхан сұлтан – Абылай ханның тікелей ұрпағы. Абылайдың Бабақ ханымнан (Қашқар бегінің қызы) туған Рүстем деген ұлы болған. XIX ғасырдың басында Рүстем сұлтан арғын руы мен Көкшетау уезін басқарған. Суреттегі Мамырхан сұлтан сол Рүстемнің ұлы. Сол сияқты Самуил Дудин, Александр Мелков, К.В. Щенников, П. Кошаревтің суреттері арқылы байырғы қазақтардың тыныс-тіршілігінен, олардың этнографиясынан хабардар болдық. Генерал Кауфманның басшылығымен құрастырылған «Түркістан альбомында» да қазақ тарихына қатысты құнды суреттер бар.

Этнограф, фотограф Самуил Дудин 1899 жылы Семей өңіріне жасаған экспедиция барысында түсірген фотосуреттерінен қазақтың күнделікті өмірін, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпын анық көруге болады. Мысалға, «Девушка в свадебной верхней одежде и головном уборе саукеле (фас)», «Богатая женщина с детьми» атты суреттерін алайық. Бұл фотосуреттерге қарап қазақтардың киімдерінің, сәукеленің қымбат маталардан тігілгенін, алтынмен, асыл тастармен безендірілгенін, нағыз алтын және күміс жіппен кестеленгенін байқауға болады (Сурет 1, 2). Яғни, ғасыр басындағы фотодеректердің арқасында салт-дәстүрлерімізден хабар беретін этнографиялық материалдар ала аламыз.

Сондай-ақ, Дудиннің коллекциясындағы қазақ тұрмысын бейнелейтін фотосуреттер ретінде асық ойнап жүрген балалардың, сиыр сауып, жүн сабап отырған әжелердің, күрескен балуандардың, етікшінің, домбырашының, киіз үйдің ішкі көрінісінің суреттерін атауға болады. Одан бөлек, өрнекті кебеже, адалбақан, ағаш аяқтар, тостағандар, ерлердің бас киімі, оқшантайы, кісе белбеу, әйелдер әшекейлері, сырғалар, жүзіктердің де суреті бар. Бұлардың басым бөлігі қазіргі қолданыстан шығып қалған, кейбіреулерін мұражайлардан ғана көре алсақ, ал біразы тіпті таптырмайды. Сондықтан да мұрағат қорларынан алынған фотодеректердің сол сәттің үнсіз куәгері мен жалғыз айғағы ретіндегі маңызы мен құндылығы неғұрлым уақыт өткен сайын арта түспек.

Осы тұрғыдан алғанда визуалдық фотосуреттердің өзіндік бір ерекшелігі - белгілі бір кезеңдердегі адамдардың тұрмысындағы этномәдени сипаттарды нақты боямсыз түрде, қимыл-қозғалыстың, этникалық стереотиптерінің үлгілерін, мінез, әрекет пен қозғалыста шынайы таңбалай алуында болып табылады. XIX ғасырдағы өлке тарихына қатысты визуалдық фотосуреттердің деректік мәлімет ретінде маңызы ерекше құнды.



*Сурет 1. Қалыңдық киімі мен сәукеле киген қыз.
(С.М. Дудин «Девушка в свадебной верхней одежде и головном уборе саукеле
(фас)» Қазақстан, Семей облысы, 1899 жыл)*

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы фотосурет дереккөздерін зерттеуге келгенде, бұл туралы тарихнама, құжаттарды зерттеу, мұрағаттану және деректану салаларында іргелі және теориялық-әдістемелік, монографиялық және қолданбалық зерттеулердің жоқтығын көреміз. Бұл мәселенің түйінінің шешілмей жатқандығы ең алдымен қазіргі таңдағы теориялар мен әдістердің жетілмегендігімен, техникалық кедергілерді еңсерудің қажеттілігімен, материалдардың құрамы туралы ақпараттардың аздығымен, анықтамалық кітаптардың және көрсеткіштердің жетіспеушілігімен байланысты (Магидов, 2005: 37-38).

Этнографиялық фотосуреттермен жұмыс жасау барысында зерттеуші оның нақты шектерінің, пайдалану мүмкіндіктерінің, ғылыми әлеуетінің анықталмағандығына тап болады. Яғни, белгілі бір суреттің қандай да бір басқа ғылым саласына емес, дәл осы этнографияға қандай сипаттамалары арқылы жатқызылатыны анық емес болып қала береді. Уақытына, мазмұнына

және материалдарына қарай сыныптау жасалмаған, арнайы терминология да жоқ. Тарихи көрнекі деректермен, жіктеу топтарымен жұмыс істеудің қажетті ғылыми-зерттеу әдістерінің болмауы, сондай-ақ тарихи дерек көздерімен және фотосуретке қатысты (құжаттық және көркемдік) бағыттарға байланысты жинақталған тәжірибенің жеткіліксіздігін көптеген зерттеушілер мойындайды (Лаврентьева, 1992: 180).



*Сурет 2. Ауқатты әйел балаларымен.
(С.М. Дудин «Богатая женщина с детьми»
Қазақстан, Семей облысы, 1899 жыл)*

Мұның бәрі қарапайым жүйелеудің және пәндік-тақырыптық кешендер деңгейіндегі үлкен топтаманың жетіспеушілігіне байланысты фотоархивтер зерттеу үшін үнемі қолжетімді бола бермейтінін көрсетеді: зерттеуші оқиғалар мен құбылыстың толық бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік бермейтін дербес құжаттарда қамтылған оқшауланған фактілер мен ақпаратпен бетпестелік келеді. Нәтижесінде визуалды дереккөздер сирек пайдаланылады және зерттеледі, олардың басылымдары негізінен иллюстрациялық болып табылады, сонымен қатар мазмұндық маңызын ашуға талпыныс жасалмайды (Барт, 1997: 14,56).

Фотосуреттер пайда болған сәтінен бастап адамзат өмірінің ажырамас бөлігіне, өнердің мәніне, ғылыми таным құралына және қоршаған әлемнің айнасына айналды. Ол жарқын қасиетті бейнелерді ұсынады және дүние түсініктерімізді төнкереді, жазбаша және ауызша мәтінді ауыстыратын көрнекі санаттарды жасап, қиялға қанат бітіретін үлгі ретінде жадымызда сақталған бейнелерге көңіл аудартады. Бұл уақыт пен кеңістіктегі

қашықтықты еңсеруге, қас-қағымдық бейне жасауға және болған жайды қаз-қалпында сақтап қалуға мүмкіндік береді (Вирильо, 2004: 42).

Сурет объектінің барлық бөлшектерін, тіпті адам көзі байқамағанның өзін де көрсететін, сол замандағылар тарапынан қоршаған ортаны бейнелеу мүмкіндігі бар және табиғаттың көшірмесі ретінде (сенімділігіне шек келтірмейтін) қабылданды. Ұйғарымның субъективтілігімен және шындықты көрсетумен байланысты мәселе шешілуі мүмкін, себебі механикалық көшіруге авторлық ештеңе қосу мүмкін емес. Механикалық фотосуреттің күшті және тартымды қырларының бірі бейнелеу өнерінің басқа түрлерінде қол жеткізе алмайтын объектінің дәл көшірмесін жасау мен тираждық таратылу мүмкіндігінің болатындығында.

Суретке түсіру өнер табыстары кезінде ешкім оның қолданылу саласының қаншалықты кең ауқымға ие болатынын ойлаған да емес еді. Дәл осы, суретке түсіру кинематографияның, тіпті қазіргі уақытта біздің өміріміздің маңызды бөлігін құрайтын заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының көбінің түпкі негізін құраған болатын.

Этнографиядағы суреттер туралы айтатын болсақ, фотосуреттер әртүрлі халықтар мен мәдениеттер туралы мифтерді жасады және олар көбінесе фотографиялық кескіндердің шынайылығына сеніммен қарады.

Фотосурет көпжақты дереккөздер ретінде кескіндік ерекшеліктеріне қарай – қоршаған ортаны айқындайтын техникалық көркемдік және авторлық туынды ретінде түрлі аспектілерде қарастырылуы мүмкін. Фотоматериалдардың кескіндемелерін жіктеу, олардың қасиеттері мен мүмкіндіктерін анықтау қажеттілігі пісіп жетілді. Себебі, этнографиялық ақпаратты алу үшін фотосурет деректерінің ішкі мазмұнын оқып, оның семантикалық және ақпараттық мүмкіндігін белгілеу қажет, бірақ бұл фотосуреттің сыртқы деректі түрінің ерекшеліктерін талдау жасауды игермей мүмкін емес. Цифрлық технологияның пайда болуы жаңа түсірілім әдісі ғана емес, сонымен қатар қоршаған әлемді көрсетудің жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуына әсер етті, сондықтан дереккөзді зерттеу әдістері біршама өзгеріске ұшырады. Бүгінде барлық жинақталған фотоматериалдарды ұзақ даму жолынан өткен арнайы дереккөзі ретінде бағалау қажет. Қоршаған ортаны кескіндеудің әртүрлі нұсқаларын зерттеу, қолда бар материалдарға басқаша көзқараспен қарауды ғана емес, сонымен бірге жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізуді негіздейді, сондай-ақ фотосуреттерді мәтін және аудио жазбалармен қатар ресми дереккөз ретінде бекітеді. Фотоматериалдарды жан-жақты талдау экспедициялық деректерді жасаудың ережелері мен әдістерін әзірлеуге, солай этнографиялық шындықтарды ақпараттылықпен және сенімдірек көрсете алатын болуға септігін тигізеді. Мұның бәрі, өз кезегінде, кескіннің мазмұнын неғұрлым түсінікті, одан әрі зерттеуге және көрнекі деректердің пайдаланылуын қолайлы етеді.

«Этнографиялық фотосурет» ұғымы нақты анықтамаға ие емес, сондықтан оны зерттеушілер өте кең мағынада және жүйесіз пайдаланып жатады. Мақалада этнографиялық сипатта болуы мүмкін бірқатар материалдар шеңбері қарастырылған. Негізгі критерий, ғылыми зерттеулерге арналған деректер санатына жатқызылуға тиісті кескіндеменің мазмұны, суретті түсіру кезінде автордың басшылыққа алған түпкі мақсатынан туындайтындығында жатса керек. Бұл фотоматериалдың мазмұнын және оның түсірілу тәсілін анықтайтын қағида. Осылайша, түсірілу мақсатын дәл анықтау ғылыми дереккөздің шекараларын нақты анықтауға және қажеттілігі маңызды емес дегендерді пайдалы ақпаратты бере алатын суреттер ауқымынан толығымен

алынып тастауға мүмкіндік береді.

Осыған сүйене отырып, этнографиялық ғылымның мүдделеріне сәйкес келетін дәрежесіне қарай деректердің үш тобын атап кеткеніміз жөн:

- этнографиялық ғылым үшін арнайы түрде әзірленген материалдар;
- этнографиямен шектесетін ғылымға арналған материалдар;
- кейбір жағдайларда этнографиялық дереккөзге айналуы мүмкін «Ғылым төңірегіндегі» деп аталатын фотоматериалдар.

Дереккөздің кешенділігі де маңызды: ол бірыңғай, кездейсоқ материал бола ма, әлде бір бейнесі екіншісін толтыратын біртұтас жиын болып табылады ма деген. Қолданыстағы фотосуреттердің ғылыми мақсаттарға қаншалықты жарамды екендігін анықтау да маңызды. Бұл қор жинауды қалыптастыру кезеңінде мұрағат қорына қалай қосылғандығы және ғылыми экспедициядан әкелінген фотосурет немесе кездейсоқ кескіндемелер арнайы экспозицияға қалай түсірілгені туралы сұраққа жауап береді (Шашаев, 2017: 100). Коллекцияның шығу тарихын зерделеу оны ғылыми материал ретіндегі немесе этнографиялық сипаты бар деректердің маңыздылық деңгейін нақтылауға мүмкіндік береді. Осылайша, суреттер коллекциясының құрамы мен келіп түсу тәсілдерін үш топқа бөлуге болады:

- фотоматериалдардың толық кешенді емес, мәдени құбылыс туралы жалпы түсінік бермейтіндер;

- кәсіби емес этнографтардан келіп түскен материалдар. Мұражайға сыйлықтар ретінде, сатып алу жолымен және басқа жолдармен алынған коллекциялар;

- саяхат, экспедициялар барысында, этнографтардың көп жылғы зерттеулері нәтижесінде жинақталғандар.

Жоғарыда ұсынылған екі классификация салалық бағытына қарай, фотосуреттің деректік көзқарас тұрғысынан жинақталу мақсатына сәйкес сипатына ие болады. Міне сондықтан, олардың шеңберінде материалдар мазмұндық жағынан тағы да бөлшектенуі керек.

Этнографияға жақындау тұратын әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың фотоматериалдары арасында бірінші классификацияның жалғасы ретінде: антропометриялық, тарихи, әскери-топографиялық, фольклорлық-филологиялық және басқа да фотосуреттер түрлерін атап айтуға болады. «Ғылым төңірегіндегі» деп аталатын деректердің арасында көбінесе коммерциялық, отаршылдық, миссионерлік, әскери, қалалық және т.б. түрлері жиі ұсынылған. Аталған фотосуреттердің барлық топтары ақпараттық мазмұны мен шынайылығы жағынан әртүрлі деңгейлерімен ерекшеленеді. Зерттелетін коллекцияның немесе жеке суреттің мәртебесін түсіну, қолжетімді деректердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік жасайды.

Этнографиялық фотосуретте түрлі жанрлардың таралуы да кескіндік суреттерді талдау үшін өте маңызды болып табылады. Жанрдың анықтамасын жасау, суреттің түсірілім кезіндегі құрылымына ықпал етеді, сондай-ақ маманның немесе кездейсоқ саяхатшының осы салада жұмыс істеп жатқандығы және зерттелетін мәдениетке қаншалықты тереңірек енгені туралы мәлімет береді.

Фотоматериалдар дереккөзінің ерекшеліктері туралы көп ақпаратты фотограф пен ол түсірген мәдени нысанның бір-бірімен өзара әрекеттесуін анықтау арқылы алуға болады. Өз мақаламызда фотограф пен түсірілетін зат арасындағы байланыстың бес деңгейін көрсету ұсынылады, бұл фотосуреттің кескіндемесінің әртүрлі дәрежеде неғұрлым шынайылығын немесе одан кем шынайылығын сипаттайды: жансыз заттарды түсіру; субъектілер өздеріне

бағытталған камераны көрмейді; түсуші нысан суретке түсіру фактісін біледі; алдын ала дайындалған түсіру түрі. Фотограф және нысан өзара қарым-қатынаста болады, камерада жұмысы жалғасуда, шынайы өмірдің көрінісі ретіндегі артқы пландағы мәдени мәтін бар; нысанның және фотографтың өзара әрекеті алдыңғы жағдайдағыдай болғанымен артқы план жоқ (студияда түсіру немесе жасанды фонда).

Фотосуреттің мазмұндық қырларының, оның айналасындағы шындықты бейнелеудегі мүмкіндіктері және көрерменге қалай көрінетіні, өз кезегінде көптеген факторларға тәуелді.

Бұл жерде, технологияның мүмкіндіктерінің бірте-бірте жақсаруы маңызды рөл атқарады. Оптика жасаудың дамуы және одан да күрделі камералардың пайда болуы суреттердің сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен бірге кез-келген жағдайда суретке түсіруге мүмкіндік берді. Бұл суретке түсірілген ақпараттардың сапасына және оны одан әрі пайдалану мүмкіндігіне әсер етті. Қазіргі таңда суретке түсірудің дұрыс әдісін, фотоматериалдағы толық ілеспе деректердің бар болуын ескеріп, көбіне фотосуреттерге назар аударатырып, көптеген тұрмыстық аспектілерін зерттеуге мүмкіндіктер туындағанын айтуға болады.

Фотосурет дереккөзінің құрылуының, мазмұнының және оқудың ерекшелігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі - мәдени стереотиптер. Бұл этнографиялық тәсіл шеңберіндегі фотосуретті зерттеудің қызықты қыры. Бұған кейбір халықтардың өзгелер туралы, өзі туралы танымының кескіндемесін жатқызуға болады, сондай-ақ мәдени құбылыстарды үш тұлғаның әрекеті арқылы: суретке түсуші, фотосуретке түсіретін адам мен көрерменнің қатысуымен қабылдаудың мүмкіндігі. Фототүсірілімдегі стереотиптердің көрінісі өзінің жеке стандарттарына ие және әртүрлі түрлерге бөлінеді, олар сурет түрлерінің ең көп таралған топтарына негізделген.

Кескіндердің мазмұнына этнографиядағы ғылыми ағымдар үлкен әсер етті. Мұнда белгілі бір теория шеңберінде жұмыс істеген зерттеушілердің өздерінің ғылыми мақсаттарына қаншалықты фотодеректерді басым түрде тартып, ұсынылған теорияны растау үшін кескіндердің идеясына жүгінгені маңызды рөл атқарды.

Этнографиялық фотосуреттердің ақпараттың әмбебаптығына зерттеушілердің сирек жүгінетіндігі жекелеген мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген фотосуреттер уақыт өте келе өз құндылығын жоғалтады. Бұл мәдениетті зерттейтін ғылым ретіндегі этнографияда ғана емес, ғылым тарихының дереккөзі болып қалады. Дегенмен, кейбір мұны қаперге алғысы келмейтін кейбір заманауи ғалымдар өздерінің теорияларының дәлелі ретінде және сипаттамадағы иллюстрациялар ретінде бұрынғыдай пайдалануын жалғастыруда.

Қорытынды. Сурет мазмұнына этнографиядағы ғылыми ағымдар үлкен әсер етті. Бұл жерде белгілі бір теория аясында жұмыс істеген зерттеушілер өздерінің ғылыми мақсаттары үшін фотоматериалдарды дереккөз ретінде қаншалықты қарқынды тартқаны, сондай-ақ оны қалай қалыптастырғаны, ұсынылған теорияны растау үшін сурет идеясына салуға тырысқан мазмұндық сипаттамасы да зор маңызға ие болады.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнограф ғалымдары, атап айтқанда тарих ғылымдарының докторлары, профессор С.Е. Әжіғали мен А.У. Токтабай алыс-жақын шетелдер – Қытай, Монғолия және Өзбекстандағы қазақ диаспораларының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен сыр шертетін фотоматериалдардың мол қорын жинақтап,

арнайы экспедициялардың нәтижелі болуын қамтамасыз етті. Міне осы ұзақ жылдар жалғасын тауып келе жатқан бұл экспедициялар фотоматериалдары талай жылдарға этнограф ғалымдардың зерттеу нысанасына нәр беретіні анық. Былтырғы, 2018 жылғы Алтай өлкесі, Монғолиядағы Баянөлгей қазақтарының тұрмыс-тіршілігін зертеу бағытын ұстанған арнайы этнографиялық экспедицияның құрамында фотоға түсіруші ретінде В.Зикирбаева талай құнды заттар мен көріністердің фотошежіресін тіркеуге алған болатын. Ал, олардың ғылыми айналымға тартылуына экспедиция жетекшісі С.Е. Әжіғалидың материалдарды тыңғылықты талдап, ғылыми негіздемелер жасауы нәтижесінде алынған қортындылары негіз болмақ.

Сонымен, біз этнографиялық фотодеректердің мазмұнына ықпал ететін бірқатар факторларды анықтадық, олардың ерекшеліктері мен әсер ету дәрежесін талдап, алынған ақпараттың сапасын анықтау үшін жіктеудің маңыздылығын көрсеттік. Ұсынылған фотодеректердің барлық сипаттамаларының жиынтығы этнографиялық фотоматериалдардың ғылыми әлеуетін анықтайды. Бүгіндей топтамаларды немесе бірлі-жарым суреттерді талдау кезінде жинақталған деректер кескіндемелерді шынайы түсіндіру мен алынған ақпаратты дәлірек бағалауға көмектеседі.

Зерттеуді қорытындылай келе, тұтастай алғанда фотодеректі пайдалану, соның ішінде этнографияға байланысты мәселелердің ең өзекті бөлігі ғана қарастырылғанын атап өткеніміз жөн. Тақырыпты толығымен ашу мүмкін емес, өйткені Қазақстанда фотосуреттің құбылысы және оның мәдениет пен ғылым үшін маңызы әлі де жеткілікті зерттеле қойған жоқ.

Әдебиеттер:

Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. Павлодар: «Кереку», 2008. Б. 2. 260 б.

Әжіғали С.Е. Маңқыстау мен Үстірт ескерткіштері (Памятники Манкыстау и Устюрта / Monuments of Mankystau and Ustyurt) кітап-альбом. Серік Әжіғали. Алматы: «Өнер» баспасы, 2014. 504 бет.

Әлімбаев Н. Ресей этнографиялық музей қорындағы (Санкт-Петербург қ.) қазақтың тарихи этнографиясына байланысты құндылықтар хақында / Н. Әлімбаев // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, Вестник КазНУ. Серия историческая. 2015. № 3. С. 252

Барт Р. Camera lucida. М., 1997. С. 14, 56.

Вирильо П. Машина зрения. СПб., 2004. С. 42.

Қалыш А.Б. Этнологияның іргелі мәселелері: оқу құралы Қалыш А.Б. Алматы: Қазақ университеті, 2013. 150 б.

Қалшабаева Б.К. Әлем халықтарының этнографиясы: оқу құралы/Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2017. 209 б.

Лаврентьева Л.С. Каталог иллюстративных коллекций отдела Европы МАЭ // Сборник МАЭ. Из культурного наследия народов Восточной Европы. СПб., 1992. Т. XLV. С. 180:

Магидов В.М. Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания. М., 2005. С. 37-38.

Н.Ә. Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры // Егеменді Қазақстан, 21 қараша 2018 жыл.

Төлеубаев Ә.Т. Қазақтың көне сенімдері – ұлт руханиятының өзегі // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, Вестник КазНУ. Серия историческая. №4 (87). 2017. 4-8 б.

Труды центрального музея. Алматы, 2004. С. 395.

Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік ағылшын, орыс тілдерінде) Алматы: Мемлекеттік орталық музейі, 2018. 368 б.

Шашаев Ә.К. Н.Сәбитов-Қазақстан этнографиясын зерттеуші // Отан тарихы. Ғылыми журнал. Алматы, 2017. № 1 (77). 97 б.

References:

Artykbaev Zh. O., Sabdanbekova A. A., Elemesov A. K., Dauenov E. N. Dasturlı kazak etnografıyası: oku-adıstemelik kuraly. Pavlodar: «Kereku», 2008. B.2. 260 b.

Azhigali S.E. Mankystau men Usturt eskertkyshteri (Pamyatniki mankystau i Ustyurta / Monuments of Mankystau and Ustyurt) kitap-albom. Serik Azhigali. Almaty: «Oner» baspasy, 2014. 504 bet.

Alimbai N. Resei etnografıyalyk muzei koryndagy (Sank-Peterburg k.) kazaktyn tarihi etnografıyasyna bailyNSTy kundylyktar hakynda / N. Alimbai // KazUU habarshysy. Tarih serıyası, Vestnik kaznu. seriya istoricheskaya. 2015. № 3. S. 252

Bart P. Camera lucida. M., 1997. S. 14, 56.

Virilo P. Mashina zreniya. SPb., 2004. S. 42.

Qalysh A.B. Etnologıyanıń ırgely maseleleri: oku kuraly/ Qalysh A.B. Almaty: Qazaq unıversıtety, 2013. 150 b.

Qalshabaeva B.K. Alem halyqtarynyn etnografıyası: oku kuraly/B.K. Qalshabaeva. Almaty: Qazaq unıversıtety, 2017. 209 b.

Lavrenteva L.S. Katalog illıustratıvnyh kolleksii otdela Evropy MAE // Sbornik MAE. Iz kulturnogo naslediya narodov Vostochnoi Evropy. SPb., 1992. T. XLV. S. 180:

Magıdov V.M. Kinofotofonodokumenty v kontekste istoricheskogo znaniya. M., 2005. S. 37-38.

Tyleubaev B.T. Qazaqtyn kone senımderi – ult ruhaniyatynyn ozegi // QazUU Habarshysy. Tarih serıyası, Vestnik KazNU. Serıya istoricheskaya. №4 (87). 2017. 4-8 b.

Trudy tsentralnogo muzeıya. Almaty, 2004. S.395

Uly dalanyń tarihi-madeni kelbeti. Gylymi katalog (qazaq, turik agylshyn, orys tilderinde) Almaty: Memlekettik ortalyk muzeii, 2018. 368 b.

Shashaev B.K. N.Sabitov-Qazaqstan etnografıyasyn zertteushi // Otan tarihy. Gylymi jurnal. Almaty, 2017. № 1(77). 97 b.

Қайыркен Т.З.¹, Ильясова З.С.²

¹Тарих ғылымдарының докторы,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры.
Қазақстан, Астана қ., E-mail: kairkentz@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры.
Қазақстан, Астана қ., E-mail: zita.08@mail.ru

**ҚЫТАЙ ЖӘНЕ АРАБ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨНЕ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕРІ**

Мақалада көне «Жібек жолының» қазақстандық бөлігінде орналасқан ежелгі және ортағасырлық қалалар мен елдімекендерді зерттеуге басымдық берілген және Қазақстан мен Орта Азияның батыс пен шығыс қарым-қатынасындағы орны мен рөліне тоқталған. Су Бэйхай, Сюй Сюйя, Б. Көмеков, З. Ильясова секілді қазіргі заман зерттеушілері мен араб және қытай деректеріне негізделіп, ерте және ортағасырлардағы Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі көне қалалар мен олардың орны, бағыттары, ара қашықтығы зерттелген. Әсіресе, отандық және шетелдік ғалымдар көптен бері түсінбей келген «Екі Мыңбұлақ» жайында тоқталып, қытай деректеріндегі Мыңбұлақ пен араб деректеріндегі Мыңбұлақты деректану тұрғысынан зерттеп-зерделеп, шын мәнінде, екі Мыңбұлақтың бар екені анықталған. Олардың біріншісі Сюань Цзанының «Ұлы Тан патшалығының Батыс өлке туралы жазбаларында» айтылатын Меркедегі Мыңбұлақ болса, екіншісі, Ибн Хордадбех пен Қудам ибн Жафардың және «Таң кітабы. Түркілер баянында» айтылатын Шаштың терістігіндегі Мыңбұлақ екенін, екіншісінің орны Тараздың батысында, яғни қазіргі Жуалы ауданының шегіндегі Шакпақ-ата өңірінде болғанын анықтайды. Сонымен бірге Шаш, Испиджаб, Мыңбұлақ, Тараз, Мерке, Сұяб қалалары мен елді мекендерінің бағыты мен арақашықтығы анықталған.

Кілт сөздер: Оңтүстік Қазақстан, ерте ортағасырлар, көне қалалар, бағыттары, арақашықтығы, қытай деректері, араб деректері, салыстыру.

МРНТИ 03.20

Қайыркен Т.З.¹, Ильясова З.С.²

¹Доктор исторических наук, профессор кафедры востоковедения,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева.

Казахстан г. Астана, E-mail: kairkentz@mail.ru

²К.и.н., и.о. профессора кафедры востоковедения,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева.

Казахстан г. Астана, E-mail: zita.08@mail.ru

**ДРЕВНИЕ ГОРОДА И ПОСЕЛЕНИЯ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА
ПО КИТАЙСКИМ И АРАБСКИМ ИСТОЧНИКАМ**

В данной статье было уделено особое внимание вопросам изучения древних и средневековых городов и населенных пунктов Казахстана в участке

прохождения древнего Шелкового пути, а так же было рассмотрено место и роль Казахстана, а также Средней Азии во взаимоотношениях Востока и Запада. На основании работ современных исследователей Су Бэйхая, Сюй Сюйя, Б.Кумекова, З.Ильсовой и арабо-китайских источников исследуются древние средневековые города Южного Казахстана, а также их расположения, расстояния и направления. Особенно уделяется внимание изучению понятия «Двойной Мыңбулак», которое встречается в трудах отечественных и зарубежных ученых. На основании источниковедческого анализа, выдвигается вывод о существовании двух местностей с названием «Мыңбулак». Первая из них, согласно запискам Сюнь Цзаньню расположено в районе Мерке. Вторая, согласно Ибн Хордадбеку, Кудама ибн Джафару и «Таншу. Туцзюэ цзуань» была расположена на севере древнего города Шаш. Так, согласно «Туцзюэ цзуань», определяется местоположение второго Мыңбулака в районе Шақпақ ата в западном направлении от г. Тараз, ныне принадлежащий Джувалинскому району. Наряду с этим определены местоположения городов Шаш, Испиджаб, Мыңбулак, Тараз, Мерке, Суяб и расстояния между ними.

Ключевые слова: Южный Казахстан, раннее средневековье, древние города, поселения, направления, расстояния, китайские источники, арабские источники, сравнение.

IRSTI 03.20

Kairken T.¹, Ilyassova Z.S²

¹Prof. Dr., L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Department of Oriental Studies, Kazakhstan, Astana. E-mail: kairkentz@mail.ru

²Assoc. Prof. Dr., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of
Oriental Studies, Kazakhstan, Astana. E-mail: zita.08@mail.ru

ANCIENT CITIES AND SETTLEMENTS OF SOUTH KAZAKHSTAN IN CHINESE AND ARAB SOURCES

This article paid special attention to the study of ancient and medieval cities and settlements of Kazakhstan in the way of the ancient Silk Road, and also considered the place and role of Kazakhstan, as well as Central Asia in relations between East and West. Based on the works of modern researchers Su Beihai, Xu Xu, B. Kumekov, Z. Ilyassova and Arab-Chinese sources, the ancient medieval cities of South Kazakhstan are explored, as well as their location, distance and direction. Particular attention is paid to the study of the concept of «Double Mynbulak», which is found in the writigs of domestic and foreign scientists. On the basis of source analysis, a conclusion is made about the existence of two localities with the name «Mynbulak». The first one, according to the notes of Xun Zangnu, is located in the Merke area. The second, according to Ibn Hordadbeh, Quda Ibn Jafar and «Tanshu. Tujue Zuan» was located in the north of the ancient city of Shash. Thus, according to «Tujue Zuan», the location of the second Mynbulak in the Shakpak ata region in the western direction from the city of Taraz, now belonging to the Dzhualy region, is determined. Along with this, the locations of the cities of Shash, Ispidzhab, Mynbulak, Taraz, Merke, Suyab and the distances between them are determined.

Key words: South Kazakhstan, the early Middle Ages, ancient cities, settlements, directions, distances, Chinese sources, Arab sources, comparison.

Кіріспе. Әлемдік өркениет тарихында елеусіз қалған, әлі де болса көп зерттелмеген бір аймақ бар. Ол – Орта Азия. Орта Азия өзінің табиғи жаратылыстық шарт-жағдайының, Батыс пен Шығыс арасындағы қолайлы жайғасымының және еңбекшіл, парасатты тұрғындарының арқасында адамзаттың шаруашылық-мәдени, рухани дамуы үшін айырықша үлес қосқан аймақ. Соның ішінде Қазақ жерінің көне қалалары ертеден батыс пен шығыс саяхатшыларының, көптеген зерттеушілердің назарын өзіне тартып келеді. Олай болатыны бұл қалалар Батыстан және Шығыстан келетін Жібек жолын бір бірімен жалғастырып жатты. Ұзақ тарихи кезеңдерде Жібек жолы осы қалалар арқылы байытылып отырды. Қытай ғалымдарының пікірінше, «Жібек жолының орталық бөлігі Азияның кіндік тұсындағы Орта Азиядан өтеді, яғни, тарихта кең ауқымда айтылатын осынау «Батыс аймақ» Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан елдері мен Қытайдың Шыңжаң өлкесін қамтиды» (Гэ Чэнъюн 2006: 26).

Араб халифаты дәуірінде арабтардың Шығысты жаулап алуы, синкретикалық мұсылман мәдениеті мен ислам дінінің ықпал өрісін кеңейту ісіндегі белсенділігі, мұсылман дүниесінің саяси шекарасынан тыс жатқан алыс аймақтарымен сауданың дамуы арабтарды Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның көршілес елдері жайлы, алыстағы халықтар мен тайпалар туралы ақпарат жинауға құлшындырды. Арабтардың ортағасырлардағы тарихнамасының Қазақстан аймағына ерекше ден қоюы олардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлерін нығайту және Қазақстанның көшпелі тайпаларынан сыртқы қауіпсіздікті қамтамсыз ету қажеттігімен де байланысты болды (Көмеков, 2000: 82–85).

Ол кезде арабтар бір тараптан түрлі ақпараттар алуды мақсат етсе, енді бір жақтан дін таратуды, сонымен бірге Қытайдың өнерін, ғылымы мен мәдениетін зерттеп-үйренуді де мақсат етті. Сондықтан Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар «Білім үйренейік, ол алыстағы Қытайда» дейді. Оның Қытай туралы білімдері Қызыл теңіз жағасындағы несториандар мен Араб түбегінің сауда-саттығын өз қолына алған парсылық зороастристерден келген болатын. Сонау 616 жылдың өзінде-ақ, 101 мұсылман Меккеде дін тарату қиын болғандықтан, Зафар дегеннің бастауында Абисинияға барып, одан кемемен Қытайдың Фуцзянь өлкесінің Цуанчжоу деген жеріне келіп дін таратумен айналысады (Чэн Фувэй, 1985:172). «651 жылы Парсы патшасы Иездигерт қастандыққа ұшыраған соң, алғашқы Араб елшісі Қытай астанасы Чан-анға барды. Бұдан соң олардың келуі жиіледі. 651 жылғы алғашқы елшіліктен бастап 798 жылғы ең соңғы елшілік миссиясына дейінгі 148 жылда олардың елшілері Қытайға 39 рет келген» (Чэн Фувэй, 1985:131). Демек, сол кезден бастап Қытайға қарай күрлық және теңіз жолы бірдей ашылған. Дегенмен, сол кездегі тарихи шарт-жағдайға байланысты, қауіп-қатерге толы теңіз жолына қарағанда, күрлық жолының маңызы әлде қайда жоғары еді.

IX ғ. көшпелі түркі тайпалары, арабтар жаулап алған Мауреннахрмен іргелес жатқан аймақтар бірте-бірте ислам дінін қабылдай бастады. Мұсылман әлемінің сауда және дін өкілдерін тек қана Оңтүстік Қазақстан ғана емес, Орталық Азияның шалғайдағы жерлері, Шығыс Еуропа және Қиыр Шығысқа дейінгі жерлер қызықтырды. Мұсылман қалаларынан шыққан сауда жолдары Сырдариядағы көшпелі оғыз бірлестіктеріне, Ертістегі кимектерге, Енесейдегі қырғыздарға, Еділдегі бұлғарлар жеріне дейін жалғасып жатты. Арабтардың Оңтүстік Қазақстандағы, Батыс Жетісудағы жаулап алған жерлерін нығайту үшін және Қазақ даласындағы көшпелі жауынгер тайпалардан сыртқы қауіпсіздігін қамтамсыз ету үшін, халифат ортағасырлық араб ғалымдары

мен саяхатшыларын олар жайлы зерттеуге жұмылдырды (Кумеков, Кумекова, 2010:5).

VIII-IX ғғ. халифаттың дамуы мен нығаюында салық жүйесіне байланысты, бірнеше мемлекеттік міндеттер тұрды. Әрине, арабтар қол астындағы халықтардың шаруашылық-қаржылық жүйесін негіз етіп пайдалануына болар еді. Дегенмен, жағдайдың өзгеруіне байланысты, заттай және ақшалай алынатын салық мөлшері, егін және өнеркәсіп шаруашылық өнімдері және аймақтардың бөлінуі, халық қоныстанған жерлер туралы нақты сенімді мәліметтер қажет болды. Сондай-ақ, маршруттар мен пошта бекеттерінің арақашықтығы көрсетілген хабарламалар және бұдан өзге де нақты мағлұматтар бір орталықтан басқару жүйесі үшін қажет болды (Крачковский, 2004: 17).

Арабтілді шығармалар жазылу сипаты мен хабарлайтын мағлұмат мазмұнына қарай тарихи, жағрафиялық, энциклопедиялық және саяхатшылық жазбалары делінген бірнеше түрге бөлінеді. Ал, араб ғалымдарының жағрафия ғылымы саласындағы еңбектері негізінен математикалық немесе астрономиялық және сипаттамалық жағрафия болып екі бағытта дамыған. Осы екі бағыттың арасында араб жағрафиялық әдебиетінде сипаттамалық бағыт басым болды.

Ал, қытай деректеріне келсек, олар негізінен б.д. 624 жылдан 772 жылға дейін Орта Азиядағы түрлі елдер мен Қытайдың Таң империясы арасында 149 жылға жалғасқан тығыз қарым-қатынастар мен одан кейінгі кездердегі байланыстарға арналған. Оу Янсю, Сун Ци қатарлылардың «Жаңа Таң кітабы», Суан Цзанның «Ұлы Таң патшалығының Батыс өңір естелігі», Цзя Даньның «Хуанхуа- сыдаци» қатарлы деректер Орта Азиядағы жібек жолы бойындағы қалалар мен елдімекендердің орналасу жағдайын, арақашықтығын анықтауға мүмкіндік береді.

751 жылы Талас шайқасында арабтарға қолға түсіп, Орта Азия мен араб елдерінде болып, кейін Таң еліне қайтарылған Ду Хуан Қазақстан мен Орта Азияда өзі көрген қалалар туралы баяндайды. Ол Шу және Талас өзендерінің бойында «қалалар мен кенттер жиі кездесіп отырады. Осынау ұлыстар мен тайпалардың арасында әр түрлі қақтығыстар да жиі болып тұрады. Сондықтан жайшылықта жер өңдеуші дихандардың өзі қару-жарақ асынып жүреді. Өздері қарақшылық пен ұрлық-зорлыққа бейімдеу келеді. Қарулы қақтығыстарда қолды болған тұтқындарды өздеріне күл-күң ретінде пайдалана береді» (Ду Хуан сисинци, 2005:42.),-дейді. Бұл қазақ жерінің ең шұрайлы қоныстарының бірі болған Шу мен Талас өңірі ерте замандардан адамдар жиі қоныстанған елдімекендерімен әйгілі екенін, бұл жерлердің жібек жолындағы стратегиялық орны төтенше маңызды болғандықтан, жергілікті халық ұдайы қару-жарақ асынып жүретіндігін, сондай-ақ, осы жерлер арқылы ары-бері өтетін жүргіншілердің де көп болғанын көрсетеді.

Араб саяхатшыларының географиялық еңбектерінде де Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалар, ауылдар және олардың тұрғындары, елді-мекендер туралы нақты құнды мәліметтер жазып қалдырды. Бұл жазбалар, ортағасырдағы Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосты. Араб географтары мен саяхатшыларының мағлұматтарының арқасында ортағасырлық қалалар, елді-мекендер, тайпа атаулары, жер атаулары, сауда жолдарының маршруттары, сол аймақтың шаруашылық және діни өмірі туралы мол мағлұматтар алынды.

Жібек жолының солтүстік тармағы, Талас және Шу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар туралы нақты географиялық сипаттама берген

араб саяхатшылары мен географтарының ішінен Тамим ибн Бахр (IX ғ.), Ибн Хордадбех (IX ғ.), Кудам ибн Жафар (X ғ.), Ибн әл-Факих (X ғ.), әл-Мукаддаси (X ғ.), әл-Истахри (X ғ.) және Әл-Идрисилердің (XII ғ.) бөліп айтуға болады. Олар да өз еңбектерінде Шу, Талас өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен елдімекендерінің атаулары мен ара-қашықтығын көрсеткен. Бұл бізге қытай және араб авторларының еңбектерін салыстыру арқылы Орта Азияның сол кездегі географиялық жағдайын, Жібек жолы бойындағы қалалардың орнын дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте біз үшін маңыздырағы Қазақстан жері арқылы өткен Жібек жолының солтүстік тармағы болып табылады. Жібек жолының тарихнамасында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан Тянь-Шань тауын айқын географиялық табиғи белгі ретінде ала отырып, ежелгі сауда-керуен жолдарын солтүстік және оңтүстік ления деп екі үлкен бөлікке бөледі. Бұл негізгі артерия десек, оған келіп қосылатын және бөлініп кетіп жататын тағы көптеген жол тармақтары бар.

Жазба деректердегі қалалар мен елді мекендердің ара-қашықтығын көрсеткен сипаттамалар араб саяхатшыларының осы екі бағытпен де жүргенін айғақтайды. Олардың баяндауларына қарағанда, араб саяхатшылары Бағдаттан шығып, солтүстік Месопатамия арқылы Иранға, одан соң солтүстік-батысқа қарай ойысып, Хорасанға келген, осы жерден Орта Азияға баратын жол басталған. Орталық Азияның қақпасы ретінде Мерв¹ (қазіргі Мары, Түркіменстан) болды. Қытай зерттеушілері де 8-10 ғасырларда Орта Азиядан Қытайға баратын жол Хорасандағы Мервтан басталады. Бұл жол «Үлкен Хорасан жолы» деп аталады дейді (Сюй Сюя, 2000:53). Ибн Хордадбех пен Кудам ибн Жафар осы жолдың маршруттарын тәптіштей жазады. Мервтан шыққан саяхатшылар Амұлға (қазаргі Чаржоу, Түркіменстан) жылжып, одан соң Бұхара арқылы Самарқандқа барған.

Саяхатшылар Самарқандтан Заминге² (Өзбекстан) қарай жүретін еді. Мұнда сауда жолы екі тармаққа бөлініп, бірі Ферғана³ (оңтүстік) және екіншісі Шаш (түрк)⁴ (Караев, 1968: 65). Бұл солтүстік жолдың басталу нүктесі.

Оңтүстік жол қосымша жол болғаны себепті, ол туралы Кудам ибн Жафардан басқа араб географтары баяндамаған.

Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы, яғни түрк жолы Заминнен басталып, Түрік көлінен⁵ (қазіргі Шыршық) Шашқа (Ташкент)⁶ қарай жылжыған. Шаштан жол Исфиджабқа⁷, одан Таразға⁸ қарай бағытталған. Араб саяхатшыларының жазбасындағы қалалар мен елдімекендердің арақашықтығы қазіргі орындарымен сәйкес келеді. батысында Жалғышағаштың бұлағына дейін 420 км-ге созылып жатқан Қаратаудың оңтүстік-шығыс етегімен Ұлы Жібек жолының Солтүстік (Шаш-Түрік) тармағы өткен (Елеуов, 2001: 6), -дейді.

Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының Қазақстанның оңтүстігі

1. Қытайша 木鹿 немесе 谋夫

2. Қытайша 扎敏 Zamin, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

3. Қытайша 木鹿 Fergana, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

4. Қытайша 石国 немесе 赭时, қытайша да Түрік басқа қала.

5. 突厥河 түрік өзені. Мағналық аударма.

6. Қытайша 石国 Shash, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

7. Қытайша 白水城 Isbijab, мағналық аударма. Аксу дегенді білдіреді.

8. Қытайша 怛逻斯 Taraz, дыбыстық аударма.

арқылы өткен осы бөлігі мен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық керуен жолдарының бағыттары Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің, К.М. Байпаков пен А. Нұржановтың, М. Елеуовтің еңбектерінде қарастырылған (Елеуов, 2001: 6).

Академик Б.Е. Көмековтың «Государство кимеков IX-XI вв по арабским источникам» атты еңбегі IX-XVI ғасырлардағы ортағасырлық арабтілді және парсытілді тарихи-географиялық шығармалардағы кимектерге қатысты мағлұматтарға тұңғыш рет жан-жақты деректанулық талдау жасаған. Ертеортағасырлық араб парсы авторлары: Ибн Хордадбех, Ибн әл-Факих, Кудама ибн Жафар, авторы белгісіз «Худуд әл-алам», әл-Идриси, Йақұт Тараздан Кимек еліне баратын жолдарды көрсетеді. Олардың алғашқы дерек көзі араб саяхатшысы Тамим ибн Бахрдің мағлұматтары болып табылады. Онда Тараздан кимектерге баратын жолдар мен Талас-Шу өңірлерінде орналасқан ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің арақашықтығы, керуен жолдарының бағыты көрсетілді. Таразболса IX-X ғасырларда Араб халифатының Орта Азия және Шығыс Түркістан арқылы Қытайға барған Ұлы сауда жолындағы маңызды орталық болды... (Кумеков Б, 1972).

Ибн Хордадбек пен Кудама ибн Джафар бойынша бұдан ары Құланның Суябқа дейінгі аралықта Түрк жолы бойында 10 қала мен елді мекендер көрсетілген. Олар: Меркі, Аспара, Нүзкет, Ақсу, Жұл, Сары, Суяб, Бунджикент, Навакент, Қырмырау қалалары. Қалалардың дамуының бір себебі сауда-саттықтың өркендеуі еді. VII ғасырдан бастап, Ұлы Жібек жолы ортағасырлық қалалардың ішіндегі шоқтығы биік Самарқандтан шығып, Отырар, Таразды басып, Шу өңіріне жетеді де, Қырғыз Алатауының асулары арқылы Шығыс Түркістанға өтетін (Кәдірімбетова, 2010:71). Төменде осы жолды сипаттаған негізгі арабтілді деректерге тоқталайық:

1) Ибн Хордадбехтің деректері:

Шаштан Ма⁹дан әл-фиддаға яғни Илак⁹ пен Баланканкка¹⁰ дейін жеті фарсах¹¹, содан кейін Баб әл-Хадидка[Темір қақпа]¹²дейін екі миль, содан кейін Күбалаға¹³ дейін екі фарсах, содан кейін Ғаркардка¹⁴ дейін алты фарсах, содан кейін Исбижабқа дейін дала арқылы төрт фарсах. Жалпы Шаштан Исбижабқа дейін он үш фарсах.

Содан кейін *Шарабқа*¹⁵ дейін төрт фарсах, содан кейін Бадухкетка¹⁶ дейін бес фарсах, содан кейін Тамтажға¹⁷ дейін төрт фарсах, содан кейін *Абаржажға*¹⁸ дейін төрт фарсах, содан кейін өзен бойындағы үйге дейін алты фарсах. Абаржажда дөң бар, ол дөңнің айналасында мың бұлақ бар. Шығысқа қарай ағады. *Барқуаб*¹⁹ деп аталады яғни теріс аққан су деген мағынады. Бұл жерде қара бұлдырықты аулауға

9. Қытайша 银矿 Илак, мағналық аударма.

10. Қытайша 比良坎克 Bilankank, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

11. 1 фарсах шамамен 6,24 км.

12. Қытайша 铁门 Bab al-Hadid, мағналық аударма.

13. Қытайша 库巴勒 Kubal, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

14. Қытайша 鹤尔凯尔德 Gharkard, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

15. Қытайша 木鹿 Sharab, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

16. Қытайша 白都贺开特 Badukhat, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

17. Қытайша 台姆塔吉 Tamtaj, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

18. Қытайша 千泉 Abarjaj, мағналық аударма.

19. Қытайша 白尔库阿布, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

болады. Содан кейін ол су арқылы өтіп *Жуикетке*²⁰ дейін бес фарсах, содан кейін Таразға дейін үш фарсах. Жалпы Исбижабтан Таразға дейін жиырма алты фарсах. Содан *Кауакетқа*²¹ дейін жеті фарсах, Кауакеттан кимақ билеушісініңжеріне дейін артылған жол азығымен сексен күндік жол.

Тараздан *Төменгі Нушажанға (Барсхан)*²²дейін үш фарсах, содан кейін *Касрабасқа*²³ дейін екі фарсах. Касрабаста қарлұқтар қыстайды, оған жақын *халаждардың* қыстағы орналасқан. Содан кейін *Күлшүбке*²⁴ дейін төрт фарсах, содан кейін *Жүлшүбке*²⁵ дейін төрт фарсах, содан кейін адамға толы кент *Куланға*²⁶ дейін төрт фарсах, содан кейін үлкен кент *Беркеге* (Мерке)²⁷ дейін төрт фарсах, содан кейін *Асбараға*²⁸ дейін төрт фарсах, содан кейін үлкен кент *Нузкетк*²⁹е дейін сегіз фарсах, содан кейін үлкен кент *Харанжауанға*³⁰ дейін төрт фарсах, содан кейін *Жүлге*³¹ дейін төрт фарсах, содан кейін үлкен кент *Сарыға*³² дейін жеті фарсах, содан кейін Түргеш хақанының қаласына дейін төрт фарсах, содан кейін *Науакатқа*³³ дейін төрт фарсах, содан кейін *Кубала*³⁴ дейін үш фарсах, содан кейін *Жоғарғы Нушажанға*³⁵ яғни Син (Қытай) шекарасына дейін жайылымды жер арқылы жүретін керуендер үшін он бес күн, ал түркі шабарманы (салт атты пошташы) үшін үш күндік жол (Ильясова, Ораз, 2016. 19-21).

20. Қытайша 久维克特 Juwikt, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

21. Қытайша 库卧义开特 Kuwaykat. Тамим ибн Бахрдің жол естелігі бойынша ол кимақтар тұратын жер (K.wak.b.) деген мағнада (V.Minorsky. Tamim ibn Barh's Journey to the Uyghurs // BSOAS. XII-2. London. 1948. pp. 275-305. p.284).

22. Қытайша 下弩舍疆 (Nashajan al-Sufia), «Жаңа Таң кітабы. Парсы баянында» нушицие (弩室羯), немесе Күші шаш елі (小石国), Суан Цзанда Нушициэнь мемлекеті (笈赤建国) деп атайды. IX-X ғасырларда ол қала Тараздан небары 3 фарсах қана болған. Бұл жердің ертедегі Барысхан (拔塞干) қаласы екенін 1889 жылы W. Tomaschek ортаға қойған (Чжан Гуанда 张广达 . 碎叶城今地考 // 西域史地丛稿初编. 上海古籍出版社. 1995. - 1-30 бб.). Су Бэйхай бұл жерді Батыс Түркінің нүшеби бес іркінінің ішіндегі Барысхан Тоншаба іркінінің атына байланысты пайда болған дейді (Су Бэйхай. 苏北海. 西域历史地理. 新疆大学出版社. 1988. - 285-306 бб.).

23. Қытайша 开苏里巴斯 Kasribas, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

24. Қытайша 库勒晓伯 Kul-Shawb. арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

25. Қытайша 吉勒晓伯 Jil-Shawb, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

26. Қытайша 俱兰 Kulan, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

27. Қытайша 白尔钦 Barkin, немесе Мерке. Матцуда Хисау оны Мың-бұлақ (千泉) дейді (Мацуда Хисау 松田寿男. 古代天山历史地理研究Ертедегі Тянь-шаньның тарихи-географиясы. 北京: 中央民族学院出版社.1987. -344 б.).

28. Қытайша 艾斯巴拉 Asbarah, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

29. Қытайша 努兹开特 Nuzkat, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

30. Қытайша 胡兰杰瓦 Khuranjawan.

31. Қытайша 久勒 Jul, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

32. Қытайша 萨利赫 Sarigh, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

33. Қытайша 奈瓦契特 Nawakit, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы

34. Қытайша 库巴勒 Kubal, яғни Сүяб қаласы, орны Қырғызстанның тоқмақ қаласының оңтүстік-батысына қарай 8-10 км. жердегі Ақбешім көне қала жұрты.

35. Қытайша 上弩舍疆 Barskhan.

Тараздан және Төменгі Барсханнан шығысқа қарай шығатын жол «шөл даламен» қарлқұтарға, Құлан қаласына және Шу өңірінің қалаларына апаратын. Бұл жолдың бөлігі Касрабас, Күлшүб, Жүлшүб арқылы өтуге тура келеді. Касрабас Ақырғастың қираған орнына, Күлшаб Өрнек қалашығына, ал Жүлшүб Құмарыққа сәйкес келеді (Байпаков, Таймагамбетов, 2006: 284).

2) Кудама ибн Жафардың деректері:

Шаш³⁶ қаласынан қорған ішіндегі әскери бөлімге дейін екі фарсах, ол жерден Ғарқардқа дейін бес фарсах, Ғарқардтан Исбишабқа дейін дала арқылы төрт фарсах, Исбишабтан Шарабқа дейін Мауа мен Яауран (Мава-Машат, ал Юран-Сайрамсу өзендері) деп аталатын үлкен екі өзені ағып жатқан дала арқылы төрт фарсах, Шарабтан Бадухкатқа дейін төрт фарсах, Бадухкаттан Тамтажға дейін бес фарсах. Тамтаж далалы жерде орналасқан, онда үлкен өзен мен қамыс бар. Тамтаждан Абаржажға дейін төрт фарсах. Абаржаж³⁷ бұл бір үлкен дөң, айналасында шығыс жаққа қарай ағып жатқан өзенге құятын мың бұлақтың көзі бар. Аталмыш өзен Баркуаб деп аталады яғни «теріс аққан су» деген мағынада. Өйткені оның ағысы төменнен жоғарыға қарай. Абаржаждан Баркуаб өзенінің бойында орналасқан станса дейін алты фарсах. Бұл өзеннің екі бетінде бірдей тоғайлы, жыңғылды жер. Бұл жерде кара бұлдырық құсы мекендейді. Аталмыш стансадан шығып, өзеннен өтіп жолаушы оң жаққа бет алу керек, өткен тұста Шауғарға³⁸ дейін үш фарсах жүреді. Шауғардан Жауикатқа дейін елді-мекенсіз дала арқылы екі фарсах, Жауикаттан Тараз қаласына дейін жайылымды, елді-мекенді жер арқылы екі фарсах, Тараз³⁹ қаласынан төменгі Нушажанға дейін үш фарсах, төменгі Нушажаннан оң жағында тау орналасқан Кисрабасқа дейін екі фарсах, Кисрабастың сол жағында құм орналасқан. Құм қарлұқтардың қыстағы. Тараз бен Куланның арасында солтүстік жаққа қарай орналасқан. Құмның артында құмды, қиыршық тасты дала жатыр. Онда жыландар бар. Құмнан қимақ жеріне дейін екі фарсах, Касрабастан Күлшүбке дейін төрт фарсах. Күлшүб Кисрабасқа ұқсайды. Күлшүбтің оң жағында тау орналасқан, онда көп жемістер мен көкөніс өседі. Күлшүбтен Куланға дейін төрт фарсах.

Тараз қаласынан Куланға дейін Кулан деп аталатын дала арқылы жалпы он төрт фарсах. Куланнан Берке кентіне дейін төрт фарсах, Беркеден Асбараға дейін Кулан даласына ұқсайтын дала арқылы төрт фарсах, Асбарадан үлкен кент Нузакатқа дейін сегіз фарсах, Нузакаттан үлкен кент Харанжаванға дейін төрт фарсах, Харанжаваннан үлкен кент Жүлге дейін төрт фарсах, Жүлден үлкен кент Сарығқа дейін жеті фарсах, Сарығдан түркі хақанының кентіне дейін төрт фарсах, түркі хақанының кентінен Кирмирауға дейін екі фарсах, Кирмираудан Науакат қаласына дейін екі фарсах, Науакат қаласынан үлкен кент Банжикатқа дейін екі фарсах. Банжикатпен іргелес тағы бір кент орналасқан. Науакат бұл үлкен қала. Бұл қаладан Нушажанға алып баратын

36. Қытайша 赭时 Shash, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

37. Абаржаж-Тараздың батысындағы мың бұлақ. Біз мұны шартты түрде Батыс Мыңбұлақ деп атаймыз. Бұл қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданының жеріндегі Теріс өзенінің жоғарғы су бассейні. Шақпақ-ата, Шақпақ-баба, Шоқпақ өңірлері. Жаратылыстың ортасына сай бұл жерді де ертеден Мың бұлақ деп атаған. Өйткені таудың күнгейінен аққан сан тарам бастау-бұлақтар шығысқа қарай ағып Таласқа құятын Теріс өзенін қалыптастырады. Көптеген шығыс және батыс елдері ғалымдары бұл өлкеде екі мың бұлақтың бар екенін білмегендіктен, мұны сол кездегі географтардың шатастығы деп есептейді және өздері де осыдан қатты шатасады.

38. Қытайша 沙窝格爾 Shawaghar, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

39. Қытайша 恒逻斯, арабша атауы бойынша дыбыстық аудармасы.

Баркаб деп аталатын бір фарсахтай жол бар. Банжикаттан Суябқа дейін екі фарсах, Суяб екі кенттен тұрады бірі Күбөл, ал екіншісі Сағур Күбөл деп аталады. Сағур Күбөлдан Синмен шекаралас жоғарғы Нушажанға дейін жайылымды, сулы жерлермен жүретін керуендер үшін он бес күн, ал түркі шабарманы үшін үш күн (деректің соңы).

Одан ары қимақтарға алып баратын жол бағыты туралы айтылады: Тараздан Кауакат деп аталатын жерде орналасқан халқы көп, гүлденген екі кентке дейін жүру керек. Аталмыш жер мен Қимақ билеушісі ірге тепкен жердің арасындағы қашықтық өзімен бірге азығын артынып суыт жүріп отыратын шабарман үшін сексен күн. Өйткені оның жол бағыты жайылымы мен суы мол кең сахаралы жерлермен өтеді. Жайылымның барлығы сабан шөпті (Ильясова, Ораз, 2016: 27-30) - делінеді.

Ибн Хордадбех пен Кудаман ибн Жафардың «Аталмыш өзен Баркуаб деп аталады яғни «теріс аққан су» деген мағынада»,-деген мағлұматындағы Баркуаб –Теріс өзені. Бұл бүгінде Жамбыл облысының Жуалы ауданының жеріндегі Шақпақ-ата, Шоқпақ өңірінен бастау алатын Теріс өзені. Бұл өзен бұрындары шығысқа қарай ағып Талас өзеніне құятын. Осы өзеннің бастау алатын жерлері де ертеде Қытай дерегінде Мың бұлақ (Цяньчуань-千泉) деп аталған. Қазір де солай аталады.Бұл жерді Ибн Хордатбек Абаржаж деп атайды. Ол бұл жер туралы «Абаржажда дөң бар, ол дөңнің айналасында мың бұлақ бар. Шығысқа қарай ағады. Баркуаб деп аталады яғни теріс аққан су деген мағынада. Бұл жерде кара бұлдырлықты аулауға болады. Бұл жер Тараз бен Испиджабтың арасына орналасқан, Тараздың батысында. Қаладан 14 фарсах⁴⁰ жерде»,-дейді.

Бұл жерді Кудаман ибн Жафар да Абаржаж (мың бұлақ) деп атайды. Бірақ бұл орналасқан жері бойынша қытайлық саяхатшы, будда дінінің тақуасы Сюань Цзан өз жазбасында айырықша атап көрсеткен Мыңбұлақпен ұқсамайды. Сюань Цзанның Мыңбұлағы Тараздан шығысқа қарай Мерке өңірінде орналасқан. Ал Шақпақ-Ата мен Шоқпақ өңіріндегі Мыңбұлақ Тараздың оңтүстік-батысына қарай 87 таң-ли жерде. Демек, араб деректеріндегі Мыңбұлақ Тараздың батысында болса, Сюань Цзан дерегіндегі Мыңбұлақ Тараздың шығысына орналасқан. Дәл олай болғандықтан, көп замандардан бері Орта Азияның тарихи-географиясымен айналысып келген ғалымдар Мыңбұлақтың нақты орнын табуға бел шеше араласты. XIX ғасырдың кейінгі кезінде Е. Шулер (Eugene Schuyler) Мерке өңірін өзі тікелей тексеріп, ертедегі Мыңбұлақтың осы жер екенін тұрақтандырды (Сюй Сюйя, 2010:128). Бірақ тарихшы Чжоу Лянькуан Мыңбұлақты Тараз қаласының шығысына қарай 140-150 қытай лиі (шамамен 70-75 км.) жердегі Ақыртөбе және Подгорное елдімекенінің аралығы және оған жақын аумақ деп көрсетті (Чжоу Лянькуань,1984: 97). Ал, Ли Мэйцун болса Мыңбұлақ Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Дмитриевка ауылының маңында деді (Ли Мэйцун, 1992: 82-87). Осылардың бәріне назар аударса келіп, қытай зерттеушісі Сюй Сюйя өзінің «Таң дәуіріндегі жібек жолы және Орта Азияның тарихи-географиясы» атты зерттеуінде: «атап өтуге тиісті мәселе, Сюань Цзан жазған Мыңбұлақ пен араб географтарының Мыңбұлағы (Абаржаж) бір жерді көрсетпейді... Мұны көзқаракты ғалымдардың зерттеуіне қалдырайық»,-дейді (Сюй Сюйя, 2000: 33). Біздіңше, араб авторлары да, қытай деректері де Мыңбұлақтың орналасқан жері туралы өз жазбаларында еш қателеспеген. Бірақ толықтыру бермеген. Нәтижесінде,көпшілік ғалымдар Мыңбұлақты бір жер деп

40. Шамамен 212 қытай ли, немесе 106 км.

есептеген. Ал Сюй Сюйя оның екі жер екенін сезінсе де, нақты дәйектердің жоқтығынан бөгіліп қалған. Шын мәнінде Мыңбұлақ екеу. Оның бірі жоғарыда араб деректерінде айтылған Абаржаж өңірінде болса, енді бірі Тараздың шығысындағы Мерке өңірінде болған. Осы орайда «Көне Таң кітабы. Түркілер баянында» Тараздың батысындағы Мыңбұлақ туралы жазба қалдырылғанын айта кеткен жөн. Онда былай делінеді: Тоңябғұ қаған ержүрек те, айлакер, жорықта ысылған адам еді, ол солтүстікке жорық жасап, телілерді, батысқа жорық жасап парсыларды тізе бүктірді, оңтүстікте Көпенге дейін қол созды. Осы аралықтағы елдерді түгел өзіне қаратты. Оқшыларын әлде неше жүз мыңға жеткізіп, Батыс өңірге үстемдік орнатып, ертедегі үйсіндердің қонысына иелік етті. Ордасын Шаштың теріскей жағындағы Мыңбұлаққа көшірді» (Жиырма төрт тарих, 2004: 4454). Демек, бұл деректе Мыңбұлақтың Шаштың солтүстігінде екені анық жазылған және Тоңябғұ қағанның парсыларды бағындырған соң, ордасын солай көшіргені анық айтылған. Оның орнын анықтауда Шаштың географиялық жайғасымы негіз етілген. Яғни, бұл Мыңбұлақ Сюань Цзан айтқан Мыңбұлақ емес, «Шаштың теріскей жағындағы» Мыңбұлақ. Яғни, біз жоғары да атап өткен Испиджаб пен Тараздың арасындағы, қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданы шегіндегі Шақпақ-ата және Шоқпақ өңіріндегі Мыңбұлақ.

Ал Қытай діндары, будда тақуасы Сюань Цзанның Мыңбұлағы Тараздың шығысына қарай 140-150 қытай ли⁴¹ жерде болып, ол жерден шығысқа қарай 400 тан ли жүргенде Сұяб қаласына жететін болған. Дегенмен, оның жазбасында көрсетілген Тараз бен Меркедегі Мыңбұлақтың арақашықтығы 85 км-ге қысқа айтылған. Ол өз жазбасында Мерке жеріндегі осы Мыңбұлақ туралы әсерін өте тәптіштей жазады және оның бұл жайында қателесуі мүмкін емес. «Мыңбұлақ деген бұл жер,-дейді ол,- 200 лиден астам аумақты алып жатыр. Оның оңтүстік жағы қарлы тау, өзге үш тарапы жазық дала. Бұл өңір құнарлы да ылғалды ну орман-тоғайлы болып келеді, ал жазғытұрымғы түрлі-түсті дала бөйшешектері құдды гүлді шағига ұқсайды. Бұл жерде мындаған тұма-бұлақтар мен көлшіктер мол болғандықтан, Мың бұлақ деп аталған. Түрік қағаны жыл сайын осы жерді жайлайды. Мұнда қоңырау-сылдырмақтар тағып, сәнді өсірілген көп бұғы табындары бар. Бұл бұғылар қолға үйретілген. Кісіге тым үйірсек, үркіп-қашқанды білмейді. Түрік қағаны бұғыларды ұнатып-аялайтыны соншалық, қол астындағы бұқараға оларды аулауға қатаң тиым салған. Кімде-кім бұғыларды өлтірсе, ол рахымсыз түрде жазалансын деп жарлық шығарған. Сөйтіп, бұғы табыны қоршауға алынып, өз ажалымен өлгенге дейін ғұмыр сүретін болған». Демек, Қытай саяхатшысын Мыңбұлақтың табиғаты, қағанның салтанатты ордасы ерекше әсерге бөлеген. Бұдан жазғы орда ретіндегі Мыңбұлақтың Түркі қағанаты дәуірінде айырықша маңызға ие болғанын көруге болады. Қытай саяхатшысы

41. Ли (里)-ежелгі Қытайдың ұзындық өлшем бірлігі. Әдетте 1 ли 500 метрлік қашықтыққа тең деп есептеледі. Дегенмен, тарихта ли-дің мөлшері әр кезде әр басқа болған. Хан әулеті тұсында 1 ли 414 метрге, Вэй әулеті тұсында (б.з. 386-534 жж.) 500 метрге, таң әулеті кезінде (618-907 жж.) 531 метрге тең болған (Ян Куан 杨宽. 中国历代尺度考. 商务印书馆. 1955. -76, 92, 100/107 б.). Ал Таң әулеті кезіндегі ли өлшемінің өзі үлкен ли (唐大里), кіші ли (唐小里) деп бөлінген. Яғни, бір үлкен ли (жоғарыдағыдай) 531,486 метр болса, бір кіші Таң лиі 442,905 метр болған. Осы бойынша есептегенде 50 таң кіші лиі 44,29 қытай лиіне (хуа ли) тең болады. Біздіңше, Сюань Цзан мен одан кейін осында келген Цзя Дань кіші таң лиі бойынша есептеген (Сюй Сюйя. 唐代丝绸之路与中亚历史地理研究. 西安: 西北大学出版社. 2000. -59 б.).

тағы да: Мыңбұлақтан батысқа қарай 140-150 ли жүріп Талас қаласына жеттік. Бұл қаланың айналасы 8-9 ли келеді. Онда әр елден келген көпестер мен хулар (соғдылар) аралас өмір сүреді. Жер-суы мен ауарайы жағдайы, негізінен Сұяб қаласымен бірдей,-дейді. VII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Оңтүстік Қазақстан шегіндегі қалалардың жағдайын Қытай ғалымы Су Бэйхай да сол дәуірдің жиһангезі Сюань Цзанның еңбегінен алып баяндайды (Зәкенұлы Т, 2001: 206-207). Сюань Цзанның «Ұлы Таң патшалығы. Батыс өңір естелігі» атты аталмышжазбасындаЖетісу өлкесіндегі кейбір маңызды қалалар былайша көрсетіледі:

Сұяб (Сүй-ие碎叶) қаласы. Цин-шиден (Ыстықкөлден) солтүстік батысқа қарай 500 ли жүргенде Сұябқа жетеді. Қаланың айналасы 6–7 ли. Әр елдің саудагерлері, көшпелілер аралас қоныстанған.

Тараз қаласы. Мыңбұлақтан батысқа қарай 140–150 ли жүргенде Талас қаласына жетеді. Қала қорғаны 8–9 ли. Әр елдің саудагерлері мен көшпенділер аралас қоныстанған.

Тараздан оңтүстік-батысқа қарай Түркі қағанатына тұтқынға түскен қытайлар тарапынан қалыптасқан Сяогу кенті бар.

Одан ары оңтүстік-батысқа қарай 200 ли жерде Байшуй (Испиджаб, немесе Ақсу) қаласы⁴² бар. Қала қорғаны 6–7 ли.

Одан ары оңтүстік-батысқа қарай 200 лидей жүргенде Гоң-юй (恭御) қаласына жетеді. Қаланың қорғаны 5–6 ли.

Одан ары оңтүстікке қарай 40-50 ли жол жүріп, Нужкент (Ну-шэ-цзянь) еліне (мемлекеті деп алынған – ауд) барады. Оның айналасы мың лиден астам, бірнеше ауданға бөлінеді, әрқайсысының өз-өз әкімдері бар, олар бір-бірімен қатынаспайды, бір-біріне әмірі жүрмейді.

Бұдан ары 200 ли жол жүріп Шаш мемлекетіне (Шиго-石国) жетеді. Оның айналасы мың лиден астам. Ондаған ауданға бөлінеді, өзді-өзінің бектері (әкімдері) бар (Сюань Цзан, 2005: 15-38). Бұл шығыстан батысқа қарай келе жатқан Қытай саяхатшысының бір-бірден басып өткен қалалары.

Біз Сюань Цзан мен Ибн Хордадбек және Кудама ибн Джафардың берген мәліметтерін жинақтай келе Ташкенттен Сұябқа дейінгі оңтүстік Қазақстандағы ертедегі қалалар мен әйгілі елдімекендердің орналасқан бағыттары мен олардың арақашықтығын төмендегідей есептеп шықтық:

Демек, Шаштан Таласқа дейін 50,7 фарсах, шамамен 316 км., Испиджабтан Таласқа дейін 31 фарсах, шамамен 193,4 км болады.

Тараздан Құланға баратын жол Ақыртас, Күлшөп және Жолшөп қалалары арқылы өткен. Бұл жол туралы Ибн Хордадбех және әл-Макдиси атап көрсетеді. Құлан туралы әл-Макдиси «Қулан - бекіністі қала. Мешіті қала ішінде. Қала көлемі кішірейіп қалған. Тараз жолының бойында орналасқан» дейді (Ильясова, Ораз, 2016: 61).

42. Байшуй (白水城) бұдан алдыңғы 7-түсіндірмеде айтылған Испиджаб қаласы, ақ сулы қала деген мағына береді, М. Қашқаридің «Диван лғат ат-Түркі» сөздігінде де бұл қала Испиджаб (соғды-парсы тілінде «ақ сулы қала» деген мағынада) деп аталады. Автор сонымен бірге, қаланың екінші бір аты сайрам деп жазады. Араб тіліндегі деректерде «Медина ал-Байда»(ақсу қаласы деген сөз) деп аталады. Қытайдың «юань әулеті тарихында» аталмыш қала сайланчэн (賽藍城)-Сайрам қаласы деп хатталған. Ол шымкент қаласының шығысына қарай 50 км. жерде. Бұл қала XVIII ғасырдың бас кезіне дейін өмір сүрген.

Ибн Хордалбек және Кудаман ибн Джафар деректері бойынша		Ара қашықтық (км)	Сюань Цзанның «Ұлы таң патшалығы. Батыс өңір естелігі» бойынша (Тан ли)		Ара қашықтық (Тан ли)
Тараз	Мерке	150	Тараз	Мыңбұлақ	140-150
Мерке	Абаржа (Мыңбұлақ)	87,4	Мыңбұлақ	Сұяб	
Абаржа (Мыңбұлақ)	Испиджаб	106			

Жібек жолындағы ең үлкен қала Талас алқабындағы Жувиқат болатын, Таразға сол арқылы жететін. Жувиқат VI ғасырдан белгілі болған ең ежелгі қала. Түрік қағаны 568 жылы дәл осы жерде Иранға қарсы одақ шартын жасасу және жібек саудасы мәселелерін шешу мақсатымен Византиядан әскери сарапшы Замрахтың бастауымен келген Юстиниан II-нің елшілігін қабылдаған (Байпақов, Нұржанов, 1992: 12).

Жамуқат (Хамуқат) қаласын А.Н. Бернштам Майтөбе немесе Бесағаш қалаларының бірі болса керек деп есептейді, ал К.М. Байпақов оны Тараздан, солтүстік - шығыста, Сарыкемер ауылының жанындағы, Талас өзенінің оң жағасында тұрған Қостөбе дейді (Байпақов, Нұржанов, 1992: 100-108).

Тараздан онша қашық емес жерде тағы да Адахкет пен Дех Нуджикет қалалары болған. Бұл екі қаланың қоныстанылған жері Тараздан 30 ли солтүстік-шығысқа қарай орналасқан Аса аңғарындағы Қаракемір көне қала қалдығының орнында болуы мүмкін. Бүгінде Қаракемір-1 және Қаракемір-2 қалдықтарының айналасында бүкіл ауылшаруашылық аймағын қоршап тұрған ұзын қабырға бар екендігін анықтауға мүмкіндік туды.

Сұябтан шыққан жол не солтүстікке, не Ыстықкөлдің оңтүстік жағасына қарай кеткен. Оңтүстік бөлігімен керуен Жоғарғы Барысхан қаласынан өтсе, ал солтүстігімен анықталғандай аты бүгінгі күнге жетпеген шағын керуен сарайға, сосын осы жолдар Бедел асуында қосылып, Ташрабат арқылы Қашғар мен Ақсуға апарған. Ыстық көл шұңқырынан Санташ асуы мен Қарқара өңірі арқылы жол Іле өңіріне, сосын Іленің оң жағасындағы Алмалық арқылы Өсек пен Хоргосқа, ал Такла-Макан шөлінің солтүстік шеті бойынша Хами және Турфан оазистері арқылы Дуньхуанға, яғни Қытайға алып барған.

VIII ғасырдың екінші жартысында қарлұқтар күшейіп, ұйғыр қағанатымен бәсекелестік жағдайында Тянь-Шаньның батысына – Жетісуға қарай кеңейіп, Сұяб пен Тараз қалаларын өз бақылауына алды. Бірақ ортада Орхон ұйғырларының кедергі болуымен, Таң әулетімен сауда байланысын жолға қоя алмады. Кейін, Ұйғыр қағанаты күйрегеннен кейін, қарлұқтар Шу бойында жаңа қағанаттың іргесін қалады (*Pritsak O.*, 1951:270-300). X ғасырда өмір сүрген белгісіз автор тарапынан жазылған «Хүдүд ал-ғалам» атты еңбекте Тибет күштері Орта Азиядан шегініп шыққаннан кейінгі кезде, Түркі тайпасы болып табылатын қарлұқтардың Шу бойын иелеп, солтүстік-шығыста Балқаш көлінің шығысы мен оңтүстігіне дейін жетіп, Құлан мен Меркені, Ыстықкөл бойындағы Барысханды қоластына қаратқанын жазады (Ильясова, Ораз, 2016: 39-40).

Бұдан соң, тарих сахнасына шыққан Қара хан мемлекеті Тараз бен Баласағұн өңірін негіз етіп, өзінің саяси әлеуетін арттырды. Қарахан мемлекетін құрушы Білге Көл Қадыр қаған қайтыс болған соң, оның артында қалған екі ұлының үлкені Базир (Арсұлан Қара хан) ұлы хан болып, Баласағұнды

(Күз-Орданы) астана етті. Екінші ұлы ҰғұлшақҚадыр(Боғра Қара хан) кіші хан болып, Таразды астана етті (кейін Қашқарға қоныс аударды). Осыдан бастап Шу, Талас өзендері бойындағы көне қалалардың маңызы қайтадан арта түсті. Қара хан мемлекеті күшейіп Қытаймен тікелей сауда қатынасын жолға қойды. 1043 жылы Арсылан хан Сүлеймен бин Юсуп Тибет аймағынан (Хэси дәлізі мен Көкнордан) Баласағұнға «сан-санақсыз түріктерді» көшіріп келді. 1097 жылы Сун патшалығына барған Қара хан мемлекетінің елшісі өз әміршісінің Батыс Ся билеушілерінің тегі бір қандастарына жасаған діни қысымына наразы болып, олардың Гуачжоу, Шачжоу, Сучжоу аймақтарын шауып алмақ болып отырғанын жеткізеді. Бұл Қара хан мемлекетінің Қытай шекарасына дейінгі жерлерді өз бақылауына ала алатын жағдайда екенін көрсетеді. Қара хан билеушісінің бұл ұсынысы Батыс Ся патшалығымен аразашты болып отырған Сун патшалығы тарапынан қолдау тапқанымен, кейін іске аспай қалды. Есесіне, сауда байланысы жанданды. Қара хан мемлекеті мен Сун патшалығының сауда байланысында аралықтағы Гаочан Ұйғыр мемлекеті айырықша рөл ойнады. Осы кезде Шығыс Қара хан мемлекетінің қоластында болып тұрған оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағындағы қалалардың Қытаймен сауда байланысы жақсы жолға қойылды. Сол кезде Жібек жолының Тянь-шаньның солтүстігімен жүретін дала жолы жанданды. Бұл жол Тараз, Құлан, Мерке, Сүяб, Барысхан, Қызыл аңғар (Чигу)⁴³, Гунюэ⁴⁴, Чанбалық⁴⁵, Тұрфан арқылы Қытайға жол тартатын.

Тянь-Шань тау сілемдерінің тарамдары бойынша, Меркеден кейін Іле Алатауының теріскейі арқылы Алматы көне қаласын басып өтіп, Гунюэ қаласынан қосылатын бір жол болған. Осындай бір жол торабы Үрімжі маңындағы Чанбалықтан соң, Боғда тауының теріскейі арқылы Бесбалықты⁴⁶басып өтіп, Аратүрік арқылы Хэси дәлізіне барып Жібек жолының негізгі тармағымен қосылатын.

Академик Б.Е. Көмеков те Ұлы Жібек жолының VIII – IX ғасырларда, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан аумағында белсенді түрде қызмет еткенін, халықаралық сауда және дипломатия жолы ретінде мәдениеттің таралуына, сауданың дамуына және қалалар мен елді мекендердің өрлеуіне тиімді ықпал еткенін ерекше атап өтеді. Оның зерттеуі бойынша, Ұлы Жібек жолының басты даңғылының тек жақын маңдағы аудандар мен көрші облыстармен ғана емес, сондай-ақ алыстағы аймақтармен де байланысты болған. Ол араб

43. Қызыл аңғар қаласы–Чигучэн (赤谷城) ертедегі Үйсін мемлекетінің астанасы. Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі Күсәннен Сүябқа баратын жол бойындағы маңызды кент. Оның көне орны Қырғызстанның Ыстықкөл облысының Ыштық деген жерінде (贾丽红·吉尔吉斯斯坦对中国的重要性及其当今局势对中国的影响：新疆大学学报(哲学·人文社会科学版)，2010-11-15)Қытайдың«Вэй кітабы»(魏书，卷一百二·列传第九十)，«Солтүстік хандықтар тарихы»(北史·卷九十七·列传第八十五) қатарлы жазбаларда ол туралы мәліметтер кездеседі. Демек, бұл қала ортағасырға дейін өмір сүрген болуы мүмкін.

44. Гунюэ қаласы (弓月城)- қазіргі Іле Қазақ автономиялы облысы Қорғас ауданы шегіндегі көне қала. VII-VIII ғасырларда Батыс Түркі қағанаты және Түркеш қағанаты кезіндегі гүлденген саяси, экономикалық және мәдени орталықтардың бірі болған.

45. Чанбалық- (昌八刺) Үрімжінің батысындағы көне қала, орны Санжы дүңген автономиялы облысының орталығы Санжы қаласы аумағында.

46. Бесбалық- (Бэйтин,北庭) Шығыс Түркістандағы ежелден келе жатқан маңызды қала-кент. Қытай патшалықтары «батыс өңірге» кеңеюде алдымен осы жерді қолға келтіруді ойластыратын. Ол IX ғасырдың екінші жартысынан бастап Гаочан (Идікүт) ұйғыр хандығының жазғы ордасы болды.

географы әл-Идрисидің, кимақ ханзадасы Жаһан ибн Хакан әл-Қимакидің еңбектеріне сүйене отырып, Жібек жолының кимектерге баратын тармақтарын былайша сипаттаған: Тараз қаласынан Ертістің орта бойындағы кимек ханының сарайына, солтүстікке қарай Мойынқұм мен Бетпақдаладан өтіп, Орталық Қазақстан далалары арқылы солтүстік-шығысқа беттеп, Ертіске жететін болған. Сондай-ақ Тараздан шыққан сауда жолы шығыс бағытта, Жетісудағы Ыстық көл мен Балқаш көлдері арасын мекендеген, қарлық тайпаларының көш жолы арқылы да созылып жатқан. Мұнда жол Солтүстік-Іле даңғылымен қосылып, одан соң Тарбағатайға шығып, одан ары солтүстікке тартып, Ертіс өзені бойымен кимек мемлекетінің орталығына жеткен. Ал X ғасырдағы Ферғананың орталығы Ақсикеттен солтүстік-шығыс бағытқа, Қарақол асуына бағыттталып, одан Ұлы Жібек жолына шығып, одан ары Шу өзені бойындағы қарлық билеушісінің астанасынан Солтүстік-Іле даңғылы арқылы Алакөл бойындағы кимақ қаласына жетіп, одан солтүстікке беттеп, Ертістегі кимақ хақанының сарайына жеткен. Ол Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қалалық мәдениеттің дамуында маңызды рөл атқарғанын да баса көрсетеді (Кумеков, 1972).

Қорытынды. Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігінің ерте, ортағасырлардағы стратегиялық орны айырықша маңызды болып, бұл артықшылығы оның қай кезде де ұдайы дамып отыруына жағдай жасаған. Бұл Қазақстан аумағының ерте және ортағасырларда Батыс пен Шығыстың шаруашылық және мәдени-рухани байланысында айырықша рөл ойнағанын көрсетеді. Әсіресе, осы жолдың бойында әлемге әйгілі болған, Түркі қағанаты орда тіккен екі бірдей Мыңбұлақтың болуы келешекте Тараз өлкесіндегі тарихи-танымдық және сәйіл-серуен мақсатындағы туристік инфрақұрылымды дамытуды мол ғылыми негіздермен қамдайды.

Әдебиеттер:

Арабские географы и путешественники IX-XII вв. /Вступ. ст., пер. С араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е. Кумеков, Р.Б. Кумекова. Отв. ред. А.К. Муминов. Алматы: Дайк-Пресс, 2010. Т. 2. 328.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1992. 208 б.

Байпақов К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. Алматы: Қазақ университеті, 2006. 355 с.

Гэ Чэньюн. 葛承雍. 唐韵胡音与外来文明. Tracing exotic civilization in Tang's rhyme and Hu's melody. 北京: 中华书局, 2006. 375.

Ду Хуан синци (Ду хуанның батысқа саяхат естелігі)//Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. 2005. 42.

Елеуов М. Шу мен Талас өңірлері ортағасырлық қалаларының зерттелу тарихы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, 2001. 108 б.

Елеуов М. Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұран баспаханасы, 2007. 25 б.

Жиырма төрт тарих二十四史全译. 新唐书. VI т. 上海: 汉语大辞典出版社. 2004. 4454 б.

Көмеков Б. Араб жазбалары // Түркістан энциклопедиясы. Алматы, 2000. 82-85 бб.

Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақұттың «Муджам әл-булдан» (XIII ғ.)

жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 245 б.

Кумеков Б.Е. Государство кимеков IX-XI вв по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972.– 156 с.

Кәдірімбетова. Н.Н.Талас және Шу өңірлеріндегі түркі дәуіріндегі Қазақстан ескерткіштерінің зерттелуі тарихы // Абай атындағы ҚҰПУ хабаршысы. 2010. №2 (25). 71-73.

Караев О. Арабские персидские источники IX-XII вв. О киргизах и Киргизии. Фрунзе: Илим, 1968. 102 с.

Крачковский И.Ю. Арабская географическая литература//Избранные сочинения. Т.4. М.-Л: Изд-во Ан СССР, 1957. 912 с.

Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері / Аударған З.Ильясова, Е.Ораз. Алматы: Нұр-Мубарак университеті, 2016. 248 б.

Ли Мэйцун. 李梅村. 西突厥汗庭考//中国边疆史地研究. 1992. №3. 165 б.
Pritsak O. Von den Karluk zu den Karachaniden. ZDMG, Bd.101. 1951. 270-300.

Сюй Сюйя.许序雅. 唐代丝绸之路与中亚历史地理研究. 西安: 西北大学出版社. 2000. 252 б.

Сюй Сюйя. 许序雅. 千泉, 白水城和恭御城考辨//中国历史地理论丛 Journal of Chinese Historical Geography 2010. 25 т. №2. 180 б.

Су Бэйхай. Ауд. Зәкенұлы Т. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы: Дәуір. 2001. 206-207 бб.

Сюань Цзан хуа.大唐西域记 Да Тан Сиюйци // Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. 2005: 15-38..

Чэн Фувэй.沈福伟. 中西文化交流. 上海人民出版社. 1985.172.

References:

Arabskiye geografy i puteshestvenniki IX-XII vv. /Vstup. st.. per. S arab.. komment.. teksty i faksimile B.E. Kumekov. R.B. Kumekova. Otv. Red. A.K. Muminov. Almaty: Dayk-Press. 2010. T. 2. 328.

Bajpakov K., Nurzhanov A. Yly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan. Almaty: Kazakstan, 1992. 208 b.

Bajpakov K.M., Tajmagambetov Zh.K. Arheologiya Kazahstana: Uchebnoe posobie dlya studentov vuzov. Almaty: Қазақ университети, 2006. 355 s.

Kumekov B. Arab zhazbalary // Turkistan entsiklopediyasy. Almaty. 2000. 82-85 bb.

Geh Chehnyun. 葛承雍. 唐韵胡音与外来文明. Tracing exotic civilization in Tang's rhyme and Hu's melody.北京: 中华书局. 2006. 375

Du Huan sisinczi (Du huannyn batyska sayahat esteligi)//Kazakstan tarihy turaly kytaj derektemeleri. I tom. Sayahatnamalar men tarihi-geografyaly enbekterden tandamalylar. 2005. 42.

Eleuov M. SHu men Talas өңірлері ортағасырлық қалаларының зерттелу тарихы. – Astana: L.N. Gumilev atyndary Euraziya universiteti, 2001. 108 b.

Zhiyrma төрт тарих二十四史全译.新唐书. VI т. 上海: 汉语大辞典出版社. 2004. 4454 b.

Kumekov B. Arab zhazbalary // Tyrkistan ehnciklopediyasy. Almaty, 2000. 82-85 bb.

Kumekov B.E. Iliasova Z.S. Yaktyn «Mudzham al-buldan» (XIII)

zhagrafiyalyk zhinagy – Kazahstannyn ortagasyrlyk tarikhynyn deregi. Almaty: Kazak universiteti. 2011. 245 b.

Kumekov B.E. Gosudarstvo kimekov IX-XI vv po arabskim istochnikam. Alma-Ata: Nauka, 1972. 156 s.

Kadirimbetova. N.N. Talas zhōne SHu Өңirlerindegi tyrki dөuirindegi Qazaqstan eskertkisheriniң zerttelui tarihy // Abaj atynday KYPU habarshysy. 2010. №2 (25). 71-73.

Karaev O. Arabskie persidskie istochniki IH-HII vv. O kirgizah i Kirgizii. Frunze: Ilim, 1968. 102 s.

Krachkovskij I.YU. Arabskaya geograficheskaya literatura//Izbrannye sochineniya. T.4. M.-L: Izd-vo An SSSR, 1957. 912 s.

Kazakstannyn ortagasyrlyk tarihyyna katysty arab derekkuzderi/Aud. Z.II'yasova, E.Oraz. Almaty: Nur-Mubarak universiteti, 2016. 248 b.

Li Mehjcun. 李梅村. 西突厥汗庭考//中国边疆史地研究. 1992. №3. 165
Pritsak O. Von den Karluk zu den Karachaniden. ZDMG, Bd.101. 1951. 270-300

Syuj Syujya. 许序雅. 唐代丝绸之路与中亚历史地理研究. 西安: 西北大学出版社. 2000. 252

Syuj Syujya. 许序雅. 千泉, 白水城和恭御城考辨//中国历史地理论丛
Journal of Chinese Historical Geography. 2010. 25 т. №2. 180 б.

Su Behjhaj. Aud. Zөkenyly T. Kazak madenietinin tarihy. Almaty: Daur. 2001. 206-207 bb.

Syuan' Czan 玄奘. 大唐西域记 Da Tan Siyujczi//Qazaqstan tarihy turaly kytaj derektemeleri. I tom. Sayahatnamalar men tarihi-geografiyalyk enbekterden tandamalyar. 2005: 15-38.).

Chehn Fuvehj. 沈福伟. 中西文化交流. 上海人民出版社. 1985.172.

**ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ
МЕТОДОЛОГИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ
METHODOLOGY OF HISTORICAL SCIENCE**

**FTAMP 03.20.
ӘОЖ 94 (574) “18-20”**

Мұхатова Оразгүл

тарих ғылымдарының докторы,
өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС
ТАРИХЫН КЕЗЕҢДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың мерзімдемесін зерттеудің өзектілігі айқындалады. Тарихты кезеңдерге бөлудегі ғылыми бағыттар қарастырылады. Отандық тарих ғылымындағы дәуірлеу бойынша методологиялық ұстанымдар көрсетіледі. Қазақстандық тарихшылардың ұлт-азаттық қозғалыстар мерзімдемесі туралы тұжырымдары талданады. Тарихшы-ғалым М. Қозыбаев ұсынған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы сатылары баяндалады. С.Ф. Мәжитовтың Ресей империясының отарлау саясатына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын кезеңдеуге байланысты пікірлері сипатталады. Ұлт-азаттық көтеріліс және қозғалыс ұғымдарының мәні ашылады. Ұлы Дала Елінде орын алған ұлт-азаттық қозғалыстар хронологиялық ретте көрсетіледі. XIX ғасырдың I-жартысындағы қазақ даласындағы азаттық күрес орын алған уақыттарының әртүрлілігі көрсетіледі. Мәселені зерттеудің нәтижесінде алынған ұлт-азаттық қозғалыстардың кезеңдеріне қатысты автор тұжырымдары баяндалады.

Кілт сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, көтеріліс, дәуірлеу, Ұлы Дала Елі, тұжырым, кезең, саты, ұғым, отарлау саясаты, Ресей империясы, сұлтан.

**МРНТИ 03.20.
УДК 94 (574) “18-20”**

Мухатова Оразгуль

Доктор исторических наук, профессор
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**ПРОБЛЕМЫ ПЕРИОДИЗАЦИИ ИСТОРИИ
НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ**

В статье определяется актуальность исследования периодизации национально-освободительных движений в Казахстане. Рассматриваются научные направления периодизации истории. Раскрываются методологические подходы по периодизации в отечественной исторической науке. Анализируются концептуальные выводы казахстанских историков по периодизации национально-освободительных движений. Излагается

этапы национально-освободительного движения казахского народа предложенные ученым историком М. Козыбаевым. Характеризуются мнения С.Ф. Мажитова по периодизации истории национально-освободительных движений в казахской степи против колониальной политики Российской империи. Раскрывается суть понятий национально-освободительное восстания и национально-освободительного движения. В хронологической последовательности показываются национально-освободительные движения имеющих место в стране Великой Степи. Отмечается разные периодизации освободительной борьбы в казахской степи в I-половине XIX века. Освещается выводы автора по периодизации национально-освободительных движений полученные в результате исследования.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, восстание, периодизация, страна Великой степи концепция, период, этап, понятие, колониальная политика, Российская империя, султан

IRSTI 03.20.

UDK 94 (574) "18-20"

Mukhatova Orszgul

Doctor of Historical Sciences, Professor

Kazakh National University Al-Farabi,

г. Almaty, Kazakhstan, E-mail: Orazgul7@rambler.ru

PROBLEMS OF PERIODIZATION OF THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEPPE

The article determines the relevance of the study periodization of national liberation movements in Kazakhstan. The scientific directions of the periodization of history are considered. The methodological approaches to periodization in the national historical science are revealed. The conceptual conclusions of Kazakhstan historians on the periodization of national liberation movements are analyzed. The stages of the national liberation movement of the Kazakh people are proposed by the scholar historian M. Kozybaev. The views of S.F Mazhitov on the periodization of the history of national liberation movements in the Kazakh steppe against the colonial policy of the Russian Empire are characterized. The essence of the concepts of the national liberation uprising and the national liberation movement is revealed. In a chronological sequence, the national liberation movements are shown available in the country of the Great Steppe. There are different periods of the liberation struggle in the Kazakh steppe in the first half of the nineteenth century. The author's conclusions on the periodization of national liberation movements resulting from the research are highlighted.

Keywords: national liberation movement, uprising, periodization, the country of the Great Steppe concept, period, stage, concept, colonial policy, Russian Empire, sultan

Кіріспе. «Кезеңдеу – тарихи процестерді сараптау құралы ретінде қызмет ететіні белгілі. Сондықтан да, ол ең алдымен тарихи дамудың дәуірлері мен кезеңдерінің шартты белгілеріне қарай жіктеумен айқындалады. Осыған сәйкес белгілі бір тарихи мерзім ішінде өндіргіш күштердің, қоғамдық қатынастардың, қоғам ахуалының, мәдениетінің даму

кезендері сараланып шығады» (Ғалиев1994). Алайда, Қазақстан тарихын кезендерге бөлу қаншалықты күрделі болса, соншалықты жүйеге түспеген мәселе. Қазақстандық тарих ғылымында Ұлы Дала Елінің аумағында өткен тарихи үрдістерді уақыт кесінділері бойынша қисынды байланыстыратын айқын түсінік қалыптаспаған. Кезеңге бөлу критерийінің мәселелері тарихи үрдістің өзіне тән белгілері және сатыларға бөлудің қағидалары жеткілікті талданбаған. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістердің мерзімдемесі бойынша ғылымда пікір ортақтығы орын алмаған, мәселенің методологиялық негіздері бір ғылыми жүйеге түсірілмеген. Сондықтан да ол қазіргі кезеңдегі көкейтесті мәселе болып табылады. Уақыт өлшемімен алғанда тарихи үдерістерді кезеңдерге бөлудің жүйесі болмайынша, өткенді зерттеу, белгілі бір жүйеге негізделген еңбектер жазу бойынша Қазақстан аумағында өткен үрдістердің сызбасы мен моделін құру мүмкін емес. Тарихты дәуірлеу – тарих ғылымы методологиясының аса маңызды тұстарының бірі. Дәуірлеудің ғылыми методологиясын талдау шынайы, дәйекті, ұлттық тарих жазуға септігін тигізеді. Ұлттық бірегейлікті сақтауда және нығайтуда қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы терең зерттелуге тиіс. Ол үшін ең алдымен оның мерзімдемесі нақтыландырылуы тиіс, себебі жекелеген кезеңдер мен сатыларға бөлмей тереңдікке қол жеткізу мүмкін емес.

Зерттеудің методологиялық негіздері. Тарихты кезеңдеуді зерттеуде тарих ғылымындағы позитивистік және тарихи философиялық социализм, тарихи – әлеуметтік, жаңа тарихи таным бағыттар негіз болды (Санцевич 1984). Өркениеттілік, эволюционизм, циклдык теориялар ұлт-азаттық қозғалыстардың дәуірлеуін нақтыландыруға септесті.

Тәуелсіз Қазақстан тарих ғылымын кезеңдеу мен сатылаудың негізгі бағыттары көрініс тапқан М. Қозыбаев (Қозыбаев, 2001), Х. Әбжанов (Әбжанов, 2014) Т. Омарбеков (Омарбеков, 2004), С. Кентбеков (Кентбеков, 1997) тәрізді ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Кезеңдеуді талдау барысында Қазақстан тарихын кезеңге бөлу мәселесін зерттегенде диахронды – құрылымдық, талдау, синтездеу, тарихи типологиялық, салыстыру, ретроспективті, сипаттау, индукция, дедукция әдістері қолданылады.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын кезеңдерге бөлуде ұлттық мүддесін қорғау, қазақ халқының тарихын әлемдік тарихтың бір бөлшегі ретінде санау, ұлттық діл тәрізді ұстанымдар негізге алынды.

Отандық тарихты дәуірлеудің қажеттілігі

Отандық тарих ғылымында ұлт-азаттық қозғалыстардың мерзімдемесінен гөрі Қазақстан тарихын дәуірлеуге баса назар аударылған. Сонымен қатар дәуірлеудің методологиялық негіздері туралы пікірлер басымдылық танытады. Мәселен, Х. Әбжанов дәуірлеудің ғылыми маңызына үлкен мән берсе, З. Алдамжар кезеңдеудің өлшемдерін (критерий) көрсетуге ұмтылған. «Дәуірлеу мәселесін зерттегенде оның ішкі құрылымы мен хронологиялық шектерін анықтағанда; қоғамдық өмірдің бар құбылыстары мен қасиеттерін және оған әсер етер оқиғалардың, сонымен бірге жалпы адамзат болмысының арқауы тарихи үдеріс жалғастығын бейнелейтін көріністерді барынша түгел қамтуға ұмтылған орынды», - деп жазды. З. Алдамжар: «Шын мәнінде кезеңдеу мәселесінде қоғамдағы барлық өзгерістерді, оның дамуындағы ерекшеліктерді, оның мазмұнын өзгертетін факторларды түгел ескеріп, оларды үнемі назарда ұстауға тиіс. Адамзаттың өткенін дәуірлеу кезеңдер мен дәуірлер мәні ашылатындай өзара сабақтастықта жасалуы тиіс. Сондай-ақ олар бірін-бірі толықтырып, тарихи процестердің сабақтастығын үзбей көрсету бағытында бөлінуі керек» (Алдамжар, 1998), - деп тұжырымдады.

Х. Әбжановтың пікірінше, «Отан тарихын дәуірлеу дегеніміз ол біріншіден, тарих ғылымының теориясы мен методологиялық өресін көрсететін, таным биігіне көтерілу жолындағы атқарылған істер мен алдағы міндеттерді айқындайтын жауапты сөз. Екіншіден, ол күрмеуі күрделі тарихи – өркениеттік үрдістердің бастысы мен екінші кезектегісін, негізгісі мен қосалқысын айырып тануға мүмкіндік береді. Үшіншіден, ғылыми-объективті негізделген дәуірлеу ғана тарихи танымның көкжиегін кеңейтіп, оқиғалардың ішкі қисынын табуға, өткен күннің қорытындысы мен сабағынан оң тағылым алуға жол ашады». Х. Әбжанов Отан тарихын дәуірлеуде төрт өлшем мен ұстанымдарды басшылыққа алуды ұсынады. «Біріншіден, “біз және олар” дегеннен бастау керек, Абай атамыздың тілімен айтқанда алдымен мен және менікінің ара жігін ажыратып алуымыз қажет дейді. Екінші, өлшемі әрі - ұстанымы – адам, адамдардан құрылатын халықтың рухани, мәдени, кәсіптік, саяси, имандық, тағы басқа өсуі, кемелденуі, дағдарысқа ұшырауы, басқа сапалы күйге көшуі. Үшінші, ұстаным мен өлшемді этностың мүддесін және ой-арманын, дінін және тілін бейнелейтін, қорғайтын білдіретін зиялы қауымға, бірінші кезекте саяси элитаға әкеліп тірейді. Төртінші, жұмыр жер бетіндегі халықтардың даму деңгейі ешқашан біркелкі болмақ еместігінен туындайды. Этностың алшаң басып жүруі, бір күн аш, бір күн тоқтың күнін көруі немесе әлемдік салқар көштің соңында салпандап шаңға көмілуі – бәрі дүниенің бірде ана өңірінен, бірде мына өңірінен жанартаудың жалынындай көрініс беретін өркениеттік өрлеуге алыс-жақын орналасуға да көп байланысты екен»(Әбжанов 2003: 47).

Отандық тарихшылардың ұлт-азаттық қозғалыстар мерзімдемесі туралы тұжырымдары

Отандық тарих ғылымында Қазақстандағы ХУІІІ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихы нақты кезеңдерге бөлініп, біртұтас тұжырым жасалмаған. Қорытындылаушы бес томдық «Қазақстан тарихында» тек ХУІІІ ғасырдың екінші жартысынан 1870 жылғы жекелеген облыстарда орын алған көтерілістердің жетекшілері мен мерзімдері көрсетіледі. «ХУІІІ ғасырдың екінші жартысында (1783-1797 жылдары) Кіші жүзде Сырым Датов бастаған көтеріліс болды. 1836-1837 жылдары Бөкей ордасында Исатай Таймановтың басшылығымен көтеріліс жасалды. 1856-57 жылдары Сырдария өңірі қазақтарының отаршылдық езгіге қарсы Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған көтеріліс болып, шаруалардың Есет Көтібаров басшылық еткен көтерілісі Батыс Қазақстан аумағын қамтыды. 1870 жылы патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Орал және Торғай облыстарында көтеріліс, Маңғыстауда толқу болып өтті» (Қазақстан тарихы 2002:36).

Тарихшы зерттеушілердің көпшілігі ұлт-азаттық қозғалыстарды кезеңдеуді «Қазақстанның Ресей империясына қосылуы ауқымында қарастырады. Тарихнамада ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы кезеңдеу академик М. Қозыбаевтың еңбектерінен көрініс тапқан. М.Қ. Қозыбаев уақыт аспектісіндегі тарихи процестердің типологиясын жасауда жаңа әрі өзгеше бағытты ұстанып, қазақ тарихын тоғыз кезеңге бөлді (Қозыбаев, 1998: 22). Ғалым 1998 жылы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихының тұтастай кезеңдемесін ұсынды. Кезеңдемесінің тұжырымдамалық мазмұнын Қазақстанның саяси тәуелсіздігі және мемлекеттік егемендігі идеясы құрады. Осы кезеңдемеге сәйкес қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы төрт сатыдан тұрады. Бірінші саты – 1731-1847 жж. Екінші саты – 1847 ж. – ХІХ ғасырдың соңы. Үшінші саты – ХХ ғасырдың басы – 1940 жж. Төртінші саты – 1950 – 1990 жж. Көрініп тұрғандай, бұл кезеңдеме Қазақстанның Ресейге қосылуы және

тәуелсіздік алуымен байланысты 260 жылға созылған үлкен хронологиялық мерзімді қамтиды. Бірінші саты монархиялық иллюзиялардың орын алуымен сипатталады және метрополияға қарсы ашық соғыспен аяқталады. Екінші сатыға күрестің «бейбіт» түрлері, ағартушылық, реформаторлық, ұлттық автономия идеясы тән (Қозыбаев, 1998: 4). Зерттеудің мақсаты ХУІІІ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі, яғни жаңа замандағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихының кезеңдерін анықтау болғандықтан М.Қозыбаев көрсеткен үшінші және төртінші сатылар кеңестік және посткеңестік кезеңдерге сәйкес келеді.

Тарихшы С.Ф. Мәжитовтың пікірінше соңғы уақыттарға дейін қазақстандық тарихнамада зерттеушілер ұлт-азаттық күрес тарихының мерзімдік шегін ХІХ ғасырдың 70-жылдарына дейін ғана жеткізді. Көрсетілген кезеңнен 1916 жылға дейінгі уақыт назардан тыс қалған. Мұның себебін автор қазақтардың метрополияға қарсы ашық көтерілістерінің болмауымен түсіндірді. Алайда бұнымен қазақ халқының ресей отарлауына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың сабақтастығы мәселесі алынып тасталмайды. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағының Ресей империясына толығымен енгізілгеннен кейін Отанды отарашылдардан азат етуді реформаторлық рухқа толы туып келе жатқан ағартушылар мен зиялылар алды (Мажитов 2002:8). С.Ф. Мәжитовтың пікірінше, Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын Сырыс Датов қозғалысынан бастау ескірген көзқарас. Ол оны ХУІІІ ғасырдың 30-жылдарынан бастауды ұсынады. Өз пікірін А.И. Тевкелевтің және А.И. Левшиннің пайымдаулары арқылы негіздейді (Мажитов 2007:24). Осыған орай қазақ даласындағы қарсылық қозғалысын арнайы зерттеу және кезеңдерін нақтылау қажеттілігін алдыға тартады. Ол үшін мынадай үш маңызды жайтты ескеруді қадап айтады. Оларды автор қайта қараудың себептері деп атайды. Біріншіден, орталық азия аймағындағы тарихи оқиғалар өздеріне назар аударуды талап етеді. Ол халықтардың ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалуға бағытталған ұмытылысымен сипатталады (Мажитов 2007:25). Екіншіден, ұлт-азаттық қозғалыстардың хронологиялық шеңберін қайта қараудың қажеттілігі қазақтардың түсінігіндегі тәуелсіздігін сыртқы күштерден қорғаудың ерекшеліктерінен туындайды. Үшіншіден, ұлт-азаттық қозғалыстардың төменгі хронологиялық шеңберін 1731 жылға дейін кеңейтудің қажеттілігі қазақ саяси элитасының Қазақстанның ресейге қосылуының алғашқы кезеңіндегі позициясынан туындайды (Мажитов 2007: 26). Өзінің ойын қорыта келіп, С.Ф. Мәжитов мынадай тұжырым жасады: «вышеизложенные соображения позволяют утверждать, что ранее созданная схема хронологических рамок истории народно-освободительного движения в Казахстане не учитывал всей палитры специфики внутреннего и внешнего положения казахского общества, менталитета и нюансов политического мышления казахского народа. Выведение начала истории народно-освободительной борьбы казахов из контекста вхождения Казахстана в состав Российской империи, где на первый план выступают лишь организованные методы противостояния как скажем при восстании Сырыма Датова, не способствуют написанию комплексной истории освободительного движения в Казахстане» (Мажитов 2007: 26). Осындай ұстанымдардан шыға отырып, автор Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың мына кезеңдемесін өзекті деп санайды: I саты - 1731-1847 жж.; II саты – 1847 ж. – ХІХ ғ. соңы; III саты – ХХ ғ. басы-1940 жж.; IV саты – ХХ ғ. 1950-1990 жж. Бірінші саты монархиялық сағымдардың орын алуымен және метрополияға қарсы ашық соғыстың аяқталуымен сипатталады.

Екінші сатыға күрестің «бейбіт» түрлері, ағартушылық, реформаторлық, ұлттық автономия идеясы тән. Үшінші сатыда казармалық құрылыстың модернизациясына және тоталитарлық жүйеге қарсы өзіндік шаруалар бас көтерулері пайда болды. Төртінші сатыда әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне, саяси бюрократияға, кеңестік идеологияға қарсы ашық бой көтерулер орын алды. Мұның өзі Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне егемен мемлекетті құру негіздеріне қол жеткізді. Осындай бағыттың арқасында жеклеген сатыларда өзіндік ерекшеліктері бар қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын тұтас үдеріс ретінде көрсетуге мүмкіндік туады (Мажитов, 2007: 26).

Қазақ даласында орын алған көтерілістердің мерзімдемесі толыққанды анықталмаса да жекелеген көтерілістердің тарихын зерделеуде олардың сатыларын көрсеткендер бар. Дегенмен тарихшылар бір жылда өткен азаттық күресін сатыларға бөлмей-ақ қарастырды. Айта кетерлік жайт, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың екі үлкен ошағы: бірі - Торғай өңірі, екіншісі - Жетісу болғандығы белгілі. Дегенмен академик Кеңес Нүрпейіс Жетісудағы көтерілісті үш сатыға бөлді. Бірінші сатыны стихиялық наразылық кезені (шілде) деп атады. Екінші саты қарулы күреске ұласу (тамыз-қыркүйектің басы), үшінші саты көтерілістің құлдырауы және жеңіліске ұшырауы (қыркүйек-қазан) (Мажитов 2002:68].

Көне заманнан бүгінге дейінгі бес томдық Қазақстан тарихының ішінші томында И. Тайманов және М. Өтемісов бастаған көтерілістің сатылары көрсетілген. «Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған азаттық күресі өз дамуында үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең 1833-36 жылдарды қамтиды және қарулы көтеріліске дайындық кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең көтерілісшілердің ханға қарсы аттануымен басталып (1837 жылдың басы), олар жеңіліске ұшырауына - 1837 жылғы қарашаның орта шеніне дейін созылады. Үшінші кезең көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған шағын тобының Жайықтың сол жағасына өткен кезінен (1837 жылғы желтоқсанның орта шені), күштерді жаңа шайқастар үшін топтастыру және Ақбұлақ өзеніне жақын жерде болған ұрыста біржола жеңіліске ұшырау (1838 жылғы шілденің орта шені) кезеңімен аяқталады (Қазақстан тарихы, 2002:337-338).

Ұлы Дала Елінде орын алған ұлт-азаттық қозғалыстар.

Ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістердің мерзімдемесін анықтауда мәселенің теориялық қырларын айқындау маңызды болып табылады. Қозғалыс пен көтерілістің мәні ашу арқылы жекелеген уақыт кесінділерінде орын алған қазақ халқының азаттық үшін күресінің мерзімдемесін анықтаудың мүмкіндігі туады. Сондықтан да ең алдымен көтеріліс ұғымының мәнін ашайық. «Көтеріліс – бұқара халықтың немесе әлеуметтік-саяси топтардың билік жүйесінің саяси, экономикалық саясатына қарсы наразылығының бір түрі. Көтеріліс шеруге шығу, толқу, жаппай бағынбау сияқты саяси наразылық сипатында өтеді. Ол наразылық білдірудің жоғары шегі бола тұра, қирату, тонау сияқты ұйымдаспаған әрекеттермен қатар, ұйымдасқан әскери көтеріліске ұласуы да мүмкін. Көтеріліске шыққандар көп жағдайда билік басындағы топты саяси сахнадан кетіруді мақсат етеді. Көтеріліс ұйымдасқан түрде жүргізілетін болса ғана нәтижелі аяқталып, төкеріске ұласады. Қазақ сахарасында Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан дәстүрлі мемлекеттік (хандық) жойылғаннан кейін көтерілістер екі түрлі сипат пен бағыт алды. Алғашқысына патшалық Ресейдің Қазақ хандығын әлсіреуіне және жоюына қарсы, кейінгісіне қазақ шаруаларының феодалдық және отаршылдық езгіге қарсы бағытталған азаттық жолындағы

көтерілістер жатады» (Ұлттық энциклопедия 2003: 53-54).

Енді ұлт-азаттық қозғалыс ұғымына келейік. «Ұлт-азаттық қозғалыс - ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталған күрес» (Ұлттық энциклопедия, 2003: 23). Анықтама барынша толық әрі ұғымның мәнін ашуға бағытталмаған, жалпылама сипатта берілген. Дегенмен ұғымды нақтыландыру мақсатында авторлар былай деп жазған: «18-20-ғасырларда қазақ даласында Ресей отаршылдарына қарсы бірнеше ірі-ірі ұлт-азаттық қозғалыс болып өтті. Ұлт-азаттық қозғалыс көсемдері Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Амангелді, т.б. қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалды» (Ұлттық энциклопедия, 2003: 24). Осы ұғымдар бойынша Ұлы Дала Елінде болып өткен көтерілістерді және олардың уақытын анықтау қажеттілігі туындайды. М. Вяткин 1945 жылы «К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане» атты мақаласында «Движение Срыма возникло в 1883 г. как реакция на возросшие насилия Уральского войска над казахскими аулами и по своему характеру первоначально на выходило за рамки разрозненных столкновений с отрядами уральцев» (Вяткин 1945:81), - деп жазды. Ұзақ уақытқа созылған қозғалыстың 1897 жылға қарай аяқтала бастағанын автор былай көрсеткен: «Движение Срыма быстро клонилось к упадку. Но к концу 1895 г. создавались новые условия для его подъема. ... В ночь на 27 марта 1897 г. хан Есым был убит Срымом в его ставке близ русской границы. Убийство хана произвело потрясающее впечатление в жузе. Бии поколения Байулы, на которых опирался ха, почти погловно восстали против Срыма. Они даже приняли участие в карательной экспедиции, организованной атаманом Уральского войск против повстанцев, но под давлением нарастающего возмущения масс вынуждены были поспешно вернуться в свои аулы» (Вяткин 1945:86). Осылайша Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс 1897 жылы аяқталған.

Тарихта Қаратай сұлтан қозғалысы деген атпен белгілі Хиуа хандығына және патшалық Ресейге қарсы қозғалыс орын алған. Қозғалыс 1807-1816 жылдар аралығын қамтыды. Алайда Қазақ ССР тарихының 1957 жылғы басылымында Қаратай Нұралиев баскөтерісі 1797-1814 жылдарда болды деп көрсетілген. Қозғалыс хандық билікті қайта орнатуды, Қазақстанды Россиядан бөліп алуды мақсат еткен алғашқы баскөтерістердің бірі ретінде реакциялық феодалдық-монархиялық қозғалыс ретінде бағаланды. «Баскөтеріс қазақ ауылдарына феодалдық шабуылдар жасау, керуен тонау түрінде болды. Халық қуаттамағандықтан Қаратай мойын ұсынып, патша өкіметінің қызметіне кірді», - деп жазылған (Қазақ ССР тарихы, 1957: 338). Мұндай тұжырымның таптық бағытта, кеңестік идеология ауқымында жасалғаны анық байқалады. Маңыздысы бұл емес, керісінше қайшылығы қозғалыстың орын алған уақытының әртүрлі болуы.

Қарулы күрес аяқтала салысымен 1816 жылы Арынғазы сұлтан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс басталды. 1821 жылға Арынғазының жер аударылуына байланысты тоқтап қалды. Жоғарыда аталған қорытындылаушы еңбекте «XIX ғасырдың бас кезінде Кіші жүздің оңтүстігіндегі Сырдария бойындағы аудандарда сұлтан Арынғазы Абылғазиев баскөтеріп, ол да хандық өкіметті қайта орнатуға тырысты. 1816 жылдың апрелінде шекті, жаппас, арғын, алшын және басқа рулардың би, старшиналары оны Кіші жүздің ханы етіп сайлады» (Қазақ ССР тарихы, 1957: 338), - делінген. Назар аударарлық бір жайт, кеңестік тарих ғылымында XIX ғасырдың бірінші жартысында орын алған қозғалыстардың мемлекеттілікті жаңғыртуға бағытталғаны ашық

айтылды.

Іле-шала Жоламан Тленшіұлы бастаған көтеріліс басталды. Көтеріліс 1822 жылдан 1824 жылға дейін созылды. Алайда бұл қозғалыстар мен көтерілістер ғылыми зерттеулерден үнемі көрініс таба бермеген. Тарихнамада қазақ халқының азаттық күресінің барлығын қамтып, үстірт болса да зерттеген М.Вяткинді атап кеткен жөн. Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының айтылып, жазыла бермеуінің өзіндік себептері де жеткілікті. Солардың арасында негізгі себептер болып ұлт тарихының бұрмалануы, оның кеңестік тарих ғылымында «аға ұлт» тарихының көлеңкесінде қалуы, қазақтарды «бұратана», «көнбіс», «жабайы», «бас көтеруге дәрменсіз» етіп көрсетуге бағытталған идеология саналады. Алайда көріп отырғанымыздай, қазақ халқының азаттық үшін күресі Ресей империясының бодандығын қабылдағаннан кейінгі уақыттарда бір сәтте де толастамаған.

Свою просьбу отпустить захваченных в плен его людей Султанмаммет подтвердил 5 января 1778 году в своем письме генерал-майору Н.Г. Огареву: «По происходимой между нами ссоре, для взятыя у находящихся на вашей стороне киргисцов ис табунов в баранту шести лошадей два киргисца посланы были. Кои пойманы и содержатца в крепости под караулом за то, что якобы оне ездилы в вашу сторону для воровства. О коих, однако ж, хотя я приезжал сам в Ямышевскую об отпуске и просил командующаго во оной, на что мне об вине их не объявлено, но они не отпущены в улус обратно. В таком случае вашего превосходительства прошу приказать тех захваченных дву киргисцов ис под караула выпустить» (ГАОО, 212: 7-10).

На что был положительный ответ: «захваченнаго в крепости Ямышевской двух киргисцов отпуск, свой улус и аманата сево волости не взять». Безусловно, эта была маленькая, но победа Султанмаммет и его сыновей (Архив, 212:10).

Султанмаммет султан вставал на защиту своих подданных, которых убивали представители метрополии на границе, требуя при этом законного удовлетворения, что видно из его письма на имя генерал-майора Н. Г. Огарева от 5 марта 1778 года в котором он просит наказать русских людей за убийство казаха, в противном случае открыто намекал на возможность мести со стороны его людей: «А как у нас убит один российским человеком киргизец, то ныне неотступно того убитаго киргисца отец, приезжая ко мне просит, чтоб за онаго захватить из русских людей. Однако я ему таковаго захвату делать не приказал... И ежели вы вперед таким ворах станите делать потачку, то могут и из моих детей дойти до смертнаго убивства» (ГАОО, 212: 195-196).

Иногда российские команды вторгались в казахские аулы, подведомственные Султанмаммету. И здесь на защиту своих подданных вставал несколько уже одряхлевший султан. Вот что он писал 5 апреля 1788 года командиру Сибирского корпуса генерал-поручику Н.Г. Огареву о самоуправстве русской команды в ауле Тлеумбет-батыря с требованием немедленного разбирательства: «Басантинской волости старшина Тлеумбет-батырь, когда уезжал к вашему высокопревосходительству, то в небытность ево послана была в ево улусы руская команда (а из которова места не пишет), и прибили ево жон, а также убили двух ребенков, и некоторое число имения увезли, и захватили одново киргисца, которой и поныне содержитца в фарпосте Коряковском» (ГАОО, 249: 378-380). Как видим, потерпевшие были не из его улуса, а волости его сына Уруса. Тем не менее, как правитель всех прииртышских казахов, он требовал справедливого разрешения данного инцидента со смертельным исходом.

В этом же письме он встал на защиту казахов, которые находясь на внутренней, правобережной стороне, оказались намного дальше, чем это было предписано в российских законах, на что военные стали угонять казахский скот: «По повелению вашего высокопревосходительства табуны наши пропущены

были в российскую сторону на 30-верстное расстояние. Но за неимением корма отогнали оныя еще дальше того расстояния, не доезжая до крестьянских селений 80 верст. Почему из Ямышева послан был к тем крестьянам сотник, которой им сказал, что табуны наши далее 30 верст пропускать не велено. За что и велел брать у нас лошадей, которыми и взято у разных старшин сто лошадей, которых прошу вашего высокопревосходительства приказать нам возвратить. А если они отданы нам не будут, так киргисцы почтут себе за великую обиду. По каковым обстоятельствам никак нам с своими табунами вперед на вашей стороне и находитца будет не можно (ГАОО, 249: 378-380).

Иногда случались конфликты между казаками и казачками, с гибелью людей, которые также требовали его вмешательства, в противном случае ситуация могла резко накалиться. К примеру, об одном из них сообщает в своем письме Урус султан генерал-поручику ИА. Деколонгу от 7 июля 1773 года: "...приехав ко мне увакской волости старшина Серкебай батыр... у коего набрано киргизцев тысяча человек вообще, ехал с ним под крепость Ямышевскую, и просил за пять убитых киргизцев заплаты за каждого человека по 200 лошадей, по два человека в холопы, по два верблюда, по одному панцирю и по одной турке, а ежели де того дать не согласятся, то де пускай дадут живых десять человек людей русских..." (ГАОО, 182: 34).

Заключение. Итак, после военных конфликтов казахов Среднего Прииртышья и военных гарнизонов, имевших место в середине 50-х годов XVIII века, вооруженных столкновений казахов-подданных Султанмамета с русскими военными практически не наблюдалось, за исключением отдельных случаев. Все это стало возможным благодаря экстренному и оперативному вмешательству Султанмамета. В условиях того времени, когда силовыми методами возникающие проблемы нельзя было решить, прииртышский султан прибегал к личному посредничеству, длительным перепискам и переговорам с высшими региональными властями. Таким образом, в этой части Казахского ханства воцарилось относительное согласие и спокойствие. В противном случае, могли возникнуть военные столкновения с гибелью людей.

Зная военно-техническое превосходство Российской империи, Султанмамет выбрал мирный вариант решения возникающих конфликтов с военными. Пожалуй, на тот момент это был наиболее верный и правильный шаг, чем он заслужил искренне уважение не только со стороны российских военных и региональных властей, но и своих подданных, а также других казахских улусов. Последние в таких случаях нередко прибегали к его посредническим услугам как миротворца и мастера переговорных процессов.

Будучи сильным национальным лидером казахов Среднего Прииртышья, Султанмамет султан своей мудрой политикой сумел выстроить такие отношения с царскими властями, которые позволили еще на многие десятилетия сохранить права казахов на их родовые земли в Восточном и Северо-Восточном Казахстане. В целом, можно сказать, что фигура Султанмамета значительно приостановила темпы продвижения царской колонизации в крае в последней трети XIX-го века.

Литература:

Архив - Государственные (Исторические) архивы Омской и Оренбургской областей. Фонд (Ф), Опись (Оп), Дело (Д).

ГАОрО, Ф.3. Оп. 1. Д. 56.

ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 132.

ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 137.

ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 190.
ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 195.
ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 201.
ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 212.
ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 249.
ГАОО, Ф.1. Оп. 1. Д. 182.

References:

Archive - State Archive of the Orenburg Region, fund (F), register (Op), file (D).

Arhiv GAOro. F.3. Op1. D. 56
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 132
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 137
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 190
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 195
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 201
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 212
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 249
Arhiv GAOO. F.1. Op1. D. 182

FTAMP 03.20
94 (574) '18'23/45':929

Сайфулмаликова Сабира ¹, Баянбай Ақжол ²

¹т. ғ. д., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.

Алматы қ, Қазақстан. E-mail: sabirasha@mail.ru

²педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: akjol.as@mail.ru

ЖӘНГІР ХАННЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНАН (1823-1845 жж)

Мақала Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің күнделікті өмірін зерттеуге арналған. Жәңгірдің өміріндегі ең маңызды сәттер оның отбасы, балалары, Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан қалаларына сапарлары, ханның киім киісі, үйі, қонақ күту рәсімі, демалысы, қызығыушылығы, діни жоралар мен мейрамдар қарастырылған. Жәңгір ханның күнделікті өмірін әр қырынан зерттеу, ХІХ ғасырдағы қазақ хандарының күнделікті өмірінің үлкен өзгерістерге түскендігін айқындайды.

Кілт сөздер: Бөкей Ордасы, Жәңгір, Фатима, К.Фукс, күнделікті өмір, сапарлар, киімдері, тұрғын-үйлері.

МРНТИ 03.20
94 (574) '18'23/45':929

Сайфулмаликова Сабира¹, Баянбай Акжол²

¹д.и.н., Казахский национальный педагогический университет им.Абая,
г.Алматы, Казахстан. E-mail: sabirasha@mail.ru

²магистр педагогических наук, Казахский Национальный педагогический
университет им.Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: akjol.as@mail.ru

ИЗ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ХАНА ЖАНГИРА (1823-1845 гг)

Статья посвящена изучению повседневной жизни хана Букеевской Орды Джангира. Рассмотрены наиболее важные моменты из жизни Джангира: семья, дети, поездки в Санкт-Петербург, Москву, Казань, дом, одежда, прием гостей, досуг, интересы, религиозные ритуалы, праздники. Изученные различные стороны повседневной жизни Джангира, показывают какие были внедрены обширные изменения в повседневную жизнь казахских ханов.

Ключевые слова: Букеевская Орда, Джангир, Фатима, К.Фукс, повседневность, поездки, одежда, дом

IRSTI 03.20
94 (574) '18'23/45':929

Saifulmalikova Sabira¹, Bayanbay Akzhol²

¹Doctor of History, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan. E-mail: sabirasha@mail.ru

²Master of Pedagogical science, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan. E-mail: akjol.as@mail.ru

FROM THE HISTORY OF DAILY LIFE OF ZHANGIR KHAN (1823-1845)

The article is devoted to study the Bukeev Horde khan's daily life Dzhangir. The most important moments from the Dzhangir's life has been considered: family, children, trips to St. Petersburg, Moscow, Kazan, home, clothes, appointments and meetings with guests, leisure, interests, religious rituals, holidays. The various aspects of Dzhangir's daily life that have been studied, shown extensive changes which were introduced into the Kazakh khans' daily life.

Keywords: Bukeev Horde, Dzhangir, Fatima, K.Fuks, daily life, trips, clothes, Khan's home

Кіріспе. XIX ғасырдағы қазақ хандарының ішіндегі реформатор, балаларын Санкт-Петербургтегі Пажеск корпусында оқытқан, Николай I ұлықтау салтанатына қатысып елшілермен кездескен, Астрахан, Орынбор, Қазан өлкесіндегі шенділермен, ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста болған, Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің күнделікті өмірі, өзімен қатар өмір сүрген хан, сұлтандардан мүлдем өзгеше және ерекше болды.

Алтын Орданың астанасы Сарайды XIX ғасырда зерттеген және Жәңгір

ханмен кездескен, полковник А.В.Терещенко ханның сыртқы келбетін өнді келген, ұзын қара сақалды, мінезі сабырлы, қарапайым, сыпайы, кең жүректі, оның қайырымдылығы барлығына да жететіндей еді- деп бағалаған болатын (Терещенко,1853:63).

Қазақстанның Ресей империясы құрамына қосылуы қазақ қоғамының саяси жүйесіне, құқығына, дәстүрлі шаруашылығына ғана өзгерістер алып келген жоқ, сонымен бірге қазақ қоғамының күнделікті өміріне де үлкен өзгерістер алып келді.Өзгерістер олардың тұрғын үйлері мен үй жиһаздарында, киімдерінде, әдебінде, күнделікті тамақтарында, қызығушылығында, көзқарастарында да байқалды. Күнделікті өмірі өзгеріске толы хандардың бірі Жәңгір болатын.

Қазіргі Қазақстан тарихнамасында хан, сұлтандардың күнделікті өмірі зерттелінбеген тақырыптардың бірі болғандықтан да, қазақ тарихындағы сыңаржақты көзқарастарға толы Жәңгірдің өмірін зерттеу мәселенің өзектілігін айқындайды. Ханның күнделікті өмірі өзінің отбасы, Бөкей Ордасының әртүрлі әлеуметтік топтары және Астрахань, Орынбор, Қазан өлкесіндегі Ресейдің саяси әкімшілік элитасы мен ғалымдармен күнделікті қарым-қатынаста өтті.

Тарихнама. Төңкеріске дейінгі Жәңгір ханға қатысты зерттеулерді екі топқа бөліп қарастыруға болады.Біріншісі, ханмен жеке кездескен авторлар еді. 1826 жылы К.Ф. Фукс (Фукс, 1826), 1832 жылы Сабаншиков (Сабаншиков, 1832) 1834 жылы К. Гебел (Гебел, 1845), 1844 жылы Л.Ф. Львов (Львов,1885), 1844 жылы барон Ф.А. Бюлер(Бюлер 1844) және ханмен бірнеше рет кездескен полковник А.В. Терещенко болды. Зерттеуші А.Г. Карелин (Карелин,1866) ханның қасында бірнеше жыл кеңесші болып, Хан Ордасындағы флигельде тұрды.Олар өз зерттеулерінде ханмен кездесулерін, оның сыртқы келбеті, әдебі, киім-киісі, мінез-құлқы, отбасы және тұрмысы туралы жазды. Екінші топтағы авторларға ханмен кездесу бақыты бұйырмаса да,хан қайтыс болғаннан кейін, Бөкей Ордасындағы Хан Ордасында, Торғын өзені бойындағы жазғы үйін көрген, зерттеушілер М.Я Киттари (Киттари, 1849), А.Н. Харузин (Харузин,1868), И. Казанцев (Казанцев,1867) және басқа да авторлардың еңбектерін жатқызуға болады. Бұл зерттеулерде Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін ханның үйі, отбасы, Хан Ордасына қатысты деректер беруімен де құнды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Жәңгір ханның жеке тұлғасына деген қызығушылық тарихшылар, қаламгер-журналистер, әскери шенділер және т.б. әртүрлі мамандық иелері арасында да жоғары болғандықтан, бірнеше ғылыми зерттеулер жарық көрді. Бұл авторлар арасындағы Ж.Қ. Қасымбаев (Қасымбаев, 2001), Г.К. Мукатаев (Мукатаев, 2000) М. Құлкенов, Р. Отарбаевтың (Құлкенов, Отарбаев,1992) және т.б. авторлардың зерттеулерінде ханның жеке өмірі, отбасының күнделікті өмірлеріне де қатысты жекелеген деректер беріледі.

Методология. Күнделікті тарих теориясы негізінде қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтар мен олардың күнделікті өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күнделікті тұрмыстағы іс-әрекеті, әлеуметтік коммуникация, әдет, мінез-құлқы,жүріс-тұрысы, киім-киісі, оларды қоршаған ортадағы оқиғаларға қатысты эмоциялық әрекетін жан-жақты зерттеп көрсетуге болады. Зерттеу жұмысын жазуда ретроспективтік, герменевтикалық, биографиялық әдістерге сүйендік. Жәңгір ханның күнделікті өмірін зерттеуде мынадай жақтарына аса мән берілді:ханның келбеті, өзін-өзі ұстау әдебі, киімі, ұстанымы, отбасы және онымен қарым-қатынас.

Зерттеудің негізгі дерек көздері Қазақстан Республикасының мұрағат қорындағы құжаттар, эпистолярлық деректер мен мерзімдік басылым материалдары болды.

Негізгі бөлім. Жәңгір ханның өміріндегі ерекше оқиғалар оның үйленуі мен балаларының дүниеге келуі болатын. И. Казанцев Жәңгір ханның үш әйелі туралы дерек келтіреді. Бірінші әйелі Қазим, екіншісі Айсұлу, үшіншісі Фатима (Казанцев, 1867:215). 1826 жылы Жәңгірмен кездескен К.Фукс та ханның Фатимадан бөлек,екі әйелі бар деп жазады (Фукс,1826:11) И.С.Иванов Фатиманы Жәңгір ханның үшінші әйелі деп көрсетеді (Иванов, 2001:11). Деректерде Жәңгір ханның әйелі ретінде Айсұлу аталады, бірақ оны 1834 жылы қайтыс болған деп жазылғанымен, оның балалары туралы мағлұматтар мүлдем жоқ. И. Казанцев, И.С. Иванов келтірген Қазим, негізінен Жүзім.1851 жылғы Жәңгірдің дүние-мүлкін қайта қарау мәселесі көтерілгенде Жүзім мен Фатимадан туылған балалары туралы жазылады. Мұрағат деректеріне сүйенсек Жүзім шеркес руының биі Айдаболдың қызы, 1840 жылы қайтыс болған (ҚРОМА, 33:12).

Жәңгір хан 1824 жылдың қазанында муфти Мухамеджан Гусейновтың қызы Фатимаға үйленді, өрине И.Казанцев көрсеткендей Фатима оның үшінші әйелі болды. Карелин Фатима жөнінде былай деп жазады: «Фатима ханша, тегі татарлық,Уфада өскен, муфтийдің қызы, қатігез анасының қолында және поляк еврейкасының қолында тәрбиеленді. Еврей әйелі оны аздап немісше үйретті, фортепьянада бірнеше биді, орыс әндерін тарта алатын. Ханша жігерлі және қызғаншақтау болды.Оны саясат,жаналықтар қызықтырмады» (Карелин,1866:32).1832 жылғы Фатимамен кездесуі жөнінде Сабаншиков былай деп жазады: - «Ханша бізді ілтипатпен қабылдады,неміс, француз тілдерінде сөйлейді, фортепинада өте жақсы ойнайды. Бойы тік және иілгіш, қимылы ширақ. Біз өзіміздің астанадан қаншалықты қашықта тұрғанымызды бір сәтке болса да ұмыттық (Сабаншиков, 1832:667). Ханшаның үстінде ақ жібектен тігілген көйлек, шеттері алтын шашақтармен, жағасы қоңыр күлгін түсті, маржан, алтын, гауһар, көкірек тұсы қоңыр күлгін түсті қамқа, маржандармен зерленген.Көйлек сыртынан алтын түстес жіптермен әрленген камзол киген, қолы кең және қысқа. Басында қоңыр күлгін тақия,шеттері бұлғын терісімен әрленіп, маржандармен көмкерілген, ортасында гауһар (Сабаншиков, 1832:668). Мойнында императатрица сыйлаған жақұт фермуар. Құлағында жақұт сырға,қолында жақұт сапфир. Аяғына қоңыр күлгін түсті, өрнектері алтын жіптермен әрленген етік киген. Ханшаның үстіндегі киімі 150 мың рубль (Сабаншиков,1832:669). Жалпы Фатимамен кездескендердің барлығының ол жөнінде жазған пікірлерінен, ханшайымның қымбат және салтанатты киімдер кигенді ұнатқандығын байқауға болады.

Жәңгірдің төртінші әйелі Салиха, жожа Қарауылқожа Бабажановтың қызы.1844 жылы Жәңгірмен кездескен барон Ф.А. Бюлер, ханның әйелі туралы былай деп жазады. «Жаңа ханшаның жасы 14 жаста,өте әдемі деп айтады. Ханның үйленуін оның ханшаға (Фатимаға-С.С) көңілінің суымен байланыстырады,қазақтардың таңертеңнен кешке дейінгі әңгімесі осы оқиға (Бюлер, 1844:427). Деректерге сүйенсек, Фатима 1839 жылдан бастап сырқаттанып, денсаулығы сыр берген.

Жәңгір ханның Жүзімнен туылған балалары Ескендір (1821), Зұлхарнайын (1824), Сейіт-керей (1829), Фатимадан туылған балалары Зулейха (1930), Сахып-Керей (1831), Ибрагим (1833), Исмайл (1834), Гайша (1831), Хадиша (1836), Ахмед-Герей (1837), Ғұбайдулла (1840). Бұдан бөлек Жәңгір ханның балалары ретінде Сәлімгерей (1829), Бахты-Керей (1832), Айсұлу (1832)

аталады.

Жәңгір ханның өміріндегі ерекше оқиғалардың бірі оның хан жариялану салтанаты болатын. 1823 жылы 22 маусымда Жәңгір хан дәрежесіне, ал 1824 жылы 26 маусымда Оралда Жәңгірді хан көтеру салтанаты болды (Мукатаев, 2000:38). Хан сайлау рәсімі Орынбор әскери губернаторы Эссен, сұлтан, ру басшылары, би, старшиндар мен құрметті қонақтардың қатысуымен, Орал қаласына жақын жерде салтанатты түрде өтті. Жәңгір хан Ресейге адал қызмет жасауға ант беріп, оның иығына арнайы Петербургтен алдырылған бұлғын терісінен жасалған тон, басына қара бурыл түлкі терісінен тігілген бас киім кигізіп және қолына қылыш ұстатылды, бұл рәсімдердің барлығы да музыка мен зеңбірек дүрсілінің қошеметімен өткізіледі (История, 2002:246-б). Полковник Берг ханды салтанаттау мерекесінің 10 күнге созылғанын, ханды қошеметтеуші 420 адамға әртүрлі сыйлықтар таратылып, бәйге мен әртүрлі ойын-сауықтар өткізілгенін және ханның Каспий теңізінің жағасында тұрақты үй салу жоспарымен бөліскені, - туралы жазады (Мукатаев, 2000: 39). Салтанатта Жәңгір хан Қасиетті Анна орденінің 1 дәрежесімен марапатталды.

Жәңгір ханның өміріндегі келесі ерекше оқиғалардың бірі, 1826 жылы тамыз бен қыркүйектегі Мәскеудегі Кремльде император Николай I мен императрица Александра Федоровнаны ұлықтау салтанатына Фатимамен қатысуы болатын. Жәңгір хан депутациясының құрамында Қайыпқали сұлтан Есімханұлы, Шоқа сұлтан Нұралыхан ұлы, Сүйіншіғали Жаналиев, Тәуке Бөкейханұлы, Шығай Бөкейханұлы, сұлтан Тоғжан, Қарауылқожа Бабажанов, старшина Серкеш Жақыпбеков, Шекара комиссиясының кеңесшісі Топорин, имам ахун Айыт Мұхаммед болды (Қасымбаев, 2001:53).

Ұлықтау мерекесіне арналған салтанат үш аптаға созылып, бал, түскі ас, маскарад, концерт, сахналық қойылым, аңға шығу және тағы да басқа әр түрлі мерекелік шаралармен жалғасып, соңы от шашу салтанатымен аяқталды. Жәңгір хан депутациясы Мәскеуде 10 шақты күндей болып, қаладағы әр түрлі бал кештеріне, шақыруларға қатысады. Фатима ханшайымға императрица қабылдауында болуға мүмкіндік беріліп және патшайымнан қымбат сыйлықтар алды. Деректерде Фатимаға құны 3 мың рубль гауһар тасты фермуар мен құны 4 мың рубльге бағаланған әр түрлі тері, шұға және тағы да басқа материалдар берілді-деп көрсетіледі (Мукатаев, 2000:40).

Жәңгір хан күнделікті өмірде Фатиманың киімдері, әшекейлері мен опадалап, иіс суларына қатысты сұраныстарының барлығын орындап отырды. Мәскеуге барған алғашқы сапарында Жәңгір хан Фатиманың өтініштерін орындау үшін біраз шығындалады. «Осы сапарда ол (Фатима-С.С.) сарай ханымдарының кеңесімен сәнқойлар баратын дүкенге көп ақша тастады. Хан Фатиманың сәнді әр түрлі шүберектерге жұмсалған 28 мың рубль ассигнациямен төлеген түбіртегін көрсетті, ол бай емес болатын, қарыздарын төлеу үшін малының бір бөлігін сатты, қалғанын халықтан жинады»-деп жазды Карелин (Карелин, 1866:32).

Фатиманың күнделікті өмірдегі қажеттіліктерін ханның үнемі орындап отырғандығы жөнінде Карелин басқа сапарларына қатысты мәліметтерде де көрсетеді. 1830 жылы Карелин Жәңгір ханның өтінішімен және өз істері бойынша Мәскеуге үш айға аттанды. Өз сапары жөнінде Карелин былай деп жазады: Менің баруымды қатты қалаған Фатима болатын, өйткені ол киімдерін сәнді, әсем, қымбат киімдермен толықтырмақ болды. Оған тағы да басқа заттар қажет еді, яғни косметикалық заттардан иіс су, бетке опадалап пен сабын. Фатима Мәскеудегі бірінші сәнқой мадам Виктория, немесе Виктория болуы керек соны жақсы білетін. Ханша маған сол ханымнан ғана

заттарды тапсырысқа беруді тапсырды. Бұл мадам бұрын ханшаны (1826 жылы сапарында - С.С.) әбден үштеген, мысалы Константинопольден Серальск үлгісімен жасалды деп тюник үшін 6,5 мың ассигнациямен ақшасын қағып қалған (Карелин, 1866:32). Ал Жәңгір хан әр түрлі дәрі-дәрмек алып келуді тапсырды. Мәскеуден қайтқаннан кейін, бірден Хан Ордасына аттандым. Ханша алып келген сыйлықтарды асыға күткен болатын (Карелин, 1866:33). Он шақты ағылшын чемодандарын, жәшіктерді тағатсыздана күткен ханшайымға жібердім - деп жазады Бөкей Ордасының кеңесшісі (Карелин, 1866:34).

Мәскеу сапарында Жәңгір ханның өзіне де Сыртқы істер министрімен, басқа елдердің елшілерімен кездесуге мүмкіндік беріліп және қымбат сыйлықтармен қошемет көрсетіледі. Жәңгір ханға алмазы бар көк лентадағы алтын медаль, ең қымбат бағадағы жасыл бархыт көйлек пен әр түрлі материалдан, құндызбен әрленген көйлек, құны 4 мың рубльге бағаланған сыйлық беріледі (Мукатаев, 2001:40). Депутация құрамындағы сұлтан, старшин, ахун Анненск таспасы бар алтын медальмен марапатталды - деп жазады Карл Фукс (Фукс, 2001: 210). Жәңгір хан Андреев таспасындағы алмазы бар алтын медальмен марапатталады. Ресей өкіметі ханды Андреев таспасынан бөлек, 1832 жылы Қасиетті Анна орденінің бірінші дәрежесімен, 1839 жылы Қасиетті Анна орденінің бірінші дәрежесіндегі алмаз белгілері бар медальмен марапаттап және 1840 жылы 9 қарашада генерал-майор шенін береді (История, 2002; 582).

Жәңгір хан 1826 жылы алғашқы Мәскеуге барған сапарынан қайтқанда, он күндей Қазан қаласында болып, міне осы жерде Қазан университетінің ректоры профессор Карл Федорович Фукс, Мирза Александр Казем-Бек және Қазан татарларымен кездеседі. К. Фукспен кездескенде хан 24 жаста болатын. Қазан университетінің профессоры оның сыртқы келбетін былай суреттейді: «Орта бойлы, бет әлпеті мен өңінің ақтығы еуропалықтарға ұқсайды. Көзі үлкен, сақалы сирек, сүйкімді, бір сөзбен айтқанда сыртқы келбеті тартымды. Орыс тілінде өте жақсы сөйлей алмаса да, ойын дұрыс, қатесіз жеткізеді, әдемі жазады. Табиғи тілі татар, араб, парсы тілдерін біледі және осы тілдердің барлығында да жазады (Фукс, 2001:7).

1832 жылы Жәңгір ханмен кездескен Сабаншиков та ханның келбетін былай суреттейді: «Жасы 30-дар шамасындағы хан кіріп келді, беті мен қолы ерекше аппақ. Ақ жібектен киген шапанының бетінде тоқылған гүлдері бар. Үстіндегі таза голландық кенептен тігілген көйлегі тірсегіне дейін жетіп тұр. Император Николай Павловичтің бейнесі бар патшаны ұлықтау мейрамынан марапатталған алмаздармен көмкерілген, көк таспалы алтын медалі көкірегін жауып тұрды. Басында қызыл күрең түсті барқыт пен алтын жіптермен тігілген тақия. Ханның салтанатты киімі бұлғын терісінен тігілген, шеттері алтын жіптермен тоқылған көкірегін жауып тұрды. Тігісі мантия немесе жеңі жоқ плащқа ұқсайды, мойны алтын тағамен түймеленген. Бас киімі қызыл күрең түсті барқыттан шошақ бөрікті, жеңістің белгісіндей көрінеді, ірі маржандармен әрленген. Еуропалықтарда сирек кезесетін ептілікпен бізге төмен басын иіп, ілтисиппен жымып амандасты да таза орыс тілінде сөйлесе бастады - деп жазады (Сабаншиков, 1832:665). 1844 жылы Жәңгірмен кездескен Ф. А. Бюлер де ханның орысша сөйлеп және жазатынын ерекше атап өтеді (ҚРОМА: 2300:1).

К. Фукс өз мақалаларында Жәңгір ханның Қазан университетіне келгендегі және кешкі жиындардағы киімдерін суреттеп жазады. Университетке келгенде ханның үстінде бағасы 15 мың рубль тұратын бұлғын терісінен, қымбат камқаман өңділіп тігілген тон болды. Тонның ішінен алтынмен оқаланған,

кымбат жасыл түсті қамқадан тігілген шекпен, ал оның ішінен кофе түстес қамқа қамзол. Басында ақ, жұқа көсеймен оралған сәлде, гауһармен әрленген императордың портреті бар алқабау мойнына сән беріп тұрды. Бүйіріндегі алтын, кымбат тастармен әрленген түрік қылышы қызыл жібек матадан тігілген белбеуге бекітілген болатын (Фукс, 2001: 2).

К.Фукстың үйіндегі кешкі отырысқа Жәңгір хан басына биік, бүйірлері үшкір және түсіңкі жерлері қымбат бұлғын терісінен тігілген алтын қамқамен қапталған бас киім киіп келді. Қасындағы сұлтандар да үстеріне алтын қамқадан тігілген шекпенде болды (Фукс, 2001: 2).

Жәңгір ханның күнделікті өмірдегі әр түрлі салтанаттарға байланысты киімдерін Казанцев те ерекше атап өтеді: «Хан Ордада атлас, барқыттан тігілген ақ, жасыл, қызғылт-сары түсті бешпент және сондай көк, қара түсті алтын, күміспен зерленген бешпент, қазақтық үлгідегі ақ ешкі түбітінен тоқылған бас киімдер, жадағай орнына алқызыл түсті шұға шекпен кесе, қыста бұлғын терісінен тігілген, қою жасыл барқытпен өңделген тон киді. Қалаға барғанда генералдық сәнмен тігілген эпoletі бар казак шекпенін киетін, хан сайланғанда сыйлаған алтын қылышты беліне тағатын. Басында парик (жасанды шаш), офицерлер үлгісіндегі үшбұрышты қалпақ, оның астынан күлгін қамқадан тігілген, алтынмен зерленген, түйеқұстың қанаты бар, сұлтандық тақия киетін- деп жазады (Казанцев, 1867: 215).

Зерттеушілер XIX ғасырда сұлтандардың киімдеріндегі негізгі түс қызыл күрең, қою қызыл реңдерді көрсетеді. Жәңгір хан киімінің үлгілерінен оның әр түрлі түсті киімдерді және бағалы терілерден тігілген киім кигенді ұнатқанын және салтанаттарда әскери шендегі киімдер кигенін аңғаруға болады. Жәңгір ханның бұлғын терісінен бөлек жанат, кәмшат, түлкі, елтірі терілерінен тігілген киімдері болды. Жанаттан тігілген қызыл-қошқыл түсті шұға мен немістің кәмшатынан тігілген құны 150 рубль күміс ашқаға бағаланған тоны болатын (ҚРОМА, 996: 56). Жәңгір хан күнделікті өмірде венециялық, франциялық қамқа, жібектен тігілген хиуалық, бұхарлық шапандар мен түйе жүнінен жұқа иіріліп тоқылған шапандар киді. Деректерге сүйенсек, мысалы, бөзбен қапталып, қызыл түсті жібек матадан тігілген он хиуалық шапаны, ақ ала парсы матасымен өрнектелген және түрлі түсті зығыр матасы мен жібектен тігілген бұқарлық жеті шапаны, бұқарлық түрлі түсті зығыр матасынан жібек матадан тігілген алты бұқар шапаны, ақ шыт пен түйенің жүнінен жұқа иірілген жіптен тігілген шапаны, қоңыр түсті қойдың жүнінен жұқа иірілген жіптен дайындалған биязы матадан тігілген шапаны, жібек матадан тігілген қызыл түсті хиуалық отыз шапаны, бөзден тігілген тоғыз хиуалық жолақ шапаны, «Падшай» деп аталатын бұхарлық жібек матадан тігілген үш шапаны, ақ бөз мата мен жібек матадан тігілген он жеті хиуалық шапандары болған (ҚРОМА 996: 58). Бұдан бөлек Жәңгір хан күнделікті өмірде венециялық қамқадан, шұғадан тігілген, жағалары бұлғын, неміс кәмшаты, түлкі терісінен тігілген, күміс түймелі және черкестік шекпендер киді.

Жәңгірхан кез-келген ортада өзін емін-еркін ұстайтын адам болған. К. Фукс «Университетті асықпай аралап жүріп, ойланып, баппен, өте сыпайы түрде сұрақтар қояды. Хан министр-кабинеттегі араб, татар теңгелерінің жинақтарына баса назар аударды, олардың сандарын оқи отырып қай жерде соғылғанын бірден анықтады. Кітапханаға кірген кезінде ол араб, татар қолжазбаларына және әдемі басылған Құран мен университет типографиясынан басып шығарылған кітаптарға ерекше назар аударды-деп көрсетеді (Фукс, 2001:8).

К.Фукс Жәңгірдің қолына канцлер граф Румянцевтің жетекшілігімен

Қазанда түркі тілінде басылып шығарылған, Хиуа ханы Әбілғазы еңбегінің көшірмесін ұстатып, қазақ даласында болған шайқастарды бейнелейтін суреттер көрсетеді. Жәңгір хан профессордан университет кітапханасындағы кітап санын сұрайды. К.Фукс ханға 20 мың томға жуық кітап барын жеткізді. Кітапхананың келесі бөлмесінде Жәңгір үлкен глобусты байқап қалады. Аудармашы Казим бек Жәңгір ханға глобусты қалай қолданылатынын түсіндіріп береді. Хан жер күнді айналатынын естігенде сенгісі келмеді, ол глобустың кейбір пайдалы жағы бар екенінің білетін, сондықтан да Мекке мен Қазанның бір сызықтың бойында орналасқандығының қаншалықты рас екеніндігін сұрады- деп жазады Фукс (Фукс, 2001:9).

Қазанда көрген глобус Жәңгір ханға қатты әсер қалдырған болуы қажет, өйткені ханның қонақ қабылдайтын бөлмесінде тұрған глобус жөнінде Терещенко былай деп жазады: Орындықтардың арасында жер глобусы мен ғаламшар глобусы тұрды, соңғысы ғаламшарлардың қозғалысын көрсетеді, сағат жанында да айдың глобус шары болатын (Терещенко,1853: 62).

Жәңгір хан Қазан университетінің жаратылыстану бөлмесіндегі құстардың тұлыбын қарап, құстар арасынан қазақтар үшін аңшылықта аса жоғары бағаланатын лашынды іздеді. К.Фукс ханның анатомиялық бөлмедегі құрылғылар мен адам түсіктеріне де ерекше көңіл аударғанын жазады. Университетті аралап жүріп Жәңгір хан бөлмелердің тазалығына және жатын бөлмелер мен қол жуғышқа ерекше мән береді. К. Фукстың айтуынша «Хан қоштасар алдында, екі ұлының ер жеткенде осы университетте оқығанын қалайтынын және сондай мақсатпен өзінің туыстарын да Орынборға оқуға жібергісі келетінін айтты» -деп жазады (Фукс, 2001:9).

Қазанның беделді көпестері ханға құрмет көрсетіп, татар дәстүрі бойынша кешкі сағат 6-ға, асқа шақырды. Ханды қонақ қылып күткендер арасында Мұса Апанаяев, Ғұбайдолла Юнусов, Юсуп Ахмеров, Башир Аитов және князь Заманов деген көпестер болды. Хан дастархан басында әдемі қамқаман әрленген, биік мамықтың үстінде отырды. Хан жастанған жұмсақ жастық оның денесінің көп бөлігін жауып тұрды. Оның бір жағында молдалар, екінші жағында шақырылған құрметті қонақтар жайғасты.

Дастарханға бірінші асқа шығыстың сүйікті тағамы палау әкелінсе, одан кейін түшпара, қуырылған ет, балық, 5-6 тәтті қаусырма әкелінді. Өз заңы мен дәстүрі бойынша олар күміс қасықтың орнына ағаш қасық қолданды. Шарап орнына шербет және бал болды. Тәтті тіс басарға жемістерден қарбыз, жүзім, әр түрлі піскен және кептірілген жемістер, кәмпит пен тосап қойылды. Соңына қарай бір уақытта шәй мен кофе берілді. Жұма күні Жәңгір хан молдаларды өзіне қонақ қылып күтті. Келген молдалардың саны біраз болатын, хан оларға және кедейлерге ақшалай сыйлық таратты. Үндістаннан Қазанға келген, жергілікті татарлар әулие және дәрігер ретінде аса құрметтейтін Ишан Сағиб Зада молданы құрметпен өзінің Ордасына шақырды- деп толықтырады К.Фукс (Фукс, 2001:10).

Жәңгір хан Қазаннан кері оралғаннан кейін де К.Ф.Фукспен байланысы үзілмеді, олар өз ара хат жазысып отырды, бұл хаттардың кейбірі баспасөз беттерінде жарияланды. К.Ф.Фукс Жәңгір ханның өзі туралы айтқан әңгімесінің сипаттамасы бойынша мақала жариялап, оны 1827 жылы Өзендегі көшіне жібереді. Жәңгір хан да профессор К.Ф.Фукске хат жазып, қазақ сұлтандары қиетін қалпақты сыйлыққа жібереді. Қалпақ қызыл-күрең түсті күндіз құрсамасымен және алтынмен зерленген болатын. Бас киіммен бірге оның қап тысы жіберіледі (Фукс,1832:733). Қалпақтың тысы ең сапалы өте жұқа өңделген киізден жасалынды, екі шетінің қиылған қайырмасы бар,

қызыл күрең түстес қамқамен қапталды, шеттерін айналдыра алтынмен оқаланды. Европалық дәстүрде киім киетін К.Ф. Фукс, бұл бас киімді кигенде өзі туралы «а la piérot», («мен торғайға ұқсадым»-С.С) - деп жазады (Фукс, 1832:734).

Жәңгір хан профессор К.Ф. Фукстің европалық талғамына қарай тағы да басқа бас киім дайындатып, өз хатында былай деп жазады: «Тәңір Сізге теңіздей таусылмайтын өзінің мейірім-шапағатын, қайырымын көрсете берсін! Сіздің өміріңізді ұзартатын батасын берсін! Сіздің мақсатыңызға қазір де кейін де жетуіңізге деніңізге саулық берсін! Сіздің мен туралы суреттеме жазбаңыз бізге үлкен қуаныш алып келді. Әдемі сөз тіркестеріңіз шешендіктің жиынтығы деуге болады (Фукс, 1832:735). Сізге және сіздің атақ-дәрежеңізге алғыс жаудыра отырып, біздің ара сыйластығымыз бұл дүниеден бөлек о дүниеде де жалғасын табады деп сенемін! Тағы да бір қалпақ, тақияны сіздің елдің сән-үлгісімен жасаттым. Менің аздаған сыйлықтарым мені еске түсіріп тұрады деген үміттемін. Хат соңына Жәңгір хан өз мөрін қойған (Фукс, 1832:736). Бұл хатты К.Ф. Фукстің өзі баспаға өткізіп, кейін хат жарияланды. Жәңгір хан К.Ф.Фукспен 1840, 1844 жылдары да кездеседі.

1826 жылы Жәңгір хан алғашқы Мәскеуге барған сапарынан кейін патшаға өзінің жасаған құрметі ретінде киіз үй дайындатады. Киіз үйді шеберлер екі жыл жасайды, үйдің аумағы 34 аршын, биіктігі 5 аршын болды. Ханның сыйлығын Санкт Петербургке жеткізуді П.К. Эссен арнайы Ванеевке жүктесе, ал Ресей империясының астанасында киіз үйді құру шебер Кенжали Құрманжановқа жүктеледі (Қасымбаев, 2001:52).

1827, 1832 жылдары император І Николай қазақ жылқыларының тұқымдарын асылдандыру мақсатында, Жәңгірге екі рет 10 асыл текті сәйгүліктер жібереді. 1829 жылы Императрица Анна Федоровна ханша Фатимаға алтын, топазбен әшекейлеп, әрленген бас киім және бірнеше жүп сырға жіберді- деп көрсетіледі (Мукатаев, 2001:43,44). Жәңгір хан мен император Николай І арасындағы өз ара қарым-қатынастар сыйлықтар жіберуден бөлек, ханның Бөкей Ордасының әкімшілік саяси жүйесіне қатысты ұсыныстар айтуымен де жалғасты. 1839 жылы Жәңгір хан Николай І жазған хатында Бөкей Ордасының Орынбордан қашықта жатуына байланысты Астраханға қарату жөнінде және Санкт-Петербургке 12 адамды қызметке жіберу жөнінде өтініш білдіреді (История, 2002: 374,375, 376,378). Орынборға қараған Бөкей Ордасын Астраханға қарату туралы ұсынысын, 1842 жылы Астрахань губернаторы И.С.Темиряевке жазған хатында да жазады (История, 2002: 612).

Мәскеу сапарынан бөлек деректерде Жәңгір хан 1825, 1839 жылдары Санкт-Петербургте болды деп көрсетіледі (Иванов, 2001:12). Жәңгір ханның 1830 жылғы Санкт-Петербургке бару сапары Орынбор генерал-губернаторлығындағы басшылықтың ауысу оқиғаларымен сөйкес келіп кейінге қалдырылады (КРО,1964: 239). Өйткені, 1830 жылы 7 ақпанда Петр Кириллович Эссен Орынбор әскери губернаторлығы билігінен кетіп, билікке Евгении Александрович Головкин тағайындалған болатын, бірақ ол Орынборға келуден бас тартады. Міне осы оқиғалар ханның сапарын тоқтатты. 1839 жылы Жәңгір хан Петербургке барған сапарында Петергофтағы патшаның салтанаттарына, Красный селодағы маневрларға қатысады. «Хан бізбен Принц Петр Георгиевичтің көрсеткен ыстық ілтипаттары жөнінде жақсы естеліктерімен бөлісті»-деп жазады Бюлер (История, 2002: 248). Санкт-Петербург сапарында Жәңгір ханның қасында баласы Сақып-Керей болды (Мукатаев, 2003; 28)

«Внутренние или Букеевские киргиз-кайсаки» мақаласының авторы Жәңгір ханның астанаға келу сапарын Бөкей Ордасының Мемлекеттік мүлік Министрлігі қарауына өтуіне байланысты, жеке өзі бұл істі анықтау мақсатында арнайы аттанды- деп көрсетеді (Внутренние, 2001: 305). Жалпы ханның 1839 жылғы Санкт-Петербургте бару сапары 1839-1840 жылғы Хиуа жорығымен де байланысты болды. 1840 жылы Хиуа жорығы кезіндегі қолайсыз ауа райында кездескен кедергілерге байланысты орыс әскеріне жасаған көмегі және түйе, жылқы бергені үшін оны Ресей империясы генерал-майор шенімен марапаттады.

Жәңгір хан Мәскеу, Санкт-Петербургтен бөлек Ордадағы істерге байланысты және өз істерімен жиі Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларында да болып тұратын. 1827 жылы қазанда Жәңгір хан сенатор Ф.И.Энгельмен кездесу үшін Астраханға келеді. Хан Астрахан қазыналық палатасының қазақтар көшіп жүрген Семут кордонынан Кіші өзен кордонына дейінгі жерді жалға беретіндігі жөнінде естіп, сенатордан жердің қазақтарда қалуына өтініш жасайды (История, 2002:306).

1839, 1844 жылы Жәңгір хан Қазан университетіне өзінің құнды қолжазбаларын сыйлады. Сыйлаған кітаптарының ішінде Мырза Хайдар Дулати, Феизгимнің парсы сөздігі, Мухаммед бен Ахмедтің парсы тіліндегі Бірінші халифтер тарихы, Незиз бен Ауздың парсы тіліндегі медициналық шығармасы болды (История, 2002:416). 1844 жылы Жәңгірдің Қазан университетінің профессоры Казимбекке жасаған өтініші бойынша Мюхтесерюль-вигкает немесе мұсылмандық заңтану еңбегі басылып шықты (История, 2002:413). Казимбектің өтінішімен Жәңгір хан аударған 10 мың рубль ақшаға «Убейдуль-ла бен тачу-ш шариат» шығармасы басылды. 1844 жылы желтоқсанда Қазан университетінің проректоры Ф.И.Эрдман Жәңгір ханға Қазан университетінің құрметті профессоры атағы берілгенін және мұны жеткізу өзіне жүктелгенін жазды (История: 2002:432).

1840 жылдың 4 тамызынан бастап 4 ай әйелі Фатиманың денсаулығына байланысты, қыздарымен Кавказдағы минералды суға барып емделеді (ҚРОМА, 2300:1)

1827 жылдың аяғында Жәңгір ханның ағаш үй салуымен Хан Ордасы құрылады. Қыркүйек айының аяғында хан Нарын құмындағы үйіндегі қыстауға келіп отырықшы өмір сүре бастады. Жәңгірдің Ордасы осы Жасқұста салынды. 1841 жылға дейін Хан Ордасында 41 үй болса, 1846 жылы үй саны 89-ға жетеді (Киттары, 2001: 8). Бларамберг Хан Ордасын таза және әдемі қалаға ұқсайды-деп көрсетеді (Бларамберг, 1848; 57). Екі қабаттық үйлер де бар, дүңгіршек, базар және алаң сатып алушыларға толы. Орыс көпестерінің үйлерінің алдында дүкен. Тұрғындар саны шамамен 280 адам, оның 180 қазақ, 50 орыс, 30 армян-деп жазады (Бларамберг, 1848; 59). 39-6].

«Ханның үйі-6, сұлтандардың үйі-4, Орынбор Азиат шенеуліктерінің үйі-4, орыс тұрғындарының үйі-10, Қазан татарларының үйі-13, армяндардың үйі-2, Астрахан мешандарының үйі-5, қазақтардың үйі-41, Орал, Астрахан казак кордонының үйлері-2 болды. Село батыстан шығысқа қарай созылып жатты. Батыс жақтан кіргенде, үш паралелді көше жатты, бірнеше квартал мен көшеден тұрды. Ханның үйі басты көшенің оң жақ бетінде, өз бағы, мешіті бар, солтүстіктен оңтүстікке қарай үлкен кварталды алып жатты»-деп сипаттады орыс саяхатшысы (Киттары, 2001:8,11).

Жәңгір ханның Нарын құмындағы үйінің сипаттамасы Сабаншиков, Гебел, Киттаридің деректерінде де беріледі. Үлкен әдемі тастан қаланған фундаментке ағаштан қиюластырған үй, көлденеңінен 10 сажын, ұзындығы

15 сажын, 30 үлкен терезесі бар. Салтанатты 6 колоналы. Үйдің екі жағында да әдемі флигельдер, яғни қосымша үйлер бар. Ауладағы басқа да құрылыстар мен бақ керемет бір амфитеатрды құрайды(Сабаншиков, 1832:663).

«Бөлмелердің орналасуы қарапайым, ешқандай ерекшелік жоқ. Үлкен қонақ қабылдайтын бөлмеде бір жұмсақ жиһаз, бай парсы кілемінен басқа жиһаз жоқ. Бөлменің бұл бөлігінде хан жиһазда отырып, кейбір істерді шешеді және дәстүрлерді орындайды. Қонақ бөлменің ортасында люстра, қабырғада шамдар. Қызыл ағаштан жасалған жиһаз, үлкен айна мен фортепиано, жұмсақ жиһазға жақын жерде көлемі үлкен өрнектері бар кілем Қабырғада ешқандай заттар ілінбеген»-деп көрсетеді(Сабаншиков, 1832:663).

Гебел қонақ қабылдайтын бөлменің еуропалық үлгіде жиһаздармен жабдықталғанын, қару-жарақ бөлмесінің шығыстық үлгіде, парсы кілемдері, қабырғада әр түрлі қару-жарақтар, қымбат тастармен әрленген ер-тұрман, ер-тоқым, жүгеннің ілінгенін сипаттайды (Гебел, 1859.88). Архив қорындағы деректерге сүйенсек, ханның үй жиһаздарының көбі қызыл ағаштан жасалған. Мысалы, үй жиһаздарынан жасыл түсті былғарымен қапталған, қызыл ағаштан жасалынған вольтеровтық кресло, қызыл түсті жібек матамен қапталған қызыл ағаштан жасалынған он екі кресло, жібек матамен қапталған қызыл ағаштан жасалынған он кресло, жаңғақ ағашынан жасалынған он екі кресло, жаңғақ ағашынан жасалынған диван, қызыл ағаштан жасалынған сегіз бұрышты үстел және тағы да басқа әр түрлі үй жиһаздары болған (ҚРОМА, 996:37). Француз жазушысы және философы Вольтердің атымен аталатын бұл кресло, XIX ғасырдағы орыс ақсүйектерінің үйіндегі кездесетін сәнді жиһаздың бірі болатын. Жәңгір хан үйіндегі әр түрлі жиһаздардың болуының өзі, отбасының үлкен талғаммен бөлмелерді жабдықтағанын көрсетеді.

Хан жаз айларын отбасымен Торғын өзенінің бойында орналасқан жазғы ордасында, іші қамқамен қапталған, шығыстық дәстүрде қымбат жинақталған киіз үйлерінде өткізетін. Жәңгір хан кейін Торғында да ағаштан жазғы үй салдырды. Жазғы ордадағы үйдің қалыңдығы төрт тұтам болатын, қарағай бөренелерінен тұрғызылған екі қабатты үй болды. Үйдің ұзындығы бес сажын, ені төрт сажын, биіктігі төрт сажын. Үйдің оң жағында, сыртын айнала тормен қоршаған бақ болды. Бақтың екі қатардағы үйенкі ағашымен отырғызған қоршауы Торғын өзеніне дейін жететін. Үй маңындағы бау-бақша үшін шығыр құрылды. Хан бөгет салдыру үшін 6 мың рубль ақша жұмсаған (Иванин, 2001:109).

1843 жылы 12 мамырда Жәңгір хан Астрахан казак атаманы полковник М.Н. Донцовқа жазған хатында, Торғындағы тоған суына 6-8 ескекті дайын қайық алдыруға немесе тапсырысқа беруге көмек сұрайды. «Қайықтың жоғары жағы жаңбыр суынан қорғалуы тиіс. Ішкі әрленуін өзім жасаймын. Қайықты сумен Николаевқа дейін жеткізу қажет»-деп жазды хан М.Н.Донцовқа)(История, 2002:645). Мұрағат қорындағы деректерде Жәңгір ханның қайықты алдырғаны жөнінде нақы дерек бар. Қайығының біреуі алты ескекті, сырты ақшыл көк түспен боялған, екіншісі төрт ескекті, сырты қара түспен боялған екі желкенді қайық. Екі темір зәкірі, екі желкені, төрт ескек, бір басқару тұтқасы бар (ҚРОМА, 996:39).

Жәңгірхан Ордаға келген саяхатшыларды құрметпен қарсы алып отырды. Олар хан Ордасында барлық еуропалықтарға қажетті жайлылықты табатын. И.Казанцев «Жәңгір ханды еуропалықтарша өмір сүрді. Қазан татарынан бір аспазшысы болды. Емші, фельдшер, іс-қағаздарын жүргізуші, казак офицері басқарған казактардан тұратын әскері болды» - деп көрсетеді (Казанцев,

1867:216).

Жәңгір ханның еуропалықтарша өмір сүргені, қонақтарға қажетті жайлылықты жасағаны орыс саяхатшыларының еңбектерінде ерекше атап көрсетіледі. 1832 жылғы Жәңгірдің Ордасында болған Сабаншиков ханның қабылдауы жөнінде былай деп жазады: «Бізді шығыс дәстүрімен түскі асқа шақырды. Дастарханда қой етімен сорочиндік тарыдан (күріш-С.С.) жасалған сорпа, түшпара, май мен сүт, кептірілген жүзім қосылған сорочиндік тарыдан (күріш-С.С.) дайындалған палау, қуырылған картоп болды. Түскі астан кейін кофе берілді (Сабаншиков, 1832: 666). Кешке жақын хан шайға шақырды. Шайдан кейін ханмен биллярд ойнадық, кейбіреулері карта ойнады. Ханша нотамен фортепианада шебер ойнады (Сабаншиков, 1832:669). Келесі күні біз үйден жүз қадамдай жерде тігілген киіз үйде болдық. Киіз үйді көріп болғаннан кейін, хан бізді серуенге шақырды. Біз серуенде императордың ханға сыйлаған күймесіне отырдық»-деп жазады (Сабаншиков, 1832: 669).

1834 жылғы Жәңгірдің ордасында болған К. Гебел де хан үйіндегі қонақ күту салтанатын сипатайды: «Менімен болған саяхатшылар мұндай салтанатты күтімді Саратовтан шыққаннан бері 2 айдай көрмеген болатын. Өйткені осы уақытқа дейін біз әртүрлі кептірілген құрғақ тамақ жедік. Түскі ас жоғары дәрежеде өтті. Үстелге ханның екі жағына жайғасып отырдық. С.И. Матвеев, Орданың бас ахуны, сұлтандар, ханның бауырлары және балалары, орыс канцелярасындағы шенеуніктер, Астрахан, Орал казактарының офицерлері, ұлдарының тәрбиесімен айналысатын ағылшын гувернанты мен орыс мұғалімдері және құрметті қазақтар отырды.

Қызметшілер бірінен кейін бірі қызмет көрсетті: бірінің қолында жұқа сулық пен күміс қол жуғыштар, кейін алтынмен жалатылған ыдыста шай, қымыз, айран таратты. Үстел үстіне еуропалық үлгі мен мәнерде тағамдар қойылды. Мұнда керемет күріш сорпасы, әр түрлі дайындалған қой еті және азиаттықтардың сүйікті тағамы шафран, қара өрік, мейіз бен қой етінен дайындалған палау. Еуропалық қызыл, ақ шараптар да жеткілікті болды (Гебел, 1859:54). Шампан ұсынылғанда, мен ханның денсаулығы үшін тост көтердім, меніңше оған бұл ұнады, ол іле-шала Орынбор шенеулігінен өзінің атынан ризашылығын білдірді және менің денсаулығым үшін ішуді сұрады, өзінің құран бойынша шарап ішпейтінін айтты. Хан мен сұлтандар қымыз ішіп отырды»-деп көрсетеді (Гебел, 1859:54).

Жәңгір хан үйінде құрметті қонақтарды қабылдайтын бөлмесінен бөлек, тағы бір кең бөлмесінде намаздан кейін, Ордаға келген барлық ордалықтар, яғни қазақтар үшін күн сайын түскі ас беру дәстүрі болды. Бюлер бұл жөнінде былай деп жазады: «Көрші бөлмеде әртүрлі істермен және ханды құттықтап Ордаға келген 50-ге жуық қазақ түстеніп отырды. Қазақтардың мұндай жиыны күнде болады, ежелден келе жатқан дәстүрге сәйкес хан сарайға келгендерді сыйлап тамақтандыруға тиіс болатын» деп көрсетіледі (История, 2002:429).

Ханның ұйымдастыруымен болатын отбасылық мерекелер де ерекше салтанатты өтетін. 1826 жылдың маусым айында, Нарын құмында Жәңгір ханның қарындасы мен Қарабай сұлтанның баласының үйлену тойы болды. «Үлкен тойға шақырылған қонақтар саны 8000-ға жуық адам болған. Қонақтардың көбі Астрахан, Қазан, Орынбор, Қарғалы татарлары, ноғайлар, қалмақтар және 30 -ға жуық беделді қазақтар келді. Хан қонақтарға арнап ақ киізден 200 шаңырақ киіз үй тігіп және әр шатырға екі жылқы, бес қойдан сойдырып, 4 сабадан қымыз таратты. Тойдың үшінші күні бәйге мен күрес ұйымдастырылды (Фукс, 2001:11).

1842 жылғы мамырда Астрахан губернаторының әйелі София Федоровна

Темиряева қалада өнер көрсеткен акробаттарды хан Ордасына жібереді. Жәңгір хан С.Ф. Темиряеваға былай деп жазады: «Біздің отбасымызға сіз жіберген Ламбергер көңілімізді көтеріп марқайтты. Аттың үстінде көрсеткен өнері, гимнастикалық қозғалыстары қазақтарды таң қалдырды. Жәрмеңкеде және менің үйімде онға жуық қойылым көрсетті». (История: 2002:613).

Жәңгір хан мұсылман дінін қатты ұстанды, молда жоқ кезде, оның міндетін орындап, үлкен залда намазды өзі оқитын. Ордадағы діни басқару ісі тікелей ханның қолында болды. Жәңгір хан алғашқы билікке келген кезде Бөкей Ордасындағы діни іс татар молдаларының ықпалында болатын. Ол Бөкей Ордасындағы балалар мен ересектерді Орынбор мектептерінде және ең таңдаулы молдаларға оқытты. Жиырма жылдық еңбек өз нәтижесін беріп бас мешіттегі және ауылдағы бұрынғы татар молдаларының орнын қазақтар басты. Жәңгір хан тұсында Ордадағы молдалардың саны 139-ға жетіп, әрбір 170 шаңыраққа шаққанда бір молдadan келді. «Жәңгір ханның көзі тірі кезінде Ордадағы ахун, молдалар хан есебіндегі қамқорлықта болды»- деп көрсетеді Терещенко (Терещенко, 1853: 66)

Бөкей Ордасындағы әрбір құрбан айт ханның бастауымен басталатын, айт қарсаңында хан үйінің маңына көп үй тігілетін. Құрбан айт күні күн шығардың алдында барлық халық хан сарайының алдына жиналды. Ахун құран оқыды. Құраннан кейін халық ханның үйінде шай ішетін. Әрбір адам құрбандыққа 1 қой шалды. Құрбандыққа шалғанда ірі қара мал орнына 3 қой, түйе 7 қойдың орнына жүрді. Әрбір отбасы үйдегі адам санына байланысты құрбандыққа мал шалатын (Сабаншиков, 1832:673). «Құрбандық шалу дәстүрін де ханның өзі бастады. Құрбандық шалатын орында құрбандыққа түйе, жылқы, сиыр, қой шалынды. Ханның өзі, оның артынан отбасы құрбандыққа мал шалды. Құрбандыққа шалынған малдан барлық жиналған халыққа түскі ас берілді»- деп көрсетеді Сабаншиков (Сабаншиков, 1832:673).

Құрбан айтта ежелгі дәстүр бойынша бөйге және басқа да ойындар өткізілді. Бөйге 15, 20, кейде 60 шақырымға дейін ұйымдастырылды. Бөйгеден келген ат сұлтанға берілді, сұлтан атты өзі сыйлайтын адамға берді -деп жазады Сабаншиков (Сабаншиков, 1832:674).

Мұсылман дәстүріне сәйкес жылына екі рет көктем мен күзде зекет пен соғым алынды, зекет Рамазан айында жиналатын. Зекетті хан өзінің әулетінің қадір-қасиет, абыройын сақтауға, дін иелерінің шығынына, мешіт салуға және қайырымдылық пен игі істердің шығынына жұмсап отырды (Терещенко, 1853: 64). Жиналған соғым жұмсалды: 1) шағымдармен Хан Ордасына келген қазақтардың қажеттеріне; 2) өзінің қызметімен ерекшеленген қазақтарға сыйлыққа; 3) кедей отбасыларына көмекке; 4) хан Ордасынан аттандырылатын қазақ депутациясына; 5) хан канцеляриясын ұстау шығынына; 6) жері жоқ отбасыларына мал жау үшін жерді жалға алуға. Салықтан сұлтандардың алуға құқы болмады. Сұлтандарға ауқатты отбасылардың ерікті түрде жиналған соғым салығынан үлес берілді (Северная пчела, 1842: 444)

Жәңгір ханның күнделікті өмірдегі сот ісін жүргізуі де ерекше болды. Деректерге сүйенсек, Жәңгір хан Бөкей Ордасында билер сотын жойып, сот ісіне әрбір рудан би ретінде ықпалды адамдарды шақырған. Хан өзі заңдар жинағын шығарып және сот ісін шарифат заңына негіздеген. Сот ісін халықтың дәстүріне сәйкес жүргізді, жазда ханның киіз үйінде, ал қыста ханның ағаш үйінде, таңертең, немесе кешке жақын өтетін. Істі қарау кезінде қымыз құйылып берілді. Хан нұсқауымен айыптаушы, айыпталушы, куәгерлер сөйледі. Істі асықпай шешу абырой саналды, өз ара сыбырласуға, ханмен сыбырласуға жол берілмеді, яғни бұл сотқа қатысушыларды сыйламау- деп

саналды (Вольферц, 1904, 9).

Хан қылмысқа қатысты кішігірім істерді, көлемі 30 рубльден аспайтын қылмыстарды және 3 рет жасалынған ұрлықтарды ғана қарауға құқы болды. Үлкен қылмыстық істерді қарау Орал казак әскері шенеуліктерінің құзырында болатын. Жәңгір хан Бөкей Ордасы қазақтары мен отырықшы тұрғындардың арасындағы істерді қарау үшін тәжірибиелі сұлтан, старшиндардан тұрақты депутат лауазымын бекітуді ұсынады (Вольферц, 1904, 10).

Жәңгір ханның кезінде малдың қысқы азығына жем-шөп дайындау және тал-шілік өскен тоғайларды таптаудан қорғау жұмыстары да жүргізілді (Бларамберг, 1848:25)

Хан өзінің қайтыс боларынан бұрын, Ордадан 4 шақырым жерде ағаштан сауда үйлеріне арналған сарай салдырды, онда 255 дүкен болатын (Киттары, 1843:27).

1845 жылы 11 тамызда ұзаққа созылмаған науқастан Жәңгір хан кенеттен қайтыс болады. Жалпы ханның өлімі жұмбаққа толы. Кейбір зерттеушілер ханды өз өлімімен өлсе, кейбіреулер ханды у беріп өлтірді деген көзқарастарды ұстанады. Мұрағат деректеріне сүйенсек: «Хан жыл сайын Сақып-Керейдің оқудан келуіне байланысты той ұйымдастыратын. Сол тойдың үстінде отырған сәтте қымыз ішіп, артынан іш құрылысының ауырғанын сезініп, қан құсады. Әлсіреген хан, ауызы құрғап, шай ішкеннен кейін, демалып жатып қалады. Бір сағаттан кейін келген үй қызметшісі, оның денесінің суып қалғанын көреді» деп көрсетіледі (ҚРОМА, 2300, 5: 1).

Қорытынды. XIX ғасырдағы хан, сұлтандардың күнделікті өмірін зерттеу, қазақ қоғамын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Күнделікті тарих теориясында жеке тұлғаның күнделікті өмірін микродеңгейде зерттеуге және оны макродеңгеймен байланыстыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жеке адамның өзі, отбасы арқылы, локалді аймақтағы тарихи дәуірдің ерекшелігіне, жеке оқиғалардың маңызына да назар аударылады. XIX ғасырдағы жекелеген Жәңгір хан сынды тұлғалардың күнделікті өмірін зерттеу арқылы, оны басқа тұлғалармен салыстыруға және сол кезеңдегі қоғамның бейнесін объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер:

Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли Киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды. Оренбург, 1848.

Бюлер Ф.А. Киргиз кайсаки Внутренней Орды. Архивный фонд. 2300. оп 10. №10, 1722-1830.

Внутренняя Киргизская Орда (Краткий статистический очерк). Астрахань. «Типография Губернского Правления». 1891. 100 с

Fomin-Nilov D. The treachery, collaboration and resistance: comparative analysis of the Scandinavian cases and USSR's experience in the Second World war // Dialog so vremenem-Dialogue with time. 2018. V. 64. 222–234.

Хайитов Ш. Историческая судьба туркестанских военнопленных второй мировой войны // Метаморфозы истории. 2015. №6. 48-70.

Hoffmann J. Die Ostlegionen, 1941-1943:Turkotataren, Kaukasier und Wolgafinnen zm deutschen Heer. Freiburg: Verlag Rombach. 1976.

Чуев С. Проклятые солдаты. С.: Эксмо-Яуза, 2004. 576 с.

Шевченко В. Режим содержания бывших военнопленных в спецлагерях в 1942-1946 годах // Вестник ВолГУ. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения 2010. № 2 (18). С. 38–43.

Штрайт К. Солдатами их не считать. Вермахт и советские военнопленные в 1941-1945 годах: Пер с нем.-М.: Прогресс, 1979.114 с.

Werner H. Krause Verschmdhte Waffenbrüder: Die Tragödie der Ostvclker 1941-1945. Aus dem Nachlass des Militdrattachÿs General Ernst Kцstring. Druffel & Vowinckel Verla, 2011. 288 p.

Ягублу Н. Легионеры Азербайджана, Баку, 2005. 336 с.

References:

Ablazhej N., Markdorf N. Specifika personal'nogo fil'tracionno-uchetnogo deloproizvodstva na inostrancev-repatriantov i lic bez grazhdanstva v Kuzbasse: 1945-1956 gody // Vestnik NGU 2012. T.11. №8. S.114-119. [in Russian]

Ablazhej N., Markdorf N. Vlasovcy na specposelenii v SSSR // Migracionnye posledstviya Vtoroj mirovoj vojny: deportacii v SSSR i stranah Vostochnoj Evropy: sbornik nauchnyh statej. Vyp. 2 / Novosibirskij nacional'nyj issledovatel'skij gosudarstvennyj universitet; Otv. red. N.N. Ablazhej, A. Blyum. - Novosibirsk: Nauka, 2013. 236 s. S.123-134. [in Russian]

Aleskerov R.K. Pod svoim znamenem: zapiski ad'yutanta ego prevoskhoditel'stva. Baku.: SHur, 2011. 458s [in Russian]

Altajly EH. Trudnyj put' k svobode. Ruzi Nazar: ot Krasnoj armii do CRU. Perevod s anglijskogo: Vitalij Kryukov, Kiev, Ukraina, 2017. 335 s.

Alexiev A. Soviet Nationalities In German Wartime Strategy, 1941-1945.

Soviet Nationalities in German Wartime Strategy, 1941-1945. Report R-2772. Santa Monica Calif.: RAND Corp. 1982. 39 r.

Annaorazov J. Turkmenistan during the Second World War, *The Journal of Slavic Military Studies*, 2012. 25:1, 53-64

Arhiv Departamenta Vnutrennih del Vostochno-Kazahstanskoj oblasti (dalee-DVD VKO) F.19. Op.1. D.4332.

Arhiv DVD VKO F.20. Op.2. D.4249.

Arhiv DVD VKO F.19. Op.1. D.2021.

Arhiv DVD VKO F.20. Op.2. D.4180.

Arhiv DVD VKO F.19. Op.1. D.0400.

Arhiv DVD VKO F.20. Op.2. D.4244.

Arhiv DVD VKO F.20. Op.2. D.4172.

Arhiv DVD VKO F.20.Op.2.D.3622.

Arhiv DVD VKO F.20.Op.2.D.3558.

Burd'e P. Social'noe prostranstvo: polya i praktiki / Sost. i obshch. Per. s fr. i poslesl. N.A. SHmatko. SPb.: Aletejya, 2005. 576 s. [in Russian]

Gilyazov I. Kollaboracionistskoe dvizhenie sredi tyurko-musul'manskih voennoplennyh i eh migrantov v Germanii v gody Vtoroj mirovoj vojny. *Disser...* d.i.n., Kazan', 2009. 400 s. [in Russian]

Gilyazov I. Na drugoj storone. Kollaboracionisty iz povolzhsko-priural'skih tatar v gody vtoroj mirovoj vojny. Kazan': Master-Lajn, 1998. 252 s. [in Russian]

Gilyazov I. Legion «Idel'-Ural». M.: Veche, 2009. 304 s. [in Russian]

Gilyazov I. Kollaboracionizm tyurko-musul'manskih narodov SSSR v gody Vtoroj mirovoj vojny – forma proyavleniya nacionalizma? // *Ab Imperio*. 2000. №1. S.145-176. [in Russian].

Gilyazov I. Germaniya i musul'mane Rossii v dvuh mirovyh voynah // *Ab Imperio*. 2001. № 4. S.195–208. [in Russian].

Dagci C. Hatiralanda Cengiz Dagci. Yazann Kendi Kaleminden. Istanbul: Cıtkın Neşriyat, 1998. 271 p.

Drobyszko S. Pod znamenami vruga. Antisovetskie formirovaniya v sostave germanskih vooruzhennyh sil 1941–1945 gg. M.: EHksmo.2014. 608 s. [in Russian]

Dolgov D. V. Special'nyj lager' NKVD SSSR № 240 // *Istoricheskie nauki*. 2009. №. 5. S. 11–12. [in Russian].

Dolgov D. V. Proverochno-fil'tracionnyj lager' NKVD SSSR № 240 (prodolzhenie) // *Istoricheskie nauki*. 2010. №.1. S. 20-20. [in Russian].

Zemskov V. N. Repatriaciya sovetskih grazhdan i ih dal'nejshaya sud'ba (1944–1956 gg.) // *Socis*. 1995. № 5. S.3-13; № 6. S.3-13. [in Russian]

Zemskov V. N. K voprosu o repatriacii sovetskih grazhdan. 1944–1951 gody // *Istoriya SSSR*. – 1990. №. 4. S. 26–41. [in Russian].

Kara A. «Istina Turkestanskogo legiona - mezhdru svastikoj i krasnoj zvezdoj». Issledovanie / perevod s kazahskogo yazyka. - Astana, Issledovatel'skij institut «Obshchestvennoe mnenie», 2015. 98 s. [in Russian].

Kriukov V. Pod ugrozoy rasstrelya ili po dobroj vole? // *Voenno-istoricheskij zhurnal*. 1996. №4. S. 42–48. [in Russian].

Molodova I.Y. Proverochno-fil'tracionnye dela v Gosarhive dokumentov novejshej istorii Kaluzhskoj oblasti // *Otechestvennye arhivy*. M., 2003. № 1. S. 49-56. [in Russian].

Motadel D. *Islam and Nazi Germany's War*. Harvard University Press, 2014. 508 p.

Markitan A. V. Normativno-pravovoe regulirovanie proceduroj fil'tracii sovetskih grazhdan v PFL NKVD SSSR v Leningradskoj oblasti v gody Velikoj

Otechestvennoj vojny i v poslevoennyj period // Istoriya gosudarstva i prava. 2006. №. 10. S. 31–33. [in Russian]

Polyan P.M. ZHertvy dvuh diktatur: ZHizn', trud, unizhenie i smert' sovetskih voennoplennyh i ostarbajterov na chuzhbine i na rodine. Rosspehn, 2002. 978 s. [in Russian].

Roman'ko O.V. Musul'manskie legiony vo Vtoroj mirovoj vojne. M.: OOO «Izdatel'stvo AST»: OOO «Tranzitkniga», 2004. 312. [in Russian]

Romanko O., Antonio J. Munoz, Hitler's White Russians: Collaboration, Extermination and AntiPartisan Warfare in Byelorussia, 1941–1944 (Bayside, NY: Europa Books, 2003. 512 p.

Roman'ko O.V. Vostochnye legiony v silovyh strukturah nacistskoj Germanii (1941–1945): organizaciya, lichnyj sostav i chislennost' // Musul'manskij mir. 2014. №4. 24–56 s. [in Russian].

Roman'ko O.V. Krymskie tatory v vooruzhennyh silah i policii nacistskoj Germanii (1941–1944): organizacionnye formy, lichnyj sostav i chislennost' // Arsenal-Kollekciya. M., 2015. № 7. S. 15–20. [in Russian].

Roman'ko O.V. Belorusskie kollaboracionisty. Sotrudnichestvo s okkupantami na territorii Belorussii. 1941–1945. M.: Centrpoligraf, 2013. 496 s.

Ryabova V. Izuchenie problemy «fil'tracii» sovetskih grazhdan v 1940–1950-e gody v otechestvennoj istoriografii // Vestnik NGU. 2008. T.7. V.1. S.192–198. [in Russian].

Ryabova V. Fil'traciya sovetskih grazhdan v 1940–1950-e gody // Marginaly v sovetskom sociume. 1930-e – seredina 1950-h godov. Novosibirsk, 2010. 450 s.

Sakal H. Germany and Turkestanis during the course of the World War II (1941–1945). Diss. the Department of International Relations Bilkent university Ankara July 2010. 207 p.

Sakal H. Başka Bir Dünya Savaşı; İkinci Dünya Savaşı Sırasında Almanya Tarafında Savaşan Türkistanlılar 1941-1945. Istanbul-Agustos: Utken Publications, 2013. 404 p.

Sadykova B. Istoriya Turkestanskogo legionia v dokumentah. Almaty: «Kajnar», 2002. 247 s. // http://military.kz.ucoz.org/publ/sovetskij_kazakhstan/turkestanskij_legion_khivi_voennoplennye/bakhyt_sadykova_istorija_turkestanskogo_legiona_v_dokumentakh_4ch/13-1-0-39 (data obrashcheniya 11.11.2018) [in Russian].

Sadykova B. Mustafa CHokaj v eh migracii. Almaty: Mektep, 2011. 247 s. <http://bibliotekar.kz/chitat-knigu-onlain-mustafa-chokai-v-yem/3-politicheskoe-povedenie-mustafy-chokaj.html> (data obrashcheniya 30.11.2018) [in Russian]

Semiryaga M. I. Sud'by sovetskih voennoplennyh // Voprosy istorii. 1995. №. 4. S. 19-34. [in Russian].

Semiryaga M.I. Kollaboracionizm. Priroda, tipologiya i proyavleniya v gody vtoroj mirovoj vojny. M.: ROSSPEHN. 2000. 863 s. [in Russian].

Umarov A. Turkestanskij legion. Kazahstanskije fashisty: est' zhelayushchie reabilitirovat' // Nomad.05.12.2002. [in Russian].

Fomin-Nilov D. The treachery, collaboration and resistance: comparative analysis of the Scandinavian cases and USSR's experience in the Second World war // Dialog so vremenem-Dialogue with time. 2018. V. 64. 222-234.

Hajitov SH. Istoricheskaya sud'ba turkestanskih voennoplennyh vtoroj mirovoj vojny // Metamorfozy istorii. 2015. № 6. 48–70. [in Russian].

Hoffmann J. Die Ostlegionen, 1941–1943: Turkotataren, Kaukasier und Wolgafinnen zm deutschen Heer. Freiburg: Verlag Rombach. 1976.

Chuev S. Proklyatyte soldaty. S.: EHksmo-YAuza, 2004. 576 s. [in Russian].

Shevchenko V. Rezhim sodержaniya byvshih voennosluzhashchih v speclageryah v 1942-1946 godah//Vestnik VolGU. Seriya 4, Istoriya. Regionovedenie. Mezhdunarodnye otnosheniya 2010. №2(18). S.38-43. [in Russian].

Shtrajt K. Soldatami ih ne schitat'. Vermaht i sovetskie voennoplennye v 1941-1945 godah: Per s nem.-M.: Progress, 1979.114 s. [in Russian].

Werner H. Krause Verschmdhte Waffenbrüder: Die Tragödie der Ostvölker 1941-1945. Aus dem Nachlass des Militärrattachés General Ernst Kustring. Druffel & Vowinckel Verla, 2011. 288 p.

Yagublu N. Legionery Azerbajdzhana, Baku, 2005. 336 s. [in Russian].

ҒТАМР 03.09.55

Абдукадыров Н.М.¹, Жетпісбай С.Т.²

¹ Ph.D. доценті м.а. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

² курс магистранты E-mail: sanimaizhetpisbay@gmail.com

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДА БЕРЛИН-БАҒДАТ ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Берлин-Бағдат теміржолының салынуы ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында Шығыста халықаралық маңызды жобалардың бірі саналды. Осман империясында Анадолы теміржолын Шығысқа Бағдатқа дейін жеткізу ауқымды және өте күрделі жұмыстардың бірі саналды. Германияның тікелей қолдауымен салынған Бағдат теміржолының әр түрлі саладағы қызметі өте зор болды. Берлиннен басталып, Анадолыға жеткен теміржолды Бағдатқа дейін жеткізу өзге салалармен қатар экономикалық салада да өте маңызды орын иеленді. Теміржолдың салынуының нәтижесінде Шығыста елді-мекендер, қалалар, ірі сауда орталықтары және көптеген бекеттер мен әлеуметтік пункттер ашылды. Осман империясы мен Германияның Шығыста саяси-экономикалық ықпалы күшейді. Одақтастар Иранмен және Үндістанмен сауда қатынастарын жақсарту мен дамытуды жоспарлады. Ұсынылып отырған мақала, Берлин-Бағдат теміржолының салынуы мен оның Осман империясы мен Германия үшін экономикалық қызметін және маңыздылығын зерттеуге арналады. Зерттеу жұмысында екі империяның Шығыстағы экономикалық жобалары талдауға түседі.

Кілт сөздер. Берлин-Бағдат теміржолы, экономика, Осман империясы, Германия, шығыс халықтары.

МРНТИ 03.09.55

Абдукадыров Н.М.¹, Жетпісбай С.Т.²

¹ Ph.D. и.о доцента. КазНУ им. аль-Фараби

E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

² магистрант 2 курса E-mail: sanimaizhetpisaby@gmail.com

РОЛЬ И ФУНКЦИИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ БЕРЛИН-БАГДАД В ЭКОНОМИКЕ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ И ГЕРМАНИИ

Строительство железной дороги Берлин-Багдад было одним из важнейших международных проектов на Востоке на стыке XIX-XX веков. В то же время строительство Анатолийской железной дороги до Багдада было одним из самых крупных и масштабных работ на территории Османской империи. Багдадская железная дорога была построена при непосредственной поддержке Германии и имела важное значение для политики и экономики. В результате строительства железной дороги на Востоке были открыты новые населенные пункты, станции, города и крупные торговые центры. Политическое и экономическое влияние Германии на Востоке усиливается. Германия и Османская империя запланировали улучшить торгово-экономические отношения с Ираном и Индией. Данная статья посвящена изучению строительства железной дороги Берлин-Багдад и ее экономической значимости для Османской империи и Германии. Также в научной работе анализируются экономические проекты двух империй на Востоке.

Ключевые слова. Берлин-Багдадская железная дорога, экономика, Османская империя, Германия, народы востока.

IRSTI 03.09.55

Abdukadyrov N.M.¹, Zhetpisbay S.T.²

¹ Ph.D, E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

²master-student. E-mail: sanimaizhetpisaby@gmail.com
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

THE ROLE AND FUNCTIONS OF THE BERLIN-BAGHDAD RAILWAY FOR THE ECONOMIES OF THE OTTOMAN EMPIRE AND GERMANY

The construction of the Berlin-Baghdad railway was one of the most important international projects in the East at the turn of the XIX-XX centuries. Extension of the Anatolian railway to Baghdad was one of the largest works on the territory of the Ottoman Empire. The Baghdad railway, which had been built with the direct support of Germany, was very active in various fields. As a result of the railway construction in the East, new settlements, stations, cities, large shopping centers, and social centers were opened. The political and economic influence of the Ottoman Empire and Germany in the East increased. The Allies planned to improve trade and economic relations with Iran and India. The article is devoted to the study of the construction of the Berlin-Baghdad railway and its economic significance for the Ottoman Empire and Germany. The scientific paper also analyzes the economic projects of the two empires in the East.

Keywords. Berlin-Baghdad railway, economy, Ottoman Empire, Germany, the peoples of the East.

Кіріспе. XIX ғасыр Осман империясында қоғамдық өмірдің барлық салаларында құлдырау процесі орын алған кезең болды. Сондықтан, көптеген ғылыми еңбектерде Осман империясының бұл кезеңін «Құлдырау дәуірі» деп атайды. Империяның құлдырауы бір ғасырдан астам уақытқа созылып, ол өте ұзақ саяси-экономикалық процесі қамтыды. Алайда, Осман империясы өзінің құлдырау жағдайында тұрғанына қарамастан, еуропалық империялармен саяси-экономикалық байланыстар орнатып, сол арқылы өзінің ахуалын жан-жақты реттеп алуға тырысты. Бұл кезеңде Осман империясымен саяси және экономикалық байланыс орнатқан еуропалық империялардың бірі Германия болды. Қазіргі кезде әлем тарихшылары тарапынан Осман мемлекеті мен Еуропа мемлекеттері арасындағы байланыстар мен соның ішінде Германиямен орын алған саяси-экономикалық процестерге баса назар аударылуда. Мемлекетаралық экономикалық байланыстардың жолы Берлин-Бағдат теміржолы болып, оның тарихы зерттелуде және оған қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынылуда. Өз кезегінде түрік және еуропалық тарихшылар арасында Берлин-Бағдат теміржолының тарихы аясында осман-герман байланыстарына қатысты ғылыми концептуалды мәселелер аз емес. Оның басты мәселелері Германияның Бағдат теміржолын Шығысқа қарай жалғастыруда империяның Шығыстағы экономикалық жобаларына байланысты туындауымен байланысты. Мұндай ғылыми мәселелер зерттеу жұмысының басты ғылыми өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ұсынылып отырған мақаланың негізгі міндеті әр түрлі, біржақты тұжырымдардан бас тарта отырып, осман-герман экономикасын дамытуда Бағдат теміржолының рөлін әділ түрде көрсету болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Осман империясының біртұтас Германиямен саяси байланыстары және Герман империясының Осман империясына деген саяси ұстанымы туралы деректік құжаттар жинағы неміс тілінде жарияланған ең маңызды құжаттық жинақтардың бірі болып табылады. Сол жинақтардың ең негізгілері Ганс Йорг Корнрумфтың 1878 жылғы Берлин конгресі кезінде қабылданған халықаралық құжаттар мен конгресс кезіндегі Германияның Осман империясына деген саяси ұстанымы туралы жариялаған бірқатар құжаттар мен материалдар жинақтары болды. Жинақта XIX ғасырдың соңғы жылдарында Осман империясы мен Германияның арасындағы байланыстардың жақсаруы мен түрлі экономикалық жобаларды жүзеге асыру туралы құжаттар берілген. Солардың бірі Анадолы теміржолдарын салу туралы келісімдер болып табылады (Kornrumpf, 1983).

Франция мұрағаттарының деректері негізінде көшіріліп дайындалған құжаттар жинақтары ішінде Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасында Шығыста Осман империясының араб провинциялары үшін болған саяси тартыстарға қатысты құжаттық деректер көшірмелері жинағы ерекше орынға ие. Осыған қатысты фактілерден хабар беретін негізгі құжаттар жинағы Антони Хокайемнің «Осман империясының араб провинциялары» (Les Provinces arabes de L'Empire Ottoman Archives du ministire des Affaires trangires de France: 1793-1918) атты құжаттар жинағы болып табылады. Құжаттар жинағында XVIII-XIX ғғ. Англия мен Францияның және Герман империясының Осман империясының Таяу Шығыс пен Африкадағы араб провинцияларын иелену әрекеттері суреттелген (Antoine, 1988).

Дәл осы секілді мұрағат құжаттарын жинақтау арқылы Францияда жарияланған көлемді құжат жинақтарының бірі Осман империясының сыртқы саяси тарихына қатысты төрт томнан тұратын аса көлемді құжаттар жинағы

болып табылады. Бұл құжаттар жинағын (Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman – Осман империясының халықаралық байланыстары бойынша актілер) Габриель Норадук жинақтаған (Noradounghian, 1978). Бұл жинақ, Осман империясының құрылуынан бастап құлауына дейінгі сыртқы саяси тарихына қатысты құжаттарды қамтитынымен ерекшеленеді. Құжаттардың негізін келісімшарттар, фирмандар, хаттама, конвенциялар және осы секілді құжат түрлері құрайды. Жинақтың 2-4 томдарында жарияланған құжаттар ағылшын және неміс деректерімен салыстырылып талдауға түсті.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысында ағылшын тіліндегі деректердің ең негізгісін Британияның сыртқы істер министрлігі мұрағаты құжаттарының көшірме жинақтары құрады. Солардың бірі Британ империясының сыртқы істеріне қатысты Британ құжаттарының көшірмелері (British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print) болып табылады. Бұл құжаттар жинағы Кеннет Борн мен Камерон Уоттың ұйымдастыруымен жарияланып, онда XIX ғасырда Британ империясының Осман империясы, Балқан, Таяу Шығыс, Иран және басқа да Шығыс елдері мен халықтарының тарихымен байланысты болған құжаттардың көшірмелері жарияланып, ол отыз алты томнан тұрады. Мұндағы құжаттық деректер сол қалпында, өзгеріске ұшырамай көшіріліп жарияланған. Бұл құжаттар жинағы ағылшын деректерінің ең маңызды бөлігін құрап, қазіргі кезде Осман империясы мен Шығыс тарихын зерттеуде құнды деректер базасы болып табылады (British Documents, 1984).

Зерттеу жұмысында түркиялық және еуропалық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Мақаланы жазуда тарих ғылымының дәстүрлі және заманауи методологиясына негізделген тарихи-салыстырмалылық, тарихи типологиялық, сипаттау, ғылыми талдау мен синтез және тарихи жүйелеу әдістері қолданысқа енді. Сондай-ақ, теміжолдың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мен оларға қатысты фактілерді талдауда және жалпы экономикалық процестерді қарастыруда зерттеу жұмысында тарих ғылымының заманауи пәнаралық әдістері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, Осман империясы мен Германия арасындағы экономикалық қатынастар мен оның тарихын қарастыруда жершілдік пен діншілдік еуроцентристік, ұлтшылдық, түрікшілдік және мұсылмандық көзқарастардан бас тартып, тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

Тарихнамалық шолу. Берлин-Бағдат теміржолының салынуы мен оның экономикалық факторлары және Герман империясының Осман империясы мен Османдық Шығыстағы саясатын зерттеу ісі негізінен Германия мен Түркия ғалымдары тарапынан қолға алынған тақырыптардың бірі болып саналады. Германияда бұл тақырып бойынша ғылыми зерттеулер XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап жүргізілген. XX ғ. неміс тарихшылары мен шығыстанушылары осман-герман қатынастары бойынша көптеген ғылыми мәселелер көтерді. Аталған тақырыпқа қатысты ғылыми мәселелерін Павел Линденберг өз зерттеу жұмыстарында көтеріп, онда (Lindenberg, 1902) XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Германияның Осман империясының Шығыс провинцияларындағы саясаты зерделенген. Зерттеушінің тұжырымы бойынша бұл уақытта, өзге де еуропалық империялар секілді Кайзерлік Германия да Осман империясының шығыс провинцияларының байлығын игеруге күш салған. Зерттеу жұмысында Германияның Шығысты игеру жоспарларына талдау жасалады. XX ғасырдың басында Осман империясы тарихының аталған тақырыптарына арналған ғылыми мәселелерін Шығыс

тарихы аясында көтеріп, бірқатар ғылыми тұжырымдар мен жаңалықтардың авторы Мартин Хартманн болды. Неміс шығыстанушысы, этнографы М. Хартманн, Осман империясының Шығыс провинцияларының тарихын, (Hartmann, 1904) мәдениетін, этнографиясын зерттей отырып, сонымен бірге Германия мен Шығыс провинциялары арасындағы мәдени байланыстар туралы зерттеген.

Сонымен қатар, мұндай тақырыптармен айналысқан зерттеушілердің бірі шығыстанушы, географ Уго Гроте болып, ол Осман империясы мен Германия арасындағы сыртқы байланыстарға қатысты зерттеулер жүргізген. Уго Гроте 1902 жылы Берлин-Бағдат теміржолының географиялық және этнографиялық маңыздылығы тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғаған. Өзінің негізгі ғылыми-зерттеу саласы Осман империясы мен Германия арасындағы сыртқы саяси байланыстарды және Осман империясы халықтарының тарихы мен олардың орналасу географиясын зерттеуге арнаған (Hugo, 1913). XX ғ. бірінші жартысында неміс ғалымдары Германия мен Осман империясы арасындағы сыртқы саяси байланыстардың үлкен көпірі болған Берлин-Бағдат теміржолының құрылу мәселелері мен оның Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастарға тигізген мол көмегі жайлы арнайы ғылыми зерттеулер де жүргізілді.

Бұл тақырып бойынша Пауль Рурбах арнайы ғылыми жұмыстар жүргізген тарихшылардың бірі болды. П. Рурбахтың ғылыми жұмысында Берлин-Бағдат теміржолының салыну жоспарлары мен оның салыну барысы жайлы мәселелер көтеріліп, бірқатар тың тұжырымдар қабылданған. Автор өз зерттеуінде (Rohrbach, 1911) басты басымдылықты бұл жолдың саяси-экономикалық маңыздылығына беріп өткен. Ең маңыздысы бұл тақырып бойынша германиялық түрік тарихшыларының бірі Бекир Сыткы арнайы зерттеулер жүргізіп, ол «Берлин-Бағдат теміржолының құрылуы мәселелері» (Sitki, 1935) атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Зерттеушінің негізгі ғылыми объектісі бұл теміржолды құрудағы негізгі жоспарлар жолдың құрылу мәселелері болып табылады. Автор, ең алдымен бұл теміржолдың құрылу қажеттігін туындатқан саяси және экономикалық факторларды негізге алып, сол бойынша талдау жүргізген (Kunke, 1918).

Берлиннен басталған бұрынғы Анадолы теміржолының Бағдатқа дейін жеткізу тақырыбында түркиялық ғалымдар да еңбек еткен. Түркияда іргелі ғылыми еңбектердің бірі Ильбер Ортайлының зерттеу жұмысы болды. Тарихшы, құлдырау дәуіріндегі осман-герман саяси қатынастарын зерттеп, сонымен бірге Осман империясындағы немістер тарихын зерделеген. Зерттеу жұмысында, сұлтан II Абдулхамит пен герман канцлері арасындағы саяси байланыстар мен Бағдат теміржолына қатысты тақырыптар орын алған (Ortaylı, 1983). Германия мен Осман империясы арасындағы саяси және экономикалық байланыстар тарихын зерттеген түркиялық тарихшылардың бірі Мұрат Өзйүксел болып табылады. М. Өзйүксел, екі мемлекет арасындағы саяси және экономикалық қатынастарға өзінің үлкен септігін тигізген Берлин-Бағдат теміржолының салыну тарихын зерттеді (Qzyuksel, 1988.).

Нәтижелері. Осман империясы мен Германия арасындағы саяси және экономикалық байланыстар герман канцлері Отто фон Бисмарктың кезінен басталып, ол кейіннен герман императоры II Вильгельм тұсында жалғасып дамыды. Бұл кезеңде Осман империясын басқарған сұлтан II Абдулхамит Германиямен саяси-экономикалық байланыстарды барынша дамытып, соның негізінде оның саяси және экономикалық қолдауына ие болды. Мұның салдарынан империялар арасында көптеген саяси және экономикалық

жобалар жүзеге асырылды. Солардың бірі XIX ғасырдың соңғы жылдарында қабылданып XX ғасырда аяқталған Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасы (Rohrbach, 1911: 85-90) болды.

Ең алдымен Осман империясында теміржол қатынастарының іске қосылу тарихына тоқталсақ, мемлекет Стамбул мен өзге аймақтар арасында байланыс жасауды жақсарту үшін, 1871 жылы Анадолы теміржол құрылысын бастау туралы шешім қабылдады. Бұл жобаның жоспарын атақты неміс инженері кейіннен Шығыс Анадолы теміржол компаниясының жетекшісі болған Вильгельм фон Прессел құрған болатын. Вильгельм фон Пресселдің мықты жоспарына сәйкес, жүйенің ұзындығы 2700 километрді құрады. Бұл жоба батыстан басталғанда Босфор, Измит арқылы өтіп, Ескишехир, Анкара, Сивас, Харпут, Диярбақыр, Мосул және Бағдат қалалары арқылы жүргізіліп, Парсы шығанағынан Басраға дейін жететін болды.

Бұл кезеңде Осман империясы саяси және экономикалық салада одақтас болып, экономикалық қуаты зор болған Германия экономикасы әлсіреп отырған Осман империясына ұдайы саяси және экономикалық көмек беріп отырды. Герман билігінің Осман империясына қатысты сыртқы саясаттағы мұндай жаңа кезең, 1890 жылдардың аяғында Германияның Таяу Шығыс саясатына байланысты одан сайын дамып, бұл кезде 1897 жылдан Стамбулда Германияның елшісі болған Барон Адольф фон Маршалл Биберштейн белсенді саяси қызмет атқарды. Ең маңызды жағдай, 1898 жылы кайзер II Вильгельмнің Таяу Шығысқа жасаған екінші сапары кезінде Бағдат теміржол идеясына қызығушылық танытты. Герман кайзері осы сапары барысында Осман империясының сұлтаны II Абдулхамитке Анадолы теміржолын Бағдатқа дейін жеткізуді ұсынды. Ол егер Бағдат теміржолы салынатын болса, соның негізінде Осман империясының Шығыс провинцияларында Германияның экономикалық ықпалы арта түседі деп үміттенді. Сұлтан II Абдулхамит кайзер II Вильгельмнің Берлин-Бағдат теміржол жобасын қолдады. Тіпті Бағдат теміржолының салынуын Германия өз мойнына алған кезде мұны қуанышпен қарсы алды. Онда герман кайзері Бағдат теміржолының концессиясын Дойче Банкке беретінін жариялады. Осылайша, Сиенс компаниясы енді мұндай ауқымды жобаны қаржыландырудан бас тартатын болды.

Осылайша, Берлиннен Стамбул арқылы Анадолының өзге қалаларын жалғаған теміржолды Бағдатқа дейін жеткізу туралы мәселе 1898 жылы герман кайзері II Вильгельмнің Осман империясына жасаған екінші сапары кезінде көтеріліп, ол өз шешімін тапты. 1898 жылы қазан айында герман императоры II Вильгельм Стамбулда II Абдулхамит сұлтанның ерекше қабылдауында болып, императорға үлкен құрмет көрсетілді. II Абдулхамит өзінің сыртқы саяси әріптесіне зор құрмет көрсетіп, саяси әңгіме барысында сол уақыттағы халықаралық саясаттағы бірқатар мәселелерге баса назар аударылды және империялар арасындағы саяси қатынастардың одан сайын жақсара түсетіндігі нақтыланды (Rathmann, 1962). Кайзер бұл сапарында Осман империясымен саяси, экономикалық және әскери салаларда одақтастық байланысты одан сайын дамытуды жоспарлады. II Вильгельм Осман империясына жасаған екінші сапарында Осман империясының Таяу Шығыстағы провинцияларын түгел дерлік аралап, бұл аймақтардың одақтастар үшін саяси және экономикалық маңыздылығы өте зор екендігіне көз жеткізді. Бұдан соң, герман басшылығы Таяу Шығыстың сарқылмас шикізатын Германияға ешбір кедергісіз әрі жылдам жеткізу ойластырды. Мұның нәтижесінде, Еуропа мен Осман империясының Анадолы провинциясын жалғаған теміржолды

Бағдатқа дейін ұзарту жоспары туындаған еді (Edward, 2010).

Ақыры, 1899 жылы мамырда Дойче Банк Анадолы теміржолын Батысқа Берлинге, Шығыста Бағдатқа қарай ұзарту, нақтырақ айтқанда Берлин-Бағдат теміржол құрылысы жобасын қаржыландыруға Осман империясының империялық банкімен біріге отырып келісімге қол қойды. Бұл факт екі банктің аталған теміржолдың салынуы мен оның қызметі барысында бірігіп жұмыс істейтінін көрсетіп берді. Ал бұл жағдай теміржолды салып, оны пайдалана бастаған соң екі мемлекеттің экономикалық байланысының одан сайын нығаятынын және жалпы теміржолдың екі мемлекет үшін де экономикалық маңызы зор болатынын көрсетті. Осылайша, Дойче Банк теміржолды салу мен оны эксплуатацияға беруде басты инвестор болды. Оның Анадолы теміржол компаниясының жылдық пайдадағы үлесі зор болды (S. McMurraу, 2001: 31) Германияның Стамбулдағы елшісі Маршалл фон Виберштейн герман империясының Сыртқы істер министрлігіне берген рапорттарында Бағдат теміржолы жобасының тек Дойче Банк емес сонымен қатар Осман империясының жергілікті кәсіпкерлері үшін де табысы зор болатынын көрсетіп, ол теміржолдың «екі мемлекеттің экономикалық байланыстарының күретамыры» - деп атады (Lothar, 1995: 76).

Герман экономикасының Осман империясымен қатынасындағы негізгі аспектілердің бірі болашағы бар бөрінен маңызды теміржол құрылысы болды. Бұл аспект Германияның теміржол құрылысы арқылы Анадолыда өзінің экономикалық ортасын түзе білді. Осман империясында немістерден бұрын да Ұлыбритания және Францияның салған теміржол желілері болған, бірақ бұл желілердің ешқайсысы герман банкінің потенциалымен салыстыруға келмеді, олар Анадолы теміржолын болашақта Бағдатқа дейін жүргізуді жоспарлаған болатын. Дойче Банктің бақылауымен Анадолы теміржол компаниялары жүргізген теміржол құрылысы және маңызды жобалар, немістердің болашақта империяда маңызды орынға шығуына жол ашты. Осыдан теміржол құрылысының стратегиялық маңызы бар екендігін және неміс капиталының Анадолыда дамуына негіз болатынын байқауға болады.

Берлин-Бағдат теміржолы жобасының жүзеге асырылуының Осман империясы үшін де, Германия үшін де саяси маңыздылығымен қатар экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Осы орайда, бұрынғы Анадолы теміржолынан Бағдатқа дейін салынатын теміржолдың Осман империясы үшін басты экономикалық маңыздылықтарын атап өтсек:

1. Теміржолдың салынуы Осман империясында өнеркәсіптің дамуына жағдай жасады. Герман кәсіпкерлері Германиядағы өз кәсіпорындарын Осман империясына көшіріп әкеліп, онда жаңа және заманауи өндіріс орындарын ашты, соның негізінде (McMeekin 2010: 40). Осман империясынан шығатын дайын шикізат өз елінде өндіріле бастады. Бұл жергілікті халық үшін тиімді болды.

2. Теміржол байланысы екі мемлекет саудагерлерінің алыстағы сауда базарларына барып сауда жасауына кең мүмкіндік тудырды және жалпы халықаралық сауданы дамытуға өз үлесін қоса бастады. Бұл жағдай мемлекетте өндірілген өнімнің артығының шетелде саудалануына зор мүмкіндіктер берді. Екі мемлекеттің кәсіпкерлері мен шикізат өндірушілері теміржол қызметін пайдалана отырып, мемлекеттің де үкіметтің де қаржы-экономикалық ахуалының жоғары деңгейде болуына жағдай жасады.

3. Бұл теміржолдың Еуропаға қарай ұзаруы осман экономикасын біршама алға жылжитты. Теміржол арқылы Осман империясының тек Германиямен ғана емес, сонымен бірге Батыс Еуропаның өзге де елдерімен кең көлемде

сауда жасау мүмкіндіктері туындады.

4. Теміржолдың маңызды тустарының бірі Германиямен экономикалық байланыстарды одан сайын арттырылды. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германияда өндірілген ауыл шаруашылығы мен тұрмысқа қажетті материалдардың Стамбулға жылдам уақыт ішінде жеткізуге үлкен мүмкіндіктер туындады. Бұл жағдай бағаның арзандауын қамтамасыз етті.

5. Теміржол арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажет болған құралдар мен түрлі бұйымдар оңай жеткізіле бастады. Осман империясында салынатын өндіріс ошақтарын қажетті жабдықтармен тез қамтамасыз ету және қажетті мамандарды жылдам тарту мүмкіндіктері туындады (Jehuda L., 1976: 44).

Келесі кезекте, Берлин-Бағдат теміржолының Герман империясы үшін экономикалық маңыздылықтарына тоқталсақ:

1. Осман империясына немістердің санын арттыруға кіріскен император II Вильгельм өндіріс пен өнеркәсіп саласында Осман империясымен тығыз байланысып, империяның осы салаларын өзіне қаратуға тырысты. Герман императоры Осман империясының Шығыс провинцияларын аралап, аймақтың шикізат қорларының мол екенін көзімен көрген еді.

2. Күн сайын өркендеген герман өнеркәсібі үшін Осман империясы үлкен шикізат жеткізуші күш еді. Таяу Шығыста мұнай мен өндірісіне қажетті шикізат сарқылмас қоры бар екендігін түсінген Германия үшін Берлин-Бағдат теміржолының экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Мұндағы мұнай мен басқа да шикізат көздері осы теміржол арқылы үздіксіз тасымалданып, ол Еуропадағы жас герман өнеркәсібін одан сайын дамытуға үлсе қосты.

3. Суландыру жұмыстары мен оның технологиясын жетік білген немістер Анадолы мен Осман империясының басқа да провинцияларында егіншілікті дамыту үшін суландыру жұмыстарының заманауи жаңа жобаларын орнату ісімен де шұғылданды. Мұндағы басты мақсат, осы теміржол арқылы Германияға қажетті болған ауылшаруашылығы өнімдерін тасымалдау болды. Германияға тасымалданған шикізат пен ауыл шашаруашылығының өнімдері осман экономикасына зор табыс әкелді.

4. Теміржолдың, Осман империясының Шығыс территорияларында өндіріс орындарын салуда және ол жаққа арнайы мамандар мен техникаларды аз уақыт ішінде жеткізуде маңыздылығы өте зор болды (Winterstetten, 1914: 18-20). Бұл кезде Осман империясының территориясы арқылы Шығысқа өту, Шығыс елдерімен экономиканы күшейту, Иранмен, Үндістанмен жақындасу Германияның басты сыртқы экономикалық жобаларының бірі саналды. Герман тарапы мұндай жобаларын жүзеге асыра білді.

5. Теміржол арқылы Германияда жұмыс істейтін кәсіпорындарға Осман империясынан және жалпы Шығыс елдерінен арзан жұмысшы күшін жылдам тасымалдау Германияның басты жоспарларының бірі еді. Теміржол арқылы Шығыстан барынша арзан болған жұмысшы күші тартылды. Османдық шығыстың халқы германдық кәсіпорындарда жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті. Осылайша герман капитализмінің Шығысқа таралуындағы теміржолдың рөлі үстем болды.

Теміржол құрылысын жүргізу үдерісі Еуропаның қаржылық капиталының Осман империясына кіруіне жол ашты. XIX ғасырдың екінші жартысында басталған теміржол құрылысы «мемлекет және мемлекеттік келісімшарттар» арқылы жүргізілді. Теміржол және басқа да сол секілді инфрақұрылымдағы инвестициялар болашақта Еуропамен қаржылық байланысын түзуде және

империяға тікелей тартылатын алғашқы шетелдік қаржы инвестициялары да құрады (Wallerstein, Decdeli, Kasaba, 1987).

Теміржол құрылысы аймақтардың экономикалық тұрғыдан дамуына әртүрлі ықпал еткені сөзсіз. Осман империясындағы теміржол саласы батыстық капиталдың өркендеуіне әсер етті. Осман империясы теміржол құрылысының басталуын экономикалық мақсаттан гөрі, батыспен әскери-саяси кедергілерді шешу жолы ретінде пайдаланды. Ал бұл жағдай Осман империясының әлі де болса мықты бюрократиялық орталыққа бағынышты екендігін, оның экономикасының қаншалықты дамығанына қарамастан әлемдік сауда айналымы жүйесінің қызметімен сәйкес келе бермейтінін аңғартады (Quataert, 1977: 142-143).

Тағы айта кетерлігі, теміржол өндірісі XIX ғасырда кез-келген мемлекеттің саяси және экономикалық тұрғыдан алға жылжуын көрсетті. Осман империясының экономикалық тарихын зерттеуші американдық ғалым Чарльз Исавидің айтуынша, бұл кезде Осман империясының экономикалық даму деңгейі төмен болған. Оның басты мысалдарын мемлекеттегі теміржол қызметінің аз екендігімен түсіндіреді. Мысалы, 1914 жылы империяда жалпы 1900000 шаршы километр территорияға 5991 километр теміржол салынса, оның ішінде Анадолы жеріне жалпы көлемі 740000 шаршы километр аумаққа тек 2918 километр ғана теміржол салынған еді. Үлкен көлемде салынған теміржол торабы соңғы екі он жылдықта құрылды. Бұл теміржолдың аз болуы империяның көптеген мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынасқа бірден енбеуімен байланысты болуы мүмкін (Issawi, 1980: 188).

Анадолы теміржол жобасын Дойче Банк жүргізгенімен, олар Осман империясының заңдылығына сәйкес әрекет жасады. Теміржол салуға арналған барлық құрал-жабдықтар мен материалдардың барлығы Германиядан арнайы әкелінді, жұмыстың үлкен бөлігін де неміс компаниялары жүргізді. Осман империясындағы бұл теміржол құрылысы сауда-саттық саласында неміс нарқының дамуына оң әсер ететіні сөзсіз еді. Георг Сиененс рейхстагта өзінің келтірген хабарламасында неміс астанасына қатысты қолданылған жаңа әдіс-тәсілдердің нәтижесінде, Осман империясының индустрия саласында жоғары өркендеу деңгейі байқала бастағанын айтты (Lothar: 1995, 70).

Дойче Банк бірінші кезекте Бағдат теміржол компаниясының инвестициялық капитал сомасын қамтамасыз ету үшін мүдделі болды. Сонымен қатар, Дойче Банк Таяу Шығыстағы неміс экспортына үстемдік ету үшін күресті. Алайда, 1906 жылы Германияда Чарльз Хелфер кәсіпорында саяси ықпалын күшейтуді және одан әрі Анадолы теміржол компаниясының басшылығы арқылы Сыртқы істер министрлігінің отарлық бөліміне шығуды көздеді. Газет беттерінде әр түрлі хабарламалар пайда болды. Олардың кейбіреулері Дойче Банк Гельферихті пайдаланғысы келеді деп болжады. Гельферих қысқа уақыт ішінде өзін бір жағынан, герман дипломатиясы мен осман үкіметінің жергілікті өкілдерін байланыстырушы буын ретінде ерекше етті және екінші жағынан ол Берлинде Сыртқы істер басқармасымен байланыста болды. Оның Стамбулмен медиациялық байланыс жүргізуіндегі табысты рөлі үшін, ол 1908 жылы Дойче Банк Басқармасының меңгерушісі болып тағайындалды.

Бағдат теміржолының экономикалық артықшылықтарын Манфред Поль есепке ала отырып оның әсері, Осман империясы мемлекетінің күткені сияқты үлкен емес екенін мәлімдейді. Бұл олардың құны Еуропадағыдай артпай, тек индустрияның өсуіне ықпал етуді көздеді (Manfred, 1999: 123). Дегенмен, Еуропада «индустрияландыруды жедел арттыру» қарқынды өсуіне және

коммерциялық-салықтық төлемдердің өсуіне қарамастан, жергілікті Бағдат теміржол желісінің дамуына елеулі әсер етті. Олар осман экономикасының жалпы алғанда өсу қарқынына қарағанда өз даму деңгейіне сәйкес болды.

1903 жылы Бағдат теміржол келісімі негізінде «Deutsch-Levantische Baumwoll-Gesellschaft» (Неміс-Левант Мақта компаниясы) Анадолыда жаңа сала мақта өндірісінің өсуі бойынша герман өндірісінің рөлінің артуына зор ықпал етті. 1904 жылы жұмысын бастаған компанияның теміржол құрылысындағы алғашқы қадамдарының бірі болды. Сондай-ақ, неміс рейхінің бұл жоспарлы қадамы Анадолыда өзіндік ұлттық нарықты дамыту үшін жасалған болатын (Quataert, 1973).

Жалпы ортақ көзқарастарға тоқталсақ, Германияның Бағдат теміржол құрылысын жүргізуі Осман империясы арасындағы позициясын нығайтты. Бағдат теміржолын салу барысында немістердің жеке кәсіпкерлері мен неміс компаниялары қоңыржай ауыл шаруашылығы, көлік, тау-кен, телекоммуникация және т.б. көптеген басқа да жаңа жобаларды дайындады. Әлеуеті жоғары жобалардың қатарында ауқымды емес кішігірім жобалар да болды. Стамбулдан Анадолы жағына еш кедергісіз жету үшін жалғыз жол қаланың екі арасындағы теміржол арқылы байланыс жүргізу еді. 1900 жылы «Ориент-Экспресс» компаниясы осы мақсатта Бағдатқа теміржол көпірін салуды жалғастыра алатындай жоспарланған болатын. Сұлтан II Абдулхамит Еуропа мен Азияны байланыстыру үшін бұғазды игеріп, теміржол желісін жүргізуді алға қойды. Бұл үлкен «Абдулхамит көпірі» Босфор бұғазының Румели – Хисар, Хисар – Анадолы арасында алты жүз метрді құрайтын нүктесінде салынады деп жоспарланған болатын. Алайда, Абдулхамит көпірі салынбады (Manfred, 1999: 131-133).

Осман империясы билігінің экономикалық көзқарасы тұрғысынан, Бағдат теміржолы желісінің үлкен жобасы халық аз қоныстанған Анадолының экономикалық дамуына ықпал ететін болады. Жалпы айтқанда, теміржол ауыл шаруашылығы жүйесінің іргетасын тиімді қалады және жиі индустрияландыруға бастапқы серпін берді. Сонымен қатар, сұлтан Абдулхамит теміржол желісін Анадолы түбегіне жүретін әскерлердің қимылына оңай болуын көздеді және Стамбул үкіметі империяның шалғай экономикалық аймақтарын бақылауда ұстауға мүмкіндік берді.

Дойче Банктің Азия мен Оңтүстік Америкадағы жұмыстарынан басқа, Дойче Банк маңызды қабылдаған ең әсерлі әрі тәуекелді шетелдік бизнес жобасы Бағдат теміржол құрылысына қатысуы болды. Бұл жобаның нәтижесінде, ғасырлар тоғысында Германияның Осман империясына экономикалық ықпалы артты. Оның Балқанда, Таяу Шығыста содан кейін экономикалық мүдделері артты. Сонымен қатар, әлем елдері арасында саяси және экономикалық беделі өсті. Бағдат теміржолының салынуы мен оның жұмыс істеуі Германияның экономикалық қуатының мықты екендігін көрсетіп берді және бұл жағдай герман империясының әлемдік мемлекетке айналуының басты факторы болды (Gustav, 1950: 24-26). Жобаның басты ерекшелігі теміржолды салуды тек неміс банктері қаржыландырып, ол Осман империясы мен Германияның тарихында халықтың назар аударған бірден-бір факторы болып табылады. Берлин-Бағдат теміржол жобасы Еуропаның ұлы державалары – Франция, Ұлыбритания және Ресейдің саяси және қаржы-экономикалық назарын аудармай қоймады. Себебі, бұл империялар Осман империясына елеулі түрде қызығушылық танытып жатқан (Miller, 1916) болатын.

Бағдат теміржолының салынуы аймақтарда халық санының артуына ықпал

етті. Бағдат қаласы мен оның айналасындағы аудандардың демографиялық жағдайы өзгерді. Өңірде жаңа инфрақұрылым пайда болды. Жүздеген қызмет орындары мен елді мекендер ашылды. Османдық шығыс қайта тірілгендей болып, ол ерекше экономикалық мәнге ие болды. Осман империясының Шығыс провинциялары империяның Батыс аймақтарымен байланысып, Шығыстың қоғамдық-әлеуметтік дамуына жаңа серпін берілді. Осман империясы өзінің Шығыстағы әлсіреп бара жатқан саяси позицияларын қайта тіктеп алуға кең мүмкіншіліктер туындады. Ғасырлар бойына Ислам діні мен шығыстық мәдениеттің орталықтарының бірі болған Бағдат қаласының саяси және экономикалық рөлі күшейтілді (Andre, 1911).

Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасын жүзеге асыру барысында Осман империясына көшіп келушілердің саны күн санап артты. Германия мен Еуропаның өзге де елдерінен Осман империясына көптеген ұлт өкілдері ағылды. Олардың ішінде немістердің саны басым болды. Осман үкіметі империяның еуропалық үлгіде дамуын қолдап, еуропалықтардың үдере көшіп келуіне қарсылық білдірмеді. Олар әр түрлі саланы игеріп, империяда бұрын-соңды болмаған жаңалықтарды алып келді. Теміржол тек қана жолаушы тасымалы мен саяси және экономикалық мүдделер үшін қызмет етіп қана қоймай Еуропадан Осман империясына ғылым мен әдебиеттің, өнер мен мәдениеттің, техника мен соңғы технология үлгілерінің көптеп келуіне қызмет етті.

Қорытынды. Берлин-Бағдат теміржолы Осман империясы мен Германия арасындағы ең ірі саяси және экономикалық жоба болып, оның құрылысы XIX ғасырдың аяқ шенінде басталып, XX ғасырдың басында аяқталды. Екі мемлекеттің арасында салыстырып қарағанда, бұл жолдың Германия үшін экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Себебі, XIX ғасырдың соңғы жылдары мен XX ғасырдың басында Германия бұл жол арқылы Осман империясының Шығыс провинцияларынан өзіне қажетті шикізат көздерін мейлінше тасымалдады. Оларды өндіріп, сол арқылы өз экономикасын одан сайын байытты. Германияның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында экономикалық даму жағынан әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынды, ал Еуропада бірінші орынды иеленуінде Берлин-Бағдат теміржолының маңыздылығы өте зор болды. Берлин-Бағдат теміржолының Осман империясына тигізген экономикалық көмегінің ең маңызды тұстарын көрсетсек, бұл жол арқылы империяға Германиядан өндіріс орындары көшіп келді. Бұл жол Осман империясының тарихында өндіріс саласын дамытуға ерекше серпін берді. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажетті құрал-жабдықтар тасымалданып, нәтижеде осман провинцияларында зауыттар мен фабрикалардың салынуына жағдай жасады. Бір ерекшелігі, империяда мұндай экономикалық процестер теміржол арқылы өте тез және жылдам жүргізілді.

Берлин-Бағдат теміржолының Осман империясы үшін экономикалық маңыздылығымен қатар, саяси, әскери және әлеуметтік салада маңыздылығы өте зор болды. Теміржол арқылы Шығысқа әскери қару-жарақ түрлері де әкелінді. Бұл жағдай, Иран, Ирак, Сирия территорияларынан келетін барлық қауіптің алдын-алу үшін жасалды. XX ғасырдың басында «Ғасыр жобасы» аталған Берлин-Бағдат теміржолы Бірінші дүниежүзілік соғыста аймақта осман-герман бірлескен әскери одағы үшін ерекше қызмет етті. Осман империясы да бұл теміржолдың көмегімен өз экономикасын реттеді, империяда ішкі-сыртқы саудадан бөлек өндіріс пен фабрикалар жұмыс істеп, елге табыс әкелді. Мұның барлығы құлап бара жатқан осман экономикасын

кайта тірілтуге өзіндік үлес қосты.

References:

- Andre C. (1911). *The Baghdad Railway*. London: Central Asian Society.
- Antoine H. (1988). *Les Provinces arabes de L'Empire Ottoman aux AMAE de France 1793-1918*. – Beyrouth: Les Editions Universitaires du Liban.
- Bekir Sitki. (1935). *Das Bagdad-Bahn-Problem 1890-1903*. Freiburg.
- British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print, *The Ottoman Empire*. General Ed. Kenneth Bourne and Cameron Watt. – Maryland: University Publications of America. 1984. T. 36.
- Ch. Issawi. (1980). *The Economic History of Turkey 1800-1914*. Chicago: University of Chicago Press.
- Jonthan S. McMurray. (2001). *Distant Ties: Germany, the Ottoman Empire, and the Construction of the Baghdad Railway* (Westport, Conn.: Praeger).
- Donald Quataert. (1973). *Ottoman Reform And Agriculture In Anatolia 1876-1908*. University of California, Los Angeles.
- Donald Quataert. (1977). “Limited Revolution: The Impact of the Anatolian Railway on Turkish Transportation and the Provisioning of Istanbul, 1890-1908,” *Business History Review* 51. no. 2.
- Edward Mead Earle. (2010). *Turkey, the great powers, and the Bagdad Railway: a study in imperialism*. – Charleston: Nabu Press.
- Grothe Hugo. (1913). *Die asiatische Turkey und die deutschen Interessen. Gedanken zur inneren Umgestaltung des osmanischen Reiches und zu den Zielen der deutschen Kulturpolitik*. Halle an der Saale.
- Gall Lothar. (1995). “The Deutsche Bank from its Founding to the Great War 1870-1914.” *The Deutsche Bank 1870-1995*. si al., eds. London: Weidenfeld and Nicolson.
- Hartmann, Martin. (1909). *Der Islam. Geschichte - Glaube - Recht*. Ein Handbuch. Leipzig: Rudolf Haupt.
- İlber Ortaylı. (1983). *Osmanlı imparatorluğunda alman nüfuzu*. İstanbul.
- Kornumpf H.J. (1983). *Die territorialverwaltung im Qstlichen teil der Eurordischen Turkey vom Berliner Kongress (1878) bis zum den Balkankriegen (1912/13) nach amtlichen Osmanischen verüffentlichungen*. Munchen: R. Trofenik.
- Lindenberg Paul: *Auf deutschen Pfaden im Orient. Reisebilder*. Berlin: Dummler, 1902. 320 s.
- Lothar Rathmann, (1962). *Berlin-Bagdad: die imperialistische Nahostpolitik des kaiserlichen Deutschlands*. Dietz.
- Max Kunke. (1918). *Die Kapitulationen der in Turkey deren Aufhebung und die neuen deutsch-türkischen Rechtsverträge*. Munchen, Berlin, Leipzig.
- Miller K. (1916). *Die Bedeutung der Bagdadbahn*, Hamburg: Boysen.
- Paul Rohrbach. (1911). *Die Bagdadbahn*. Berlin.
- Pohl, Manfred. (1999). *Von Stambulnach Bagdad: Die Geschichte einer berühmten Eisenbahn, (Sonderausgabefür die Historische Gesellschaft der Deutschen Bank)*, Munchen; Zurich: Piper Verlag.
- Qzyuksel Murat. (1988). *Osmanlı-alman ilişkilerinde Anadolu-Bagdat demiryolları*. İstanbul. 306 s.
- Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman. Recueillis et Publies par Gabriel Effendi Noradounghian. Liechtenstein: Kraus, 1978. T. 4.
- Sean McMeekin. (2010). *The Berlin-Baghdad Express: The Ottoman Empire and Germany's Bid for World Power, 1898-1918*. Penguin UK.
- Stolper Gustav. (1950) *Deutsche Wirtschaft 1870-1940*, Stuttgart.

Wallach Jehuda L. (1976). Anatomie Einer Militrhilfe, Dusseldorf

Winterstetten Karl Von. (1914). Berlin-Bagdad; neue Ziele mitteleuropischer Politik, Von A. von Winterstetten. Munchen J.F. Lehmann.

Wallerstein, I., Decdeli, H., and Kasaba, R. (1987). 'The incorporation of the Ottoman Empire into the world economy. Cambridge: Cambridge University Press

Grothe Hugo. (1913). Die asiatische Turkey und die deutschen Interessen. Gedanken zur inneren Umgestaltung des osmanischen Reiches und zu den Zielen der deutschen Kulturpolitik. Halle an der Saale.

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

IRSTI 03.29

L.N. Nursultanova¹, D.R. Aitmagambetov²

¹Doctor of Historical Sciences, Associate Professor,
L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan. E-mail:2012nura@bk.ru

²Candidate of Historical Sciences, Assistant Professor,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan. E-mail:dumanad@mail.ru

**KAZAKHSTAN AND EGYPT RELATIONS ON THE
CONTEMPORARY STAGE**

Diplomatic relations between the Republic of Kazakhstan and the Arab Republic of Egypt were established on March 6, 1992. The most important event in the history of Kazakh-Egyptian relations was the first official visit of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev in February 1993 to Egypt, which determined the nature of interaction between the two countries across the entire spectrum of bilateral cooperation.

Egyptian side also supported Kazakhstan's initiative to declare "August 29"—as an International Day of Peace, free of nuclear weapons, as well as the idea for the convening of the CICA, the Congress of World Leaders and Traditional Religions. Active participation in the Congress of world leaders and traditional religions in Astana of Sheikh Al-Azhar, Grand Imam and Egyptian Minister of Awqaf in 2003, 2006 and 2009 and of the Supreme Mufti, who represented Sheikh of Al-Azhar in 2015 had been contributed in many ways to the success of this forum and strengthening its credibility as an operating platform for dialogue on interfaith issues.

There is close cooperation in trade and economic sphere. There was conducted five sessions of the Kazakh-Egyptian intergovernmental commission on trade-economic, cultural-humanitarian and scientific-technical cooperation. Also the relations in the education, science and humanitarian sphere are strengthening.

The relevance of this article is determined by need to study the main aspects of relations between Kazakhstan and Egypt in new geopolitical and geo-economic conditions. Independent foreign policy of Kazakhstan predetermines the development of actual problems of national history, analysis and redefining of processes in the field of historical knowledge. Issues of Kazakhstan's entry into the international community and major foreign policy priorities can be also included. Kazakhstan-Egyptian relations are the main aspects of the Middle East policy of RK.

Key words: Kazakhstan, Egypt, politics, diplomacy, economy, trade, humanitarian sphere

Нұрсұлтанова Л.Н.¹, Айтмағамбетов Д.Р.²

¹ тарих ғылымдарының докторы, қауымдыстырылған профессоры
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан. E-mail: 2012nura@bk.ru

² тарих ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан. E-mail: dumanad@mail.ru

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ МЫСЫР ҚАТЫНАСТАРЫ

Орамал және тазалық құралы. Орамалдың қол орамал, бет орамал сияқты тазалық құралы түрлерін де шыт, сөтен сияқты жұмсақ матадан кесіп алып, жан жағын бүріп қайырып, желбір салып тігіп, кестелеп жасаған. Кестеге көбіне өсімдік, көгеріс оюларын, яғни гүл түрлерін, сабақты жапырақтарды кестелеген. Кестелеуге қызыл, сары, жасыл сияқты ашық түстерді қолданған. Бет орамал Иран, Ауғанстан қазақтары тілінде *дәс орамал* деп аталады.

Орамал және жастар ойындары. «Орамал» ойынының шарты орамалға түйген ақшаны атпен алып қашады, қуып жеткен адам олжаны иеленеді. Маңғыстау қазақтары арасында «*мынау аттың бір орамалдығы бар екен*» деген сөз бар. Түркіменстан қазақтары арасында келін боп түскен қыздың қызыл орамалын алып, оның орнына бүркеншік жабу салты бар. Тойда тізенің астынан ширатылған орамалды бір біріне беріп, ортада отырған адамды ұрып ойнайтын, яғни орамал жүгіртіп ойнайтын ойын Көкшетау өңірінде «*орамал жүгіртпек*», Алматы маңында «*андалақ*», Шу бойында «*жылытыр кетті*», Қарағанды облысында «*әбір-сүбір*», Ресей, Орынбор қазақтары арасында «*орамал ойнау*» делінеді. Сондай-ақ қатар қатар отырған жастардың бір біріне орамал беріп ойыны «орамал тастамақ» деп аталады. Қарақалпақстан қазақтары арасында күйеу қалындықты әкелуге аттанардағы той «*орамал той*» деп аталады (Қазақтың этнографиялық категориялар, 3 том, 2017; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005).

Орамал атауындағы аймақтық сөздер. Орамал мен жаулық атауында аймақтық диалектік тіл ерекшелігі байқалады, мысалы, Шымкент, Мақтарал қазақтары арасында жаулықты *сәлде*, Қарақалпақстан қазақтары арасында *шалма*, Арал, Ақтөбе қазақтары тілінде түбіт орамалды *шарқат*, Бұхара қазақтары шөлі, қызым орамалды *шарқат*, Шығыс Қазақстанда *шыт* деп атау кездеседі (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005).

Жаулық түрлері. Жаулық – көлемі үлкен ақ матаны әйелдің басына орап тартатын бас киімнің ерекше түрі. Оның көлемі кейбір өңірлерде, мысалы, Жетісуда, 14 м-ге дейін жеткен. Жаулық шыт, бөтес, сөтен сияқты матаның ақ түстісінен пішіледі. Бас киімнің бұл түрінің «*ақ жаулық*» аталынуы сондықтан. «Ақ жаулық» салиқалы әйел келбетінің символын айғақтайды.

Осыған байланысты ел арасында «*ақ жаулық*», «*ақ жаулықты аналар*» деген тіркестер жиі айтылады. Тіпті, әйел адамды «*ақ жаулықтылар*» деп атау да қалыптасқан. Жаулықтың үй және шаруа жұмыстарын да бастарына салатын күнделікті және той-жиында салатын қымбат бағалысы да болады.

Жаулықты кимешексіз де, кимешектің үстінен бастырып та пайдаланды. Дәстүрлі қазақы ортада жаулық күннің аптабы мен суығынан, желдің өтінен қорғау үшін жамылғы ретінде де пайдаланылатындай көлемді пішімде жасалған. Осындай жаулықты ортасынан үшбұрыштай бүктеп, бүктелген жағын мандай тұсына келтіре басқа жауып, бір ұшы арқадан төмен жіберіп, ал қалған екі ұшы кеуде тұсына айқастырыла жамылған (Қазақтар. Халықтың бет бейнесі, 2015: 136-139, 141).

Жаулық пішіміне, киілу тәсіліне, көлеміне, материалына байланысты алуан түрлі болып келеді және әр өңірде әртүрлі атауларға ие болған. Айталық, Жетісу, Алтай өңірлерінде – *шылауыш*, Орталық, Шығыс Қазақстанда матаның пішіміне байланысты – *шаршы*, ал жаулықтың кең тараған өлкесі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс бөлігінде – *қарқара*, *күндік* деп аталатын түрлері бар. Шылауыш жаулықтың көнеден келе жатқан ерте түркілік

атауы. Будагов сөздігінің 2-ші томында «шылауышқа» басқа тартатын орамал деп анықтама берген (Будагов, 1871: 405). Шылауыш ақ матадан (жібек, шыт, т.б.) шаршы етіп пішіліп тігіледі де, кимешек үстінен немесе арнайы қатырма сыртынан оралып, түйреуішпен ұстатып қояды.

Жаулықтың түрін сипаттау үшін қосымша атауы қатар айтылады. Мәселен, *бұрама жаулық*, *сәукеле жаулық*, *сұлама жаулық*, *орама жаулық* деп атау кездеседі. Жаулықты тек басқа ғана емес, иыққа да жамылғыш ретінде пайдаланған (Захарова, Ходжаева, 1964; ҚРМОМ-ның этнографиялық коллекциясы, 2009; Қазақтың этнографиялық категориялар, 3 том, 2017: 373-375; Какабаев, 2003: 120). Күйеуі өліп жесір қалған әйелдің басындағы жаулықты шартты түрде «сары жаулық» деп атау кездескен (Қазақтың этнографиялық категориялар, 5 том, 2017: 709).

Жаулық тарту тәсілдері. Жаулықты тартудың жолдары әр түрлі болып келеді. Батыс Қазақстан өңірінде жаулықты тартар алдында шаршыны екі қабаттап үш бұрыштап, маңдай тұсына келетін бүктелген жағын тағы да қабаттап бүктеп, маңдайынан бастап тартқанда, үшбұрышты етегі желке тұсына келіп, екіұшын да желке тұсына қарай қайтара байлағанда, төбесі дөңгеленіп тұрады (Сурет 15).



Сурет 15 - Жаулықты шаршы матадан бұрама әдісімен тарту. Маңғыстау облысы, Шайыр ауылы. Рамазанова Ақшагүл. АЭМ.

Бұрама жаулық жылдың барлық мерзімінде тартылды. Күн суытқанда құлақ, мойынды желден қорғау үшін, басты шалмап, орап, төбесіне күндік ретінде жинап тартқан. Бір қарағанда кимешек тәрізді көрінетін күн суық кезде бұрама жаулық тартуды тарихи фотолар айғақтайды (Сурет 15-17).



*Сурет 16 – Бұрама жаулық тартқан әйел. Перовск уезі. 1884 ж.
В.Оливецкий түсірген (Гродеков, 1889: 84а)*



*Сурет 17 – Бұрама жаулық тартқан, шарықта жіп іріп отырған әйел.
1871 жылы А.Л. Кун түсірген
(Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том, 1871)*

Жаулықтың да аймақтық ерекшеліктері болды. Мысалы, Қазақстанның батыс өңірінде сәндік үшін жаулықты кимешектің үстінен киді. Егер сол кимешек қызыл жіппен (шым) кестеленсе отағасының барлығын, ал жай ақ жіппен «су тарту» өрнегімен кестеленген болса әйелдің жесір екендігін білдірген екен (Қазақтың этнографиялық категориялар, 3 том, 2017: 374).

Арқа жерінде *жоғары және төмен* деп аталатын *қос жаулық* тартқан.

Мұндай күрделі оралатын жаулықтарды түйреуіштер арқылы бекітіп, бөрік сияқты оралған күйінде шешіп киген. Қазақ жерінің әр өңірінен түсірілген фотоқұжаттар, әйелдердің жаулық тартудың күрделі және ең ауқымды түрін қолданғандығын көрсетеді.

Қазақ жерінің батысында зерлі шашақты, зер таспалы жаулықтың кимешектің күндігі ретінде орап таққан көне түрлерінің болғаны сызбалар мен фоқұжаттардағы бейнелерде сақталған (Қазақтар. Халықтың бет бейнесі, 2015; Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том, 1871; Карутц, 1911).

Ғұрыптық мәні. Жаулық, орамалдың ғұрыптық мәні наным сенімдер, дәстүрлер жүйесінен көрінеді. Ағайын арасындағы араздықты, тартысты шешуде, сонымен қатар, жесір дауы кезінде екі рулы елдің арасын татуластыру үшін ортаға орамал тастау ғұрпы орын алған. Ондайда екі елді мәмілеге келтіру үшін елге сыйлы үлкен әжелер орамалын ортаға тастаған. Халықтық ортада ананы құрмет тұтып, орамалдың киесінен қорыққандықтан араз жақтар сөзге тоқтап, бір мәмілеге келген.

Қазақ әйелдері өзінің басына салып жүрген жаулығын, орамалын *басымдағы бақ басқаға көшеді* деп ырымдап, басқа біреуге бермеген, бұл ырым қазір де сақталған. Ұзақ жасап қайтыс болған қария ананың орамалын тәбәрікке қалап алады. Жаулық, орамалды, жалпы бас киімді жауың басым болады деп жерге тастамайды, жоғарыға іліп қояды немесе жиюлы тұрған киім үстіне қояды (*Кәмәләшұлы*, 2006). Осы ғұрыптар мен келінге орамал салу рәсімінің көп жасаған, немере, шөбере сүйген қария анаға табысталуында өсіп-өркендеу, ұрпақ тарату идеясы жатыр.

Қазақта орамал түсінің «аза тұтумен» байланысты мәні болды. Ә.Диваев: *«қайтқан адам егде болса әйелі қара салмайды, орта жаста болса қара түсті орамал, үйленген жас жігіт болса келіншегі қызыл түсті орамал салады»*, – деген мәлімет берген (*Диваев*, 1891: 68-106). Осындай мәлімет Ы. Алтынсаринде де кездеседі: *«Найзаның ұшына үлкен орамал байланады, егер өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы болса – қара, қарт болса – ақ орамал байланады. Мұның мәнісі – бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргізушілерге білдіру»* (*Алтынсарин*, 1988). Сырдың төменгі ағысы бойында күйеуі бар әйелге көк, көгілдір, жасыл, қара, қоңыр түсті орамалдар сыйға тартпайды, мұндай түсті орамалдарды жесір әйелге сыйға тартады, себебі бұл түстер «аза тұтуды» еске салады (АЭМ). Мұның мәні байырғы қоғамда біреу қайтыс болғанда киіз үй шаңырағынан шығарылған немесе киіз үйдің қапталына сүйенген «қаралы ту» деп саналған найзаға байланған орамалмен байланысты. Аза орамалының байлануымен себепті «қаралы ту» атауы қалыптасты.

С.Л. Фукс: *«Кіші жүз руларында қаралы болудың белгісі ретінде жесір сары түсті орамал тартқан», «әйелдер тартқан орамалдың ұштары төбесінен шығып көрініп тұрады, мұны кері тарту деп атайды»*, деген мәліметті ел арасынан жазып алған (*Фукс*, 1981: 79). *Кері тарту* – өлік қайта келсе туыстарын танымай қалсын, арты тыныш болсын деген сенімнен туған. Сондықтан әдетте жаман ырымға балап, орамалды кері тартпайды.

Әулие, әмбиелердің басына, орамал байлап кету ғұрпы бағзы заманнан бүгінгі күнге жалғасып жеткен. Батыс Қазақстан, Маңғыстау өңірлерінде әулиелер басына қойылған сырыққа байланған әйел орамалдарын көруге болады. Зиярат етіп келушілер арасында құран оқып, бұрынғы орамалды алып, жаңа орамал байлап кету кездеседі. Орамалмен байланысты ғұрыптар халық арасында берік сақталған (АЭМ).

Қайтыс болған адамның асын бергенде сол үйдің әйеліне, болмаса

анасына басына ақ орамал салу немесе иығына ақ орамал жабудың ғұрыптық мәні алдағы өмірінде жолының ақ, ашық болуына мензегені.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, жаулық, орамал түрлері қазақтық тігіншілік, тоқымашылық өнерінің қолданыстық мәні зор туындысының бірі. Орамал, жаулық тарту дәстүрі ұлттық болмыспен біте қайнаскан. Орамалмен байланысты, мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің, ырым-тиымдардың, ойындардың қалыптасуы оның ғұрыптық мәні бар бас киім екенін айғақтайды. Орамал, жаулықтың түрлерінің жастық айырмашылықтарға байланысты түр- түстік қолданысы мен тарту әдебінде ерекшеліктер қалыптасты. Қазақ әйелдерінің байырғы кестелі орамалы мен бұрама жаулығы қазақ жерінің Маңғыстау өңірінде сақталған. Орамал, жаулық тарту әдебінде аймақтық ерекшеліктердің болуы аймақтық этнографиямен байланысты болды.

Әдебиеттер:

Авторлардың экспедициялық материалдарынан – АЭМ.

Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. Алматы: Жазушы. 1988.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Том 2. Сост. Лазарь Будагов. Санкт-Петербург: ИмперАН, 1871. 415 с.

Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина, 1889.

Диваев А.А. Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Вып.1. Ташкент. 1891

Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в. Алма-Ата: Наука. 1964. 177 с.

Какабаев Б.С. Выставка традиционных головных уборов из коллекции Центрального Государственного музея РК. World discovery. Алматы, №2. 2003.

Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е. Петри. СПб.: Издание А.Ф. Девриева, 1911. 188 с.

Кәмәләшұлы Б. Қазақтың байырғы киім-кешегіне қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер. 2006

ҚРМОМ-ның этнографиялық коллекциясы. 1-том. Қазақтың дәстүрлі киім кешегі. Алматы: Өнер. 2009. 343 б.

Қазақтар. Халықтың бет бейнесі. Алматы. 2015. 160 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2017). Энциклопедия. 5-томдық. Алматы: Алем Даму Интеграция.

Қазақтың ұлттық киімдері. Алма-Ата: Жалын. 1976. 112 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы. 2005. 824 б.

Махова Е.И., Русьякина С.П. Программа сбора материала по одежде народов Средней Азии и Казахстана для историко-этнографического атласа. В книге: Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. М., Издательство АНСССР. 1961.

Народы Восточной Азии. М., Наука, 1963.

Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. М., Наука. 1989.

255 с.

Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том. 1871. Ә.Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры. Түпнұсқа.

Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. Алма-Ата: Наука. 1981.

References:

Aftorlardyn ekspeditsiyalyk materialdarynan [Ethnographic materials of the authors] AEM.

Altynsarin Y. Taza bulaq: olender, angimeler, hattar, ocherkter. [Pure spring: poems, stories, letters, essays]. Almaty: Zhazushy. 1988. [In Russian].

Budagov L.Z. Sravnitel'nyi slovar' turecko-tatarskih narechii, so vklucheniem upotrebitel'nejshih slov arabskih i persidskih i s perevodom na russkii yazyk. [Comparative dictionary of Turkish-Tatar adverbs, with the inclusion of the most common words Arabic and Persian and translated into Russian. Volume 2]. Sost. Lazar' Budagov. Sankt-Peterburg: ImperAN, 1871. 415 s. [In Russian].

Grodekov N.I. Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoj oblasti. Juridicheskii byt. T.1. [Kyrgyz and karakirgiz of Syr-Darya region. Legal way of life. Volume 1]. Tashkent: Tipo-litografija S.I.Lahtina, 1889. [In Russian].

Divaeв A.A. Etnograficheskie materialy // Sbornik materialov dliya statistiki Syr-Dar'inskoi oblasti. [Ethnographic materials // Collection of materials for statistics Syr-Darya region.] Vyp.I. Tashkent. 1891 [In Russian].

Zaharova I.V., Hodzhaeva R.D. Kazahskaya nacional'naya odezhda: XIX – nachala XX v. [Kazakh national clothes: XIX - early XX centuries.] Alma-Ata: Nauka, 1964. 177 s. [In Russian].

Kakabaev B.S. Vstavka tradicionnyh golovnyh uborov iz kollekcii Central'nogo Gosudarstvennogo muzeya RK. [An exhibition of traditional headgear from the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.] World discovery. Almaty, 2003. №2. [In Russian].

Karutic R. Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake. [Among Kyrgyz and Turkmen in Mangyshlak.] Translation from German. E.Petri. Sankt-Peterburg: Izdanie A.F.Devrieva, 1910. 188 s. [In Russian].

Kamalashuly B. Kazaqtyn baiyrgy kiim-keshегine katysty salt-dastyrleri. [Customs traditions associated ancient clothing of the Kazakh people]. Almaty: Oner, 2006. [In Russian].

KRMOM-nyn etnografiyalyk kollekciyasы. 1-tom. Kazaktyn dastyrli kiim keshegi. [Ethnographic Collection of the Central State Museum of Kazakhstan. Volume 1. Traditional Kazakh clothes.] Almaty: Oner, 2009. 343 b. [In Kazakh].

Kazaktar. Halykтын bet beinesi. [Kazakhs. National image of the people]. Almaty. 2015. 160 b. [In Kazakh].

Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dastyrli zhuesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Volume 3]. Enciklopediya. Almaty: Adam Damu Integrasiya, 2017. [In Kazakh].

Kazaktyn ulttyk kiimderi. [Kazakh national costumes.]. Alma-Ata: Zhalyн. 1976. 112 s. [In Kazakh].

Kazak tilinin aimaktyk sozdigi. Kurastyrgan G. Galiyev, O. Naqysbekov, Sh.Sarybayev, A.Uderbayev. [Regional dictionary of kazakh language.]. Almaty: Arys, 2005. 824 b. [In Kazakh].

Mahova E.I., Rusjaikina S.P. Programma sbora materiala po odezhde

narodov Srednei Azii i Kazahstana dliya istoriko-etnograficheskogo atlasa. V knige: Materialy k istoriko-jetnograficheskomu atlasu Srednei Azii i Kazahstana. [The program of collecting material on clothes of the peoples of Central Asia and Kazakhstan for historical and ethnographic Atlas. In the book: Materials to the historical and ethnographic Atlas of Central Asia and Kazakhstan.] Moskva-Leningrad. Izdatel'stvo ANSSSR. 1961. [In Russian].

Narody Vostochnoi Azii. [The Peoples Of East Asia] Moskva-Leningrad, Nauka, 1963. [In Russian].

Tradicionnaya odezhda narodov Srednei Azii i Kazahstana. [Traditional clothing of the peoples of Central Asia and Kazakhstan.] Moskva, Nauka. 1989. 255 s. [In Russian].

Turkistan al'bomy. Jetnografiyalyk bolim. [Turkestan album. Ethnographic section. Volume 6.] 1871. A.Nauai atyndagy Ozbekstan Ulttyk kitaphanasynyn sirek kezdesetin kitaptar men kolzhazbalar qory. Tupnyska. [In Russian].

Fuchs S.L. Obychnoe pravo kazahov v XVIII – pervoi polovine XIX veka. [Fuchs Customary law of the Kazakhs in the XVIII - first half of the XIX century.] Alma-Ata: Nauka. 1981. [In Russian].

ҒТАМР 03.20.00.

ӘОЖ 92959 (574)

Әпендиев Т.Ә.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Алматы қ., Қазақстан E-mail: timur.apendiev@mail.ru

ЛЕЗГИНДЕРДІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ

Қазіргі Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихын, мәдениетін, олардың өткені мен бүгінін зерттеу қашан да болмасын өзекті тақырыптардың бірі саналады. Көпәтносты Қазақстан халықтары арасында кавказдық этнос өкілдері көп таралған. Олардың бірі лезгиндер болып, бұл халық Қазақстан аумағына Екінші дүниежүзілік соғыстың кезінде келіп, содан қазіргі кезге дейін бейбіт өмір сүріп келеді. Лезгиндер Қазақстан халықтары арасында өзінің тарихын қалыптастырып, алайда бүгінгі күнде аз ұлттар қатарында саналады. Ғылыми мақаланың мақсаты – Қазақстанда өмір сүріп жатқан аз ұлттар қатарында саналатын лезгиндердің тарихын, мәдениетін және демографиясын зерттеу болып табылады. Мақалада лезгин этносының шығу тарихы мен олардың таралған аймақтары туралы мәліметтер талдауға түскен. Сонымен қатар, олардың саяси, әлеуметтік тағдырына қатысты мәліметтерді көрсету мақаланың басты міндеті болып саналады.

Кілт сөздер: лезгиндер, аз ұлттар, халық, Қазақстан халықтары.

МРНТИ 03.20.00.
УДК 92959 (574)

Апендиев Т.А.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
г.Алматы, Казахстан E-mail: timur.apendiev@mail.ru

ГЕНЕЗИС ЛЕЗГИН И ИСТОРИЯ ИХ РАССЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Исследование истории народов, проживающих в Казахстане, их культуры, прошлого и настоящего считается одной из наиболее актуальных тем. Среди народов полиэтнического Казахстана наиболее распространенными являются представители закавказских этносов. Одними из них являются лезгины, народ, который прибыл в Казахстан во время Второй мировой войны, и с тех пор живет мирной жизнью. Лезгины Казахстана сформировали свою историю, однако на сегодняшний день они относятся к национальным меньшинствам. Цель научной статьи – изучить историю, демографию и культуру лезгин, проживающих в Казахстане и считающихся одним из малочисленных народов. В статье проанализирована история происхождения этноса лезгин и сведения о зонах их распространения. Кроме того, главной задачей статьи является показать сведения, касающиеся их политической и социальной судьбы.

Ключевые слова: лезгины, малочисленные народы, народ, народы Казахстана.

IRSTI 03.20.00.
UDC 92959 (574)

Apendiyev T.A.

Institute of History and Ethnology of Ch.Valikhanov,
Almaty, Kazakhstan E-mail: timur.apendiev@mail.ru

GENESIS OF LEZGIN AND THE HISTORY OF THEIR SETTLEMENT IN KAZAKHSTAN

The study of the history of the nation living in Kazakhstan, their culture, past and present is considered as one of the most relevant topics. Among the nation of multi-ethnic Kazakhstan, the most common are representatives of the Transcaucasia ethnic groups. One of them is the Lezghins. This nation arrived in Kazakhstan during the Second World War, and since that moment has been living here a peaceful life. Lezgins of Kazakhstan have formed their own history, but today they belong to national minorities. The purpose of the scientific article is to study the history, demography and culture of Lezgins living in Kazakhstan that considered as one of the small-numbered peoples. The article analyzes the history of the origin of the ethnic Lezgin and information about the zones where they are distributed. In addition, the main objective of the article is to show the data relating to their political and social destiny.

Keywords: Lezgins, the small-numbered peoples, nation, nation of Kazakhstan.

Кіріспе. Қазақтардың мәдени-этникалық дәстүрлерінен мұра болған рухани саладағы төзімділік қазіргі уақыт пен келешекте азаматтық

өлемді сақтаудың берік негізі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілдері, сондай-ақ 130 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және өзара түсіністікте өмір сүре алатындығының бірден бір мысалы. Қазақстандағы әрбір ұлттың өзінің этноқұрылымдары бар, 22 республикалық және аумақтық ұлттық-мәдени орталықтары құрылған. Қазіргі Қазақстан халықтардың құрамын нақтылау, олардың діні мен тілін, Қазақстан өңірлерінде қоныстануын нақтылау және саралау, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарын анықтаудың қоғам үшін маңызы ерекше.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында айтқан өзінің ұсынысы негізінде Президент 1995 жылы 1 наурызда Жарлыққа қол қойып, бүгінгі Ассамблея құрылды. Оның алдына қойған негізгі мақсаты-елдің бірлігін нығайту еді, түрлі этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастыру болатын. Осыған байланысты облыс орталықтарында түрлі этностық мәдени орталықтар құрылды. Бұл тәжірибе бүгінде өз тиімділігін көрсетіп отырғанына куәміз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еліміздегі этносаралық қатынастар саласын реттеп, жүйелеп отыратын жүйені қалыптастырды. Сонымен қатар, Ассамблея сол кезеңде демократиялық жаңаруларды бастан кешіп жатқан Қазақстандағы азаматтық қоғамның алғашқы қарлығашы болғаны даусыз. Расымен, мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық орнамай, экономикалық салада жетістік болмайтыны ақиқат. Сондықтан, Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр.

Осы тұста Қазақстан халықтарының құрамына тоқталып өтейік, саны жағынан көп басқа ұлт өкілдері: орыстар, украиндар, өзбектер, немістер, татарлар, ұйғырлар, белорустар, корейлер, әзірбайжандар, түріктер және басқалар болып табылады. Ал саны саны жағынан аз ұлт өкілдері: чехтар, абазиндер, абхаздар, монғолдар, нанайлар, үнділер мен пәкістандықтар, нганасандар, негидальдар, ненецтер, нивхилер, ноғайлар және басқалар саналады. Дәл осындай аз ұлттардың бірі лезгиндер болып табылады (Egamberdiev, Kartaeva: 2015).

Тарихнамасы. Қазақстандағы ұлттар мен этностардың тарихын ғалым Ф.Н. Базанова (Bazanova: 1987) зерттеуінде айқындауға тырысты. Өзге ұлт өкілдерін күштеп қоныстандыру саясатының себептері нақты сараланбаса да, Қазақстан халқының этникалық құрылымының қалыптасуының тарихи, өсім үрдісі жайында толымды мағлұматтар бере білген. Кеңестер Одағында күштеп жер аударылған ұлттар мен этностардың саяси тарихын ең алғаш болып көтерген ресей ғалымдары Н.Ф. Бугай, (Bugay: 1990), В.Н. Земсков, (Zemskov: 2003), А.М. Некрич (Nekrich: 1993) ғылыми зерттеулерінде қоныстандыру саясатының ішкі астарын құжаттық негізде айқындады. Республика аумағына күштеп қоныс аударылған аз ұлттардың өткен тарихының көлемкелі тұстарын ашуға байланысты 1990-жылдары бірқатар еңбектер жарық көрді.

Әртүрлі ұлттар мен этностардың, соның ішінде лезгиндердің Кеңестер Одағының шекара маңынан ішкі аймаққа қарай көшіру себептерін тарихшы ғалым Қ.С. Алдажұманов «Күштеп көшіру: жымсық саясат, басқыншылық әрекет», «Депортация народов – преступление тоталитарного режима» зерттеулерінде айқын түрде көрсете отырып, олардың Қазақстан экономикасына қосқан үлесін саралауға тырысса (Aldazhumanov: 1996), ал тарихшы Т.О. Омарбеков «XX – ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» еңбегінде халықтарды күштеп жер аударудың демографияға тигізген әсері, соның ішінде, корей халқының осы тарихи үрдіс барысында

басынан кешкен қасіретін зерделеп көрсеткен (Омарбеков Т: 1997).

Методология. Тарих ғылымында қалыптасқан мәселені, болған оқиғаны зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және ғылыми зерттеулер арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, модельдеу мен типтендіру сияқты жалпы ғылыми, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайларды баяндауда естеліктер, баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттары және ғылыми зерттеу материалдарын салыстыра зерттеу әдісі кең қолданылды. Аз ұлттар мен этностарға қатысты қалыптасқан ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарға, сонымен қатар қоғамтанушы ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастарға сүйенілді. Сондай-ақ, зерттеу барысында кеңестік қуғын-сүргін саясаты тәуелсіздік тұрғысынан талданып, бүгінгі Қазақстанды мекендеуші ұлттардың жарасымдық пен бірлік тұрғысында өмір сүріп отырғандығы баяндалады. Тарихи құндылықтар мен жалпы адамзаттық қоғамдық қатынастар негізінде, қоныс аударған аз ұлттардың Қазақстанға келу себептері мен орналасып, елге үйренісіп кету кезеңдеріне, еңбекке араласу негіздеріне құрылған.

Негізгі бөлім. Лезгин халқының өзіндік тарихына кіріспес бұрын олардың Қазақстанда пайда болуы мен дамуы және қазіргі жағдайына тоқталатын болсақ, оның да өз алдына бір шағын тарихы бар. Тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстанда саны аз ұлттардың тарихына, демографиясына, мәдениеті мен шаруашылығына деген ғылыми қызығушылықтар артып, ол көпэтносты еліміздің халықтарының дамуын рет-ретімен зерттеуге мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 80-жылдардың ортасына дейін әртүрлі ұлттардың Қазақстан аумағына жер аударылуы мен оларды қоныстандыру мәселесі мүлдем жабық тақырып болды десек те болады. Себебі, кеңестік жүйе республикада еш қысымсыз, тату-тәтті, бірлікте, ынтымақта өмір сүріп жатқандығын дүние жүзіне көрсетуге тырысты. Сондықтан ұлт мәселесіне қатысты барлық мәселелер күпия әрі қатаң түрде қадағаланып отырды.

КСРО-да кейбір ұлттардың өкілдерін жер аудару саясаты соғысқа дейін жүргізіле бастаған. Мысалы, депортациялауды бастаған кеңес билігі отызыншы жылдардың өзінде-ақ Қазақстанға КСРО-ның басқа өлкелерінен «тап жаулары» деп кулактар, дін өкілдері, ақсүйектер, патша үкіметі өкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер – барлығы 360 мыңдай адамды жер аударды. Тарихшы-ғалым Қ. Алдажұмановтың көрсетуінше, Ресей, Украина және Белоруссияның орталық аудандарынан ұжымдастыру кезінде тәркіленген ауқатты шаруалар көшірілген. Мәселен, Қазақстанда тақап қалған ашаршылық нәубетінің барлық белгілері байқала бастаған 1931 жылдың мамыр-маусым айларында тек Қарағанды мен Семей облыстарының сегіз ауданына ғана Ресейден көшірілген 150 мыңнан астам адам орналастырылған (Алдажұманов, 1997: 33).

Қоныс аударылған ұлттардың құрамы әр түрлі болды. Осындай саясаттың нәтижесінде КСРО үкіметі 30-жылдардағы ашаршылық кезінде халқы сиреп қалған Қазақстан сияқты жерлерде өнеркәсіп құрылысын өркендету, оның табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейтуге тырысты. Норильск, Магадан, Колыма, Батыс және Шығыс Сібір, Қиыр Шығыс, Солтүстік Орал сияқты нашар игерілген өлкелердің де табиғи байлықтарын ашып, өндіріске қосу жұмыстары, жаңа кәсіпорындар мен қалалар салу қызу қарқында жүргізілді. Жер аударылғандарды ең ауыр жұмыстарға салды. 1930-жылдардың соңына қарай

Қазақстанға қуғынға ұшыраған ұлттарды жаппай зорлап жер аудару кең өріс алды. Қазақстанға күшпен жер аударылған халықтардың бірі лезгиндер болды. Лезгиндер шешен, ингуш, сияқты Кавказ халықтарымен бірге күштеп жер аударылып, өз тағдырын басқа жерде жалғастырды.

Қазақстанға өткен ғасырдың 30-40 жылдары қоныстанған лезгиндер жоғарыда аталған өзге де Кавказ халықтарымен бірге орналастырылып, олар негізінен дағыстандықтарға жақын болды. Орналасқан аймақтары Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Атырау облыстары болып және Қазақстанның өзге де өңірлеріне қоныстанды. Олар жергілікті қазақтармен және өзге де халықтармен, тығыз араласып, еңбек етті. Олар дағыстандықтармен бірлесіп, өз қаражатына Алматы облысындағы Томаровский атындағы темекі совхозының негізін қалады. Ұлттық салт-дәстүр өзге ұлттардың мәдениетімен байланыстылығымен бағаланып, республиканың қоғамдық және мәдени өмірімен терең ұштасып жатады (Son En, 2010).

Лезгин ұлтынан шыққан Қазақстан азаматтары Республикамызда қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет атқарып денсаулық сақтау, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын дамытуда үлкен үлес қосып жүр. Қазақ жерін мекендеген лезгиндер тұрмыстың барлық саласында – халық шаруашылығы, басқарушы және орындаушы органдарда қызмет етіп келеді, мектепке барады, жоғары оқу орындарында оқып жатыр, әскери борышын өтейді, ауруларды емдейді, үйлер тұрғызады, білім береді және әрине, республиканың азаматы мен азаматшалары ретінде барлық құқықтары қорғалып, заңмен жүреді. Дағыстандықтар – Алматы қаласындағы Киров атындағы зауыттың, Алматы облысы Панфилов атындағы ауылдағы темекі шаруашылығымен айналысатын совхоздың негізін қалағандар. Олар Маңғыстау облысындағы мұнай өндеп, шығарудың бастауында тұрды.

Олар, негізінен, дағыстандықтармен бірге және басқа да кавказ ұлт өкілдерімен бірлесіп, ұлттық-мәдени орталықтардың мүшелері болып келеді. Осындай ұлттық-мәдени орталықтардың негізгі мақсаты республикада өмір сүріп отырған ұлттардың мәдениетін, салт-дәстүрін жандандырып, тілді дамыту, ҚР-ның саяси-экономикалық өміріне белсене араласу, ұлтаралық қатынастарды жетілдіру, республикада тұратын әртүрлі ұлттардың өзара байланысын нығайту болып табылады. Әрбір ұлттық-мәдени орталықтар жанында ана тілін, салт-дәстүрін үйрететін, ұлттық музыка мен өнерге баулитын балаларға арналған жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Сонымен қатар, қарттар үйіне, балалар үйіне, науқас адамдарға, көпбалалы отбасыларына арнап қайырымдылық іс-шараларын өткізіп отырады (Son En, 2010:117).

Қазақстандағы лезгиндер дағыстандықтардың мәдени орталығының құрамында. Себебі, бұл халықтардың тілі мен мәдениеті және салт-дәстүрі өте жақын. Қазақстандағы бірінші Дағыстан мәдени орталығы 1996 жылы Алматы қаласында ашылды. Алматыда дағыстан халқына жататын 13 этнос тұрады. Олар: лезгиндер, аварлар, кумыктар тағы басқалар. Осы этностардың әр қайсысы өзінің дәстүрлері мен тілдеріне бай. Лезгиндер Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары және Алматы қаласында өмір сүріп, олар жергілікті халықпен аралас-күралас өмір сүрген және бұл этнос өкілдері аталған аймақтарда қазіргі кезге дейін өмір сүріп келеді. Қазақстан Республикасында ұлтаралық татулық пен келісім саясатын іс жүзіне асыруда кіші Ассамблеялар зор үлесін қосып келеді. Олар мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы көпірге айналды. Осы кіші Ассамблеялар осынау өзгеріске толы заманда еліміздегі этникалық топтардың мәдени құндылықтарын сақтап

калудың негізгі факторына айналды. Қазіргі кездегі кіші Ассамблеялардың негізгі міндеті этносаралық қатынастар ахуалына болжам жасау және осы саладағы кез келген келеңсіздіктердің алдын алу шараларын (Sultanyarova, 2014: 154).

Тағы бір айта кетерлігі-дағыстандықтар мен лезгиндер Қазақстанға ХІХ ғасырдың соңынан бастап келе бастаған. Олардың көпшілігі қазіргі Маңғыстау, Алматы, Атырау және Қарағанды облыстарында тұрды. Мұнда лезгиндер мен дағыстандықтардан бөлек халқының келесідей өкілдері кездеседі: аварлар, лактар, дарғындар, құмықтар, ноғайлар, агулдер, цахурлар, рутулдар, табасарандар, таттар, құбашындар, андилар, чамалин, годобериндер.

Келесі кезекте, лезгиндердің қандай тайпа екені, олардың шығу тегі қайдан болғаны және жалпы этникалық тарихы ғылымда маңызды сұрақтардың бірі ретінде саналады. Әрбір халық пен оның атауының шығу тегі болғанындай, лезгиндердің де өзіндік шығу тарихы мен халық атауының этимологиялық дамуы бар.

«Лезги» этнонимі ерте орта ғасырлық және антикалық дәуірлерде пайда болған «лекзи/лакзи» және «лек/лег» атауларының кейінгі түрі екенін зерттеушілер бір ауыздан мойындайды. Сонымен қатар, ғалымдар «ер адам» деп Кавказ сөзін «лег» деп есептейді. Бір қызығы, лезгиндердің ерте орта ғасырлық патшалығы «Лакз» деген атау араб сөздерінен алған деген болжам да бар. Бұрын «леки» («лезги») терминімен барлық дерлік таулы дағестандық халықтарды атап, мұндай қорытындылардың бастапқы жағы ежелгі Парсы елі (Иран) болып табылатыны күмән келтірмейді, себебі парсы әскерлері Дағыстанға экспансия кезінде бірінші кезекте лезгиндермен бетпе-бет келген.

«Лек-лег» этнонимінің этимологиясына келсек, бұл атаудың «лекъ» қыранның лезгиндік атауына байланыстырылуы мүмкін. Орланың лезгин мен Кавказдың басқа да таулы халықтарының көріністерінде адам жанының көрінісі болып табылады. Бұл феномен –Алдыңғы Азия мен Кавказ тауларында таралған ежелгі жерлеу ғұрыптарының дәстүрлері. «Лезги» атымен белгілі Дағыстанның басқа халықтары әр уақытта өздерін әртүрлі атаулармен атады.

Бір жағынан қарағанда, «Леки» немесе леги» терминдері «таулық» ұғымын білдіреді. Бірақ, «леки» немесе «леги» терминдері лезгин және лезгиндық халықтар тобын белгілеуде де үлкен өзгерістер орын алған. «Леки» - бұл, әрине, қазіргі уақытта Кавказ аумағында өмір сүретін қазіргі лезгиндер. «Леги» этнонимі Кавказдық Албанияның халықтары болып, олардың тарихы туралы ежелгі тарихшылар Страбон, Плутарх және т.б. антикалық ғалымдар сипаттаған «леги» атауынан пайда болған.

«Леки» терминін түсіндіру алғашқыда қиын болған. Мүмкін, бұл антикалықтан шыққан термин. Гректер мен римдіктер, негізінен Оңтүстік Дағыстанның таулы халықтарымен ұштасқан, олардың этнонимдерін нақтыламай, оларды «лек» – горцами деп атаған. Содан кейін парсылардың, арабтардың, моңғолдардың бірнеше рет басып кіруі кезеңінде, Шығыс авторларының көптеген шығармаларында «леки» термині «лезгиге», «лакзаға» айналады. Әрине, бұл этимология көне авторлардың «леки», «леги» этнонимдерінен шығады. Арабтар жаулап алу кезеңінде бұл атау «лезги» және «лязги» деп аталады. «Лезгин» сөзінің мағынасын түсіндірудің тағы бір әрекеті бар. Лезгин сөзінің шығуы туралы зерттеуші Д. Бутаев көптеген пікір айтады. Ол лактар деп аталып жүрген халықтар лезгиндер деп көрсетеді (Butaev, 1960).

Бұл мәселеде зерттеушілер Д. Бутаевты қайталай отырып, лактардың өздері «лак» немесе «лаккучу» деп атайды. Лактарға қатысты ғылыми

дереккөздердің көпшілігі оларды Оңтүстік Дағыстанның тұрғындары деп көрсетеді. Е.И. Козубский «лезгин» деген сөздің мынадай түсінігін береді: бір дерек бойынша, ол түрік тілінде «тау тұрғыны» деп оқылады, екіншісі – «қарақшылық» дегенді білдіреді (қандай тілде белгісіз); үшіншісі – «леги» деген бұрмаланған гүржі сөзі және «таулық» дегенді білдіреді; Дербент мұсылман ғалымдары «лезгин» атауын арабтар таратқанын және «ля-заги» деген мағынаны білдіретінін жазған.

Кавказдық Албанияның этникалық құрамын талдай отырып, профессор А.Агаев классикалық «гели» және «леги» – бұл қазіргі лактар мен лезгиндер деген тұжырым жасайды. 1940 жылы алғаш рет айтылған бұл ой 1966 жылы қайталанып, «леги» – лактар мен лезгиндерді атап өтеді. И. Лавров «леги» – бұл кеш лезгиндер бар деген ойға бейім болды (Lavrov, 1982).

Лезгин туралы ежелгі хабарды ежелгі авторлардан табуға болады, олар Шығыс Кавказда өмір сүрген «леги» халқында айтылады. А. Агаев көне, ортағасырлық араб, армян, әдебиеттері мен Иран деректерінде «лег» этнонимінің көп уақыт бойы қайталанғанын айтады. Ежелгі дәуірден бастап орта ғасырдың соңына дейін хронологиялық тәртіппен алынған барлық осы кездер лезгиннің Кавказдық Албания кезеңінен ең кейінгі кезеңге дейінгі тірі этникалық тарихын көруге мүмкіндік береді (Agaev, 1991). Осылайша, Кавказдық Албанияның 9 тайпасынан (Албания, гелы, леги, утии, гаргары, чилбы, аружан егембердиева және кристина красикова, цеды, каспиане) 6 тайпа болып қазіргі лезгино-тілді халықтар табылды. Албания халқының Кавказдық Албанияның аумағында қоныстануы, антикалық деректер бойынша жоғарыда келтірілген халықтар Кавказдық Албанияның барлық аумағын дерлік алып жатты, сондықтан Кавказдық Албанияны негізінен лезгин тілді халықтардың мемлекеті болды деп айтуға болады.

Лезгиндердің де халық болып, ұлт болып қалыптасуының өзіне тән ауқымды тарихы бар. Бұлар негізінен Кавказ халықтарының қатарында саналады. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында Шығыс Кавказда нах-дағыстандық отбасының әр түрлі тілдерінде сөйлейтін 26 тайпаны біріктірген албандық тайпалық одақ қалыптасты. Қазіргі лезгиндер өздерін лезги (жк. т.), лезгияр (кп.т.) деп атайды. Жазбаша дереккөздерде «лезгин» термині XII ғасырдан бері белгілі, бірақ бұл атаудан бұрын жеке дағыстандық халықтар үшін өз атауы болған жоқ, ол «дағыстандық төбешіктерге мүлдем жат» болды. Парсы тарихшысы Рашид ад-дин, XIII ғасырда алғаш рет «Лезгистан терминін» жалпы дағестандық мәнде қолданды. Осы терминді Шығыс жазушылары да Дағыстан деп атады. Қазіргі халыққа қолданылатын «лезгиндер» термині дағыстандықтар мен ең алдымен өздері лезгиндіктерге қатысты әзірбайжандықтардың экзо-этникалық дәстүрлерін пайдалана отырып, XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басынан бастап қолданыла бастады. 1920 жылдан кейін «лезгиндер» этнонимі Дағыстанның тау халықтарының біріне айналды.

Қазіргі заманғы лезгиндердің түп-тамыры ата-бабалары Кавказдың шығысында, Кавказдық Албания¹ мемлекетінде тұратын көптеген тайпалар болды, Тіл және мәдениет бойынша бір-біріне жақын грузин және армян халықтарымен, христиандықтың ізбасарларымен бірге болған. Олардың өз аудармалары болды, сөйкесінше, өз жазбалары бүгінгі зерттеушілер-кавказданушылардың ерекше қызығушылығының мәні. Кавказ Албаниясы жиі басқыншылық шабуылына қарамастан өз тұтастығын сақтай алды (Abduragimov, 1995).

¹Кавказдық Албания – ежелгі дәуірде Кавказда болған мемлекет.

Лезгин халқы Кавказ бен Солтүстік Кавказдың саяси құрылысында, оның экономикалық, рухани және мәдени дамуында үлкен рөл атқарған ежелгі халықтардың бірі болып табылады. Қазіргі заманғы лезгиндердің ата-бабалары Кавказдың шығысында, Кавказ Албаниясы (Балқандағы Албания емес) мемлекетінде тұратын халықтар болды. Б. з. б. V-IV ғасырларда мұнда, сондай-ақ қазіргі Дағыстанның едәуір бөлігінде Кавказ Албаниясы пайда болды. Албания мемлекеті өз тарихында римдіктер мен парсылардың түрлі басқыншылық шабуылдарына бірнеше рет ұшыраған. Біздің дәуірімізде Кавказ Албания жаулаушылардың барлық әрекеттеріне қарамастан, өз тұтастығын сақтай алды. VII ғ. арабтар Кавказ Албаниясын жаулап алу кезінде, Ислам дінін лезгин тілді халықтардың арасында тарата бастады.

Лезгиннің пайда болуының сан ғасырға жуық тарихы Кавказдың ежелгі қоныстанушыларымен, дамыған Құрық-арак мәдениетінің (б.з. д. IV мың соңы) пайда болуымен байланысты. Лезгин мен лезгин тілді халықтардың тікелей ата-бабалары біздің дәуірімізге дейін бірнеше ғасыр бұрын Кавказдық Албанияны Шығыс Кавказ аумағында мемлекет құрған Албания тайпалары болып табылады. Дағыстанның аумағында табылған тас дәуірінің ежелгі ескерткіштері ашел дәуіріне жатады (ежелгі лег тайпалары, және т. б.). Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың соңында Дағыстанның аумағына Кавказдық Албания, содан кейін сасанидтердің мемлекеттері кірді.

Албания елін арабтар жаулап алғаннан кейін бірнеше әкімшілік бірліктерге бөлді, оның ішінде Лакс патшалығы да болды. XIII-XIV ғғ. хазар, қыпшақтар мен моңғолдардың лезгиндерге жорықтары байқалды. XIV-XVIII ғғ. кезеңінде татар-моңғол шапқыншылығынан кейін Кавказ түріктерін, парсылар бірнеше рет басып алды. Осылайша, лезгин халықтарының ұлт-азаттық күресінің көтерілуінің нәтижесінде ұлы қолбасшы Хажидәуд Мушкур бастаған Иран экспансиясы тоқтады және Иран билеушісі Надир-шах бастаған парсы басқыншылары талқандалды. XVIII ғ. ортасында лезгин тілді халықтардың қоныстану аумағында дербес хандықтар, еркін қоғамдар пайда бола бастады. Сонымен, лезгиндердің ерте Дағыстанның оңтүстік-шығысында және Әзірбайжанның солтүстік бөлігінде өмір сүргені дәлелденген (Marshaev, 1964).

Бұлар өздерінің жазуымен, рухани және материалдық мәдениетімен, өзінің экономикасымен ерекшеленді. Ежелгі грек және Рим тарихшылары Кавказ Албаниясының отыздан астам қаласы мен басқа қоныстарын атады. Ежелгі авторлар албандарды сұлу, биік бойлы, ашық шашты және сұр көзді деп атап өткен. Бұл мақтаншақ және еркіндікті сүйгіш халық еді. Көптеген тарихи кітаптар біздің ата-бабаларымыздың бөтен басқыншылармен күресте өшпес ерлігін көрсетеді.

III ғасырда Кавказ Албаниясына Иран шабуыл жасады. Оны басқа жаулап алушы елдер сияқты, осы мемлекеттің орналасуы қызықтырды. Оның аумағы солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты қосатын көпір болды. Сол кезде Дербент бекінісі салынды. Албанияға хазарлар мен арабтар шабуыл жасады. Солтүстік-шығыс даланың көшпелілері даланы жаулап алды. Көптеген соғыстар Кавказ Албаниясын әлсіретті. Көптеген ежелгі мемлекеттер сияқты уақыт өте келе ол б.з. д. I ғ. бастап б. з. X ғ. дейін өмір сүрген, бізге, ұрпақтарға тарихтағы өзі туралы естелікті қалдырып, ыдырап кеткен еді. XIII ғ. татар-моңғолдар Кавказға үлкен күшпен келді. Олар да Дағыстанды бағындыра алмады. Саяхатшы Гильом де Рубрук былай деп жазды: «теңіз бен таулар арасында татарлармен бағындырылмайтын лезги, горцы атымен сарациндер өмір сүреді». XVII ғасырда лезгиндер аварлармен, даргинцтармен, лактармен

және басқа халықтармен бірге Иран және Түрік иелігіне қарсы қатал күрес жүргізді. Бұл күресті Шабран, Шемаху қаласының ирандықтардан босатып, Ширванның билеушісі болған Қажид-Давуд басқарды.

VII ғ. Кавказ Албаниясын арабтардың жаулап алуы және исламның лезгин тілді халықтарының арасында таралуы жатады. Лезгин халқының қалыптасуы мен даму процесі уақыт өте осылайша жалғасын таба береді.

XIII-XIV ғасырларда лезгин тәуелсіз ауылдық қауымдардың шағын бірлестіктері пайда болады. XVIII ғ. осы қауымдардың бір бөлігі Кубань және Дербент хандықтарының құрамына кірді, екінші бөлігі осы жүзжылдықтың соңында дербес Кюрин хандығын құрды. XIX ғ. басында барлық осы аумақтар кейіннен Баку губерниясының Кубалық уезін, Дағыстан облысының Кюрин және Самур округін құрумен Ресей құрамына бірте-бірте кірді.

Лезгин тілі негізінен Дағыстан республикасының оңтүстік аудандарында және Әзірбайжан республикасының солтүстік аудандарында таралған. Дағыстан лезгиндері Сулейман-Стальск (бұрынғы Касумкент), Курах, Магарамкент, Ахтын аудандарында және ішінара Хивск, Рутуль, Дербент, Хасавюрт аудандарында тұрады. Әзірбайжанда олар аралас Күсүр ауданында және Бөлек – Кубалық, Хачмас, Исмаилиндік, Құтқашен, Варташен, Нуха және басқа да аудандарда тұрады. Лезгин тілі Иберия-Кавказ тілдік отбасына жатады. Қазіргі заманғы лезгиндегі жазу XIX ғасырдың ортасынан бастап, бастапқыда араб графикасы негізінде, содан кейін XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап – латын тілі негізінде, ол өз кезегінде 1938 жылдан бастап кирилл графигіне ауыстырылды.

Ресей Федерациясында лезгин тілінде 2002 жылғы санақ мәліметтері бойынша 397 310 адам сөйледі. 1999 жылы Әзірбайжанда санақ мәліметтері бойынша 178 000 лезгин өмір сүрді. Лезгин тілі диалектілердің 3 тобына бөлінеді:

^{3/4} Кюриндік;

^{3/4} Самурлық;

^{3/4} Кубалық.

Сондай-ақ, жеке диалект бар:

^{3/4} Құрыш;

^{3/4} Гилияр;

^{3/4} Фиялық;

^{3/4} Гелхенский және басқалар

Шын мәнінде ерте кезден лезгин тілдері – бұл тарихи жалпы албандық тіл бірлестігі, ал біздің дәуірге дейінгі бірінші мыңжылдықтың соңында Кавказдық Албанияның тілдері. Ежелгі және орта ғасырлық кезеңдерінде лезгин тілі «гаргар», «арран», «легс», «гель» тіл атауларымен белгілі. Албания (Алпан) көп тілді мемлекет болды. Албанияның топонимикасы мен этнографиялық зерттеулері ежелгі авторлармен сипатталған легтер Албанияның барлық аумағын алып жатты. Әзірбайжанда әлі күнге дейін Албания, Алпанар, Арран, Ран (Албания атаулары, арабтар мәліметтері), Лезги-Легер, Лек, Лекит, Лаза сияқты ежелгі орындар бар. Қусар-шай, Гильгиль-шай, Кура сияқты өзендердің атаулары лезгин тілінің негізінде түсіндіріледі (Talibov, 1980).

Лезгин халқы өзінің бай мәдениетімен ерекшеленген халық болды. Оның ішінде қолөнер, киім тігу, өнер, би билеу және басқа да салалар болды. Лезгин халқы адамның қолынан шыққан нәрсе оның жанының бір бөлігін сақтайды деп түсінеді. Халықтың қолмен жасаған өнер туындысы туралы көп әңгімелейді. Олар үшін қолөнер, негізінен, халықтың тарихы мен оның

коршаған әлем туралы түсінігінен туындайды деген ұғым қалыптасқан. Бұл қолөнер деп аталып, лезгиндер қолынан шыққан киімдер қандай да бір жылулық сыйлайды деп түсінеді. Лезгин қолөнершілерінің арасында нақыштаушылар балғамен ою соғады, тігіншілер киім тігеді, кілем тоқиды, суретшілер құмыраға сурет салады. Лезгиндерде басқа да кез келген халық сияқты, дәстүрдің үлкен тарихы қалыптасқан бар. Қолөнер-бұл ұстаздан оқушыға берілетін дәстүрлі еңбек, өнердің түрі болып табылады.

Лезгиндерде кілем тоқу жақсы дамыған. Лезгин кілемдері әдемілігімен, жарықтығымен, өзіндік ою-өрнекпен, жоғары сапасымен ерекшеленді. Арнайы мектептер жоқ болса да, кілем тоқуды барлық лезгин қыздары білді. Қыздары анасынан үйренді. Бес жастан бастап қыз анасының нұсқауы бойынша торап жасай білді. Ал сегіз жастан бері бөгде адамдардың көмегісіз жұмыс істеді. Жылдар өте келе ол өзінің қалың малына төрт-бес кілем дайындайды. Кілемдер негізінен қой иірім жібінен жасалынды. Олар иірім жіпті маренамен, жаңғақ қабығымен, түрлі тау шөптерімен бояды. Бірінші күні, кілем тоқуды бастағанда, иесі екі-үш тәжірибелі шеберлерді, туыскандарын, көршілерін шақырды. Үй иесі шақырылған адамдарға тіскебасар дайындайды, ал шақырылғандар сыйлықтар әкеледі. Жалпы, мерекелер ұйымдастырылды. Ал, станоктан дайын кілемді түсіргенде, оған бірінші болып кішкентай баланы отырғызған: кілем түскен отбасында бірінші болып ұл бала дүниеге келеді деп есептелді. Лезгин шеберханаларының бұйымдары Париж, Лондон, Нью-Йорк, Берлиндегі дүниежүзілік көрмелерге бірнеше рет қойылды.

Лезгиндерде қолданбалы өнердің тамаша бір үлгісі тас пен ағашқа кашалған ою болды. Сол оюлармен үйлердің қабырғалары мен арқаларын, тіреуіш бағаналары мен мешіттердің қабырғаларын, үй жабдықтарын безендірді. Ағаштан кесілген сандықшалар, түтіктер, таяқтар, шөміштер, қасықтар мен құмыралар беріктігімен, әрлеудің көркемділігімен таң қалдырады. Ерте заманнан лезгиндер құмыра өнерімен айналысқан. Бұл қазба кезінде қыштан жасалған тамақтар табылған, құмыралар біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдыққа жатады (Gadzhiev, Rizahanova 2002).

Лезгиннің ең көне қолөнерінің бірі – ұсталық өнер. Адамдар оттың оларға құдайлықты және отпен ақылды сөйлеуді және металл өңдеу ісін жоғарыдан келген үлкен рухани күш деп есептеген. Әрбір лезгин ауылында шаруашылыққа қажетті барлық бұйымдарды (пышақтар, ошақ пен қантқа арналған қысқыштар) және еңбек құралдарын (балталар, серпіндер, кетпендер), қанжарлар мен қылыштар, сондай-ақ зергерлік әшекейлер дайындаған ұсталары болды. Лезгиндік әбзелдер, қылыштар, пышақтар тамаша өңдеулігімен ерекшеленді. Сақина, білезік, сырға, белдік, аспалары тамаша жасалуымен ерекшеленген.

Лезгин қолөнерінде жоғары деңгейдегі туындылардың қатарында қару-жарақ жасау орын алған. Қару үлгілері мен түрлерін жасауда жауынгерлік қасиеттер негізге алынады. Негізгі қарулар мылтық, қанжар, қылыш болды.

Лезгин халқының мәдени дәстүрлерінің бірі киім тігу болды. Лезгиндерде үш жасқа дейінгі балаларға тұмарлар, моншақтар таққан. Олардың сенімінше олар сиқырлы күшке ие болды және ауру мен көзден сақтаған. Күртешеге хириганның кеудешесі киілді. Кейде артқы жағында мурқан цуык гүлі болған. Ол 12 түрлі-түсті жапырақтардан тұрды. Бұл гүл жыл бойы баланы кез-келген жамандықтан қорғайды деп есептелді. Ұлттық киімдері Дағыстанның басқа халықтарының киімдерімен ұқсас болды: ерлер – көйлек, кең шалбарлар, бешмет, шеркес шапаны, бөрік, суық ауа райында – мұнара және қой терісі тоны; әйел – көйлек, түрлі-түсті кең шалбарлар, бешмет, бас орамалдары

болған. Аяқтарына ерлер мен әйелдер түрлі-түсті ою-өрнегі бар жүн шұлықтарын және жүні бар шикі аяқ киімдерді киген. Дәстүрлі ұлттық киімдер пайдаланудан шықты. Әйелдер киімі ұзын жейделерден тұрды, тік жағалы және ұзын жеңді болған. Көйлектің астынан кең жамбасты және төменгі жағы тар шалбар киген. Қазіргі заманғы «сұлтанша» сияқты киінген. Балақтың төменгі бөлігі әдетте көйлектің астынан көрінген және әйелдер оны өрнектелген тігіспен, жарқын түсті жолақпен безендіруді жақсы көрген (Gadzhieva, 2011).

XIX ғасырдың аяғында лезгиндер киімдерінің сыртынан киетін камзол киімдері пайда болды. Қарт әйелдер қара түсті камзол киді, ал жас қыздар: қызыл, жасыл, сары түстілерін киген. Әйелдің шашы шашқа арналған қапшығы бар орамалмен жабылған. Орамалдар жүн, жібек, жүп орамалдар болған. Үйленген және жасы егде әйелдер орамалдарды бет пен аузының бір бөлігін жабатындай киген. Бұл сол уақыттағы мораль тұрғысынан болды. Және көйлектер жеңіл болмады. Әрбір әйел өзі тікті және бәрін өз қолдарымен жасай алған. Лезгин әйелдері көптеген күміс әшекейлер сақина, сырға, білезік киген, ал күміс тиындармен өз киімдерін безендіруді жақсы көрген. Олардың дыбысы жамандықты үркітіп, жақсылықты тартады деп санады. Әйелдердің сұлулығы басқа белгілермен бірге (кескінді, қара көздер мен қастар) шашпен анықталды. Екі бұрышқа өрілген қалың ұзын шаш мінсіз деп саналды. Егер қыз бір қиғаш өріммен жүрсе, ол жалғыз қалады деп ойлады. Әсіресе, әкесі мен ағасы бар әйелдерге осындай шаш үлгісі тыйым салынды.

Лезгиндер әнді де, биді де жақсы шығарған. Ән фольклорында орталық орын би сипатындағы лирикалық әндер болды; аспаптық музыка өзі мелизматикаға толы. Сондай-ақ, халық өнері Кавказ халықтарының арасында таралған танымал «лезгинка» биімен ұсынылған. Зарб мақам ерлер биі, сондай-ақ Ахты-шай, Перизат Ханум, Усейнел, Бахтавар биі бар. Алғашқы лезгин театры 1906 жылы пайда болды.

Лезгиндер өз кезегінде әлемге биші халық ретінде танылды. Олардың бірі Лезгинка биі болып, оның тарихы Кавказ халықтарына ғана тән болған. Бұл жас жігіттер арасындағы ерекше жарыс – жылдамдық, темперамент, жігіттен үлкен күш пен ептілікті, ал қыздан шыққан нәзіктікті талап ететін. Атақты лезгинка биі-ежелгі тілдік нанымдар мен салт-дәстүрлердің отголосы сияқты, олардың негізгі элементтерінің бірі қыран бейнесі болып табылады. Бұл бейнені биші дәл көрсетеді, әсіресе ол шұлыққа көтеріліп, қол-қанаттарын тарылтып, шарпыған сияқты шеңберді тегіс сипаттайды. Ежелгі лезгин музыкасы мен би мәдениеті барлық Кавказдағы мәдениеттің қалыптасуына үлкен әсер етті. Өнер – бұл қарым-қатынастың өзіндік тілі (Gadzhieva, 2011:56-58).

Осы мағынада би-ең әмбебап және қолжетімді. Оның үстіне, бұл лезгинка биі – Дагестан сияқты елдің барлық халықтарының биі. Лезгинка биі қолданбалы өнер – ұлттық киімдер мен әшекейлер; аңыздар мен салт-дәстүрлер, би суреті, қозғалыс формалары, ондағы мінез-құлықтың ерекше заңдары мен пропорциялары болды; халық музыкасы – Кавказ халық әуендерінің байлығы, музыкалық аспаптар, көпғасырлық ойынның нәтижесінде пайда болып, ол театр-би, белгілі бір оқиғамен, адамдармен ұштасқан жалпы әрекеттің бірі саналды.

Лезгин биінің әуені де, қимылы да ерекше. Ерте кездері Кавказ жері арқылы Еуропа мен шығыс елдерінің арасын байланыстыратын сауда байланысы жүрген. Бұл аймаққа келген еуропалық саудагерлер, саяхатшылар жергілікті халықтың биін көріп қайран қалса керек. Ол кезде олар өздерін

